

ЧУНКЕНОВА СЫМБАТ САБИТОВНА

**Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда
тұлғалық болмысын қалыптастыру**

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшісі
Пед. ғыл.док., проф.
К.Т. Ыбыраимжанов

Шетелдік ғылыми кеңесші
Пед. ғыл. док., проф.
Плахотник О.В.

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ІС- ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДА ТҰЛҒАЛЫҚ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 «Кәсіби іс-әрекетке даярлау», «тұлғалық болмыс» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы	16
1.2 Кәсіби іс-әрекетке даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдіснамалық негіздері	36
1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	51
2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ІС- ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДА ТҰЛҒАЛЫҚ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	61
2.1 Кәсіби іс-әрекетке даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудың диагностикасы	61
2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесі, оның мазмұны	83
2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың тиімділігін тәжірибелік- эксперименттік тексеру нәтижесі	104
ҚОРЫТЫНДЫ	127
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	129
ҚОСЫМШАЛАР	137

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертация жұмысын жазу барысында төмендегідей нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (08.06.2022 жыл, жаңартылған нұсқасы);

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы (01.01.2022 жыл, өзгертілген және толықтырылған нұсқасы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда №29031 болып тіркелді.

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының №133 бұйрығымен бекітілген мұғалімдердің кәсіби еңбекке сәйкестілігін, кәсіби өсу деңгейіне қойылатын талаптар жүйесі ретінде педагогтың кәсіби стандарты, 08 маусым 2017 ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы.

Қазақстан Республикасының жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаға сәйкес терминдер қолданылды.

Аргументация – (грек. «argumentatio» - дәлел келтіру) – дәйектеме, дәлелдеме. Жиынтық дәлелі немесе ұсынылған жағдайға дәлел келтіру.

Әдіс – (грек. «metohodos» - танып білудің немесе зерттеудің жолы, теория, ілім) – танып білу жолы; іс-әрекеттің, істің тәсілі, шындықты меңгерудің практикалық жәнетеориялық тәсілдері мен операцияларың жиынтығы.

Білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, міндетті негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

Гуманистік педагогика – тәрбиелеушіні өз мүмкіндігінде дамытатын, оқу-тәрбие процесінің белсенді, тең қатысушы рөлінде бекітетін, ғылыми теориялардың жемісі.

Ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негізде мақсатында ғылыми ізденіс, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс.

Даярлық – тұлғаның бір нәрсе істеуге келісім беруі және өз үлесін қосуға мүдделі екендігін білдіретін термин, белгілі бір мәселеде көмектесуге оның толық дайын екендігінің белгісі, бір нәрсені істеуге дайын болу немесе толықтай дайын болу.

Жеке тұлғалық – психиканың қыры мен қасиеттерінің ерекшеліктері, даму, өзіндік жетілу, өзін-өзі тану тұлғасы ретінде қалыптасуы.

Имидж (ағыл. «imag» - образ, сәулелену) – дегенді білдіреді. Оқу орнының имиджі дегеніміз – бұл оның іс-әрекетінің ішкі мазмұнын, міндеттерін және ерекшелігін сыртқы образ арқылы безендірілуі. Мұғалім имиджі – оқушылардың, әріптестердің, әлеуметтік орта, көпшілік санасында қабылданған мұғалімнің бейнесі.

Кәсіби дайындық – белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру. Кәсіби дайындық кәсіби біліктілігінің күрделілігі мен әзірлік деңгейіне қарай жоғары, арнайы, орта немесе төмен білім түрлеріне бөлінеді.

Қабілет – жеке адамның жеке-психологиялық ерекшеліктері, ол қандай да бір өнімдерді, іс-әрекетті нәтижелі орындаудың шарты болып табылады. Қабілеттің дамуы мен көрінісінің ең жоғары деңгейі «талант», «дана» деп сиппаталады. Нышан – қабылдаудың бастапқы табиғи негізі болады.

Өмір бойы оқу – жасына және әлеуметтік жағдайына қарамастан барша халыққа білім алуға деген қажеттеліктерін қанағаттандырудың нысандары мен типтерін енгізу (қашықтықтан оқыту, қайта біліктілік беру, формалды, формалды емес, инклюзивті, қысқа мерзімді курстар). Өмір бойы оқыту оқудың формалды және формалды емес нысандарының тұтастай спектрін, инклюзивті

білім беруді алғанда мектеп жасына дейінгі жастан бастап зейнеткерлікке шығу жасынан кейінгі оқытуды қамтитын болады.

Педагогикалық қабілеттер – мұғалімнің педагогтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететін психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы.

Педагогикалық іс-әрекет – білім алушылардың білім алуы мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби іс-әрекет.

Спонтандық (лат. «spontaneous» - өздігінен, ерікті түрде) – сыртқы ықпалдардың көмегінсіз, өзінен-өзі туатын немесе пайда болатын құбылыс.

Таным – адам санасының әлемді объективті түрде қабылдауы және бұл психикалық үрдісінің бейнелеуі.

Тұлға – 1) Дербес әрекет жасатын субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі. 2) Адамдар арасындағы өзінің ұстаным – орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам; 3) Жеке ерекшеліктері бар қоршаған ортаға деген өзінің қатынасын сезінген, қызметтің белгілі бір түрімен айналысатын әлеуметтік қауымдастықтың белгілі өкілі, нақты адам.

Үздіксіз білім беру жүйесі – адамның өз бетінше білім алу іс-әрекетінің алуан түрлі формаларымен үйлесетін, осы социумның мемлекеттік-қоғамдық білім беру потенциалын және әрбір адам өзінің барлық өмір жолында еркін пайдалана алатын білім алу мүмкіндігі саласын айқындайтын формалды (мемлекеттік) және формалды емес (мемлекеттік емес, қосымша) білім беру ұйымдарының тұтас жүйесі.

Үйрену – жеке тәжірибе алу процесі мен нәтижесі. Аталған ұғымға алғаш американдық психолог Э.Торндайк және т.б. еңбегіндегі зоопсихологияда туындаған. Кей кезде үйрену нәтижесі ретінде ұғынылады, алайда кез келеген тәжірибе (білім, ептілік, дағды) үйрену арқылы жүзеге асады.

Факторлық талдау (лат. «factor» - әрекет ететін, жасайтын, «analysis» - бөлу) – өлшеуге және осы өзара байланысты ескеріп белгілерді классификациялауға қолданатын стажы, біліктілігі, жасы мен олардың ақпаратқа деген сұранысы арасындағы байланыс.

Іс-әрекет – қоршаған ортаға адамның қарым-қатынас тәсілі, адам шығармашылықпен табиғатты қайта өзгертеді, сол арқылы өзін-өзі іскер субъект ретінде көрсететін, ал олардың меңгерілетін табиғат құбылыстарын – өзінің қызметінің объектісіне айналдыратын процесс.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

БҒЖМ – Білім және ғылым министрлігі

ІМ – ішкі мотив

СОМ – сыртқы оң мотив

СТМ – сыртқы теріс мотив

БТ – бақылау тобы

ЭТ – эксперименттік топ

ЖОО – жоғарғы оқу орны

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі таңда болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке даярлау ісі қоғамның дамуымен байланыстағы үлкен сұраныстарды қанағаттандыруда ЖОО-ның психологиялық және педагогикалық тұрғыдағы аспектілері үлкен прогресске қарай бет алуда. Бұл психологиялық-педагогикалық мамандықтардың жүйелі зерттеулерінің болуы, заманауи әдіснамалық көзқарастардың тұжырымдалуы, бүгінгі педагогикалық құбылыстың қызметпен және кәсібилікпен байланысының ашылуы, кәсіби іс-әрекет мәселесінің әлемдік деңгейде қарастырылуы санаттары жүйесінде субъектілердің кәсіби және тұлғалық сипатының нәтижелі қалыптасуын көздейді

Бұл ретте біздің зерттеуіміздегі маңызды құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының (30.12.2024, №148-VIII өзгертулермен) 1-бап, 11-тармақшасында: «... білім беру қызметі - білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс»; 3-бап, 1-тармақшасында: «...ұлттық және жалпы адамзатқа тән құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деген міндеттер көрсетіледі. «Білім туралы» Заңында көрсетілген міндеттерді шешуде қазіргі таңда ЖОО-да оқытудың заманауи белсенді әдістерін меңгерген, жаңа инновациялық технологияларды тиімді қолдана білетін, маман дайындау тұр, атап айтар болсақ, кәсіби қалыптасуда тиісті теориялық және практикалық білім дағдыларын меңгерген тұлғаны даярлау ісі жолға қойылып отыр [1].

2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 бұйрығына сай бекітілген «Педагог» кәсіптік стандартындағы педагог мамандығына қойылған талаптарындағы 2-міндет: «...біртұтас құндылықтарды қабылдау арқылы тұлғаның құндылық-болмыс саласын кеңейту және нығайту» деп айтылады [2]. Бұл ретте құжаттағы міндеттер болашақ педагог мамандардың жеке даму траекториясын құра отырып, тұлғалық өсуін қолдау қажеттігін шешуді негіздейді. Стандартта көрсетілген біртұтас құндылықтар, тұлға, тұлғалық құндылық-болмыс сапалары болашақ педагогтерді кәсіби даярлау ісінде бізге қажетті атрибуттар болып, оқу нәтижелерін күшейтуге қызмет ете алады.

Қазақстан Республикасының жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында Университеттің үшінші миссиясы бөлімінде: «Білім беру және жастарды тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттарына, мазмұнына және қол жеткізілген нәтижелеріне сай келетін студенттерді тәрбиелеудің кешенді жүйесі құрылатын болады. Студенттердің жеке басын біртұтас дамыту және өзінің қабілетін іске асыра білу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі ұйымдастыру, әлеуметтік тәжірибе мен әлеуметтік жауапкершілікті игеру, қоғамның жаңа сұраныстары мен студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие жұмысының дәстүрлі

нысандарын, әдістері мен тәсілдерін жаңғырту және әзірлеу үшін оңтайлы жағдайлар қамтамасыз етіледі» деп көрсетіледі [3]. ЖОО-да білім алушы жастардың тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрамдас бөлігінің негізі тәрбиелеу болып табылады, мұнда білім алушыларды біртұтас дамыту көзделеді, яғни біртұтас даму – өзінің қабілетін іске қосу, өзін-өзі тәрбиелеу, әлеуметтік жауапкершілікті игеру, қоғамның ағымдағы сұраныстарына сай даярлауды қажет етеді.

Қазіргі жаһандану үдерісінде жалпы мектепте білім беру парадигмасы өзгертіліп, жаңару сипатын алға ұстауда. Жаңадан еңгізіліп жатқан өзгерістер болашақ маманның кәсіпқой деңгейіне жетуімен қоса қоғамда тұлға ретінде қалыптаса алуын талап етеді. Сол себепті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық қалыптасуы, ЖОО-дағы болашақ маманның кәсіби дамуына, дайындығына қойылатын талаптар мен міндеттерді жүзеге асыруымен байланысты мәселе болмақ.

ЖОО болашақ маманның кәсіби іс-әрекетке даярлану алдындағы шешім қабылдағыш, белсенді, бастамашыл болуын қамтамасыз ететін негіз болғанымен, болашақ педагогтердің тұлғалық болмысын қалыптастырудың терең зерделенбеуінен өзекті мәселеге айналып отыр.

Біз, ЖОО-да болашақ мамандарды кәсіби даярлау ісінде бірқатар ғылыми тұжырымдарды бірнеше аспектілерде қарастырамыз. Олар:

- болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы мәселесін педагогикалық аспектіде қарастырған Н.Д.Хмель [4], Ш.Т. Таубаева [5], П.Б. Сейітқазы [6], Г.Ж. Меңлібекова [7], А.К. Мыңбаева [8], Қ.А.Сарбасова [9], К.М.Беркімбаев [10], Г.К.Ахметова [11], М.Н.Сарыбеков [12], Ә.М.Мұханбетжанова [13], Т.С.Сабыров [14], Б.А.Тұрғынбаева [15], А.К.Тилебалдиева [16], Қ.Т.Ыбыраимжанов [17], Б.Т. Ортаев [18], М.Ж. Сұлтанбек [19] В.В.Краевский [20], Б.В.Кузьмина [21], К.А.Маркова [22], Л.М.Митина [23], және т.б. ғалымдарды атап өтуге болады.

- болашақ педагог тұлғасының дамуы, тұлғалық даму, тұлға туралы психологиялық бағытта зерттеген ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев [24], С.М.Жақыпов [25], Ж.Ы.Намазбаева [26], Х.Т.Шеръязданова [27], А.Р.Ерментаева [28], Н.М. Иргебаева [29], Н.Қ. Тоқсанбаева [30], Л.В. Мардахаев [31], Г.А. Кудрявцева [32], К.Роджерс [33] және т.б.;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғасы мен кәсіби іс-әрекетке даярлануына қойылатын негізгі талаптарды Р.М. Қоянбаев [34], А.Е.Жұмабаева [35], А.С. Амирова [36], А.Х.Аренова [37], С.Қ. Абилдина [38], С.А.Нұржанова [39], А.Т.Туралбаева [40], А.Д. Кариев [41], және т.б. ғалымдар қарастырады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғасының дамуы туралы, олардың кәсіби және тұлғалық қалыптасуының негізгі шарттарының, психологиялық негіздері туралы отандық және шетел ғалымдар және басқалардың дәйектеген теориялары классикалық негіздегі зерттеулер қатарында және кейінгі зерттеулердің алға жылжуына тұрақты түрде өз ықпалын тигізеуде.

Сонымен жоғарыда көрсетілген әдебиеттерге жасалған талдау мен

тәжірибедегі бүгінгі жағдайды зерттеу, осы мәселе төңірегінде қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетті:

- қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарының педагогикалық үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің жеткілікті зерттелмеуі арасында;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға ғылыми-негізделген тәсілдерді құру қажеттілігі және аталған мәселенің әдіснамалық зерттеулерінің болмауы арасында;

- ғылыми - әдістемелік деңгейде кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін өзіндік оқу-танымдық қызметін өзектендіру қажеттілігі мен осы үрдісті ғылыми-педагогикалық қамтамасыз етуде арнайы әдістеменің жоқтығы арасында.

Бізге жоғарыда көрсетілген қарама-қайшылықтарды шешу зерттеу мәселесін айқындап берді.

Зерттеу мәселесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін дайындап, құрылымдық-мазмұндық модель арқылы тәжірибеде жүзеге асырумен айқындалады. Қарама-қайшылықтарды шешу мен зерттеу мәселесі тақырыпты: **«Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру»** деп алуымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін дайындау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу нысаны: ЖОО-дағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, мәні мен құрылымы, өзара байланысы анықталып, оның әдістемесі дайындалса, әзірленген әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі шығармашылықпен жүзеге асырылып тәжірибеге ендірілсе, онда болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысының жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін болады, өйткені жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысының қалыптасуы бүгінгі қоғам талаптарын орындауға негіз болады.

Зерттеудің міндеттері

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- «кәсіби іс-әрекетке даярлау», «тұлғалық болмыс» ұғымдарының мазмұны мен құрылымын анықтау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесін жасау, оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеріп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: жоғары педагогикалық оқу орындарының оқыту үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру арқылы кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде сезінуіне, өзіндік кәсіби әлеуетін, сапаларын ашуға, кәсіби іс-әрекет саласында өзінің тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасайды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін тұлғалық болмыстың негізін құрайтын диалектика теориясы, оқыту теориясы, тұлға теориясы, болмыс теориясы, бихевиоризм теориясы, таным теориясы, әлеуметтік таным теориясы, іс-әрекет теориясы, ақпаратты өңдеу теориясы негізге алынып, (Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева, А.Н. Леонтьев, В.П. Беспалько, М.А. Данилов, И.В. Блауберг, В.В. Краевский, Г.П. Щедровицкий және т.б.), (Б.Г. Ананьев, Ю.К. Бабанский, И.С. Марьенко, Н.Д. Хмель, А.А. Бейсенбаева, В.А. Рыбин, А.А. Гусеинов және т.б.); (Л.И. Аниферова, В.В. Сериков, Е.Н. Степанов, И.С. Якиманская, К.А. Абульханова-Славская, В.В. Давыдов, А.К. Маркова, Г.И. Щукина және т.б.) тұлғаға байланысты теориялармен, бұл реттегі тұлғаның болмысының мәні жайындағы іргелі философиялық тұжырымдармен, диалектикалық құбылыстардың түрленуімен, зерттеудегі логикалық қағидалармен, кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысты қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдарын түзу және оларды жүйелі жүзеге асыру тұжырымдамасына сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың, сондай-ақ ЖОО-да болашақ мамандарды кәсіби даярлау жағдайында білім беру сапасын арттырудың тұжырымдары мен заманауи идеялары айқындалады.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетел ғалымдарының (психолог, педагогтер) кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі, бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындау жағдайындағы зерттеулер; кәсіби іс-әрекетке даярлау, тұлғалық болмысты қалыптастыру туралы ресми құжаттар (бағдарламалар, тұжырымдамалар, заңдар) мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибелері, әлемдік деңгейдегі тәжірибелер алынды.

Зерттеу әдістері

- теориялық әдістер: жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, салыстыру, қорытындылау, нормативтік құжаттарды зерттеу, тәжірибелерді жинақтау, моделдеу, нақтылау;

- эмпирикалық әдістер: сауалнама жүргізу, интервью алу, тест, эссе және диагностикалау, педагогикалық эксперимент, тексеру, бақылау, зерттеу нәтижелерін математикалық-статистикалық тәсілдермен өңдеу.

Зерттеу базасы: І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің

педагогика және психология факультетінен эксперименттік топта 78 студент, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бақылау тобына 75 студент қатынасты. Жұмыстың әр түрлі кезеңдерінде зерттеуге қатысқан респонденттер саны - 153.

Зерттеу кезеңдері

1-кезең (2017-2018 жж.) – зерттеу проблемасына қатысты материалдар іріктеліп, тақырыптың ішкі құрылымына қарай сұрыпталынды, қажетті дәрежеде практикалық материалдар жиналды, оларға талдау жасалды, зерттеу тақырыбымыздың шетелдік және отандық философиялық, психологиялық-педагогикалық зерттеулерде, еңбектерде қарастырылу деңгейі анықталды, ғылыми аппарат негізделді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру мәселесі бойынша жоғары педагогикалық оқу орындарының және бастауыш мектептер мен мұғалімдерінің, озық тәжірибелері жинақталып, қорытынды түйіндер жасалынды, тәжірибелік-эксперимент жұмысының бағдарламасы әзірленді.

2-кезең (2018-2019 жж.) – «кәсіби іс-әрекет», «тұлғалық болмысты қалыптастыру» ұғымдары жан-жақты талданды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруды құраушы бөліктері, яғни құрылымдық мазмұны көрсетілді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері талданды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесі дайындалып оның құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды. Модельді педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік жұмыста жүзеге асыру бағдарламасы және оның өзіндік әдістемелік ерекшеліктері айқындалды. Модельдің тиімділігін тексеру үдерісінде қолданылатын элективті курс бағдарламасы жасалды. Педагогикалық эксперименттің анықтау кезеңі мен, оқу-қалыптастыру кезеңінде ұсынылған арнайы бағдарлама жүзеге асырылды, бақылау кезеңінде тағы кесінділер алынып, арнайы курс бағдарламасына қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізілді.

3-кезең (2019-2020 жж.) – тәжірибелік-эксперимент жұмысы кезеңінде қол жеткізген қорытынды нәтижелерге талдау жасалды және статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді, қорытынды жасалынды. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар әзірленді. Диссертациялық жұмыс мазмұны талапқа сай рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- «кәсіби іс-әрекетке даярлау», «тұлғалық болмыс» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы анықталды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды;

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесі: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» атты элективті курс бағдарламасы дайындалып және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді;

- зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын факультеттерінде, педагогикалық колледжерде, орта мектептерде, кәсіби даму орталықтарында (педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінде) пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғырлары айқындалады.

- «тұлғалық болмыс – терең оқу, адал еңбек, қарым-қатынас, өз бетімен жұмыс, интеллекттің жоғары деңгейі, құрметтеу, ерікті қасиеттерден тұратын құрылым»; «кәсіби іс-әрекетке даярлау - бұл білім стандарттары мен ережелеріне сәйкес теориялық және практикалық дағдылар мен білім алуға негізделген болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісі» деп нақтыланады.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мазмұны мазмұндық-құрылымдық моделі негізінде құрылды. Динамикалық педагогикалық байланыстағы компоненттерден (мотивациялық-мақсаттылық, танымдық, бағалаушылық-рефлексиялық) түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылады.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігі (элективті курс бағдарламасы) және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу эксперимент жұмысын жүргізу негізінде жүзеге асырылды. Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы журналдарда, скопус базасындағы ғылыми журналдарында жарыққа шықты: Зерттеу барысында барлығы 15 ғылыми мақала жарық көрді, соның ішінде 5 мақала Білім және ғылым саласында бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 2 мақала Scopus қорына кіретін журналда жарияланды; 8 мақала шетелдік халықаралық басылымдар мен конференциялар материалдарының жинақтарында, 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрді.

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы.

1. Formation of the Personality of Future Teachers for the Implementation of Professional Activities in Modern Conditions // Review of International Geographical

Education Online. – 2021. – 11(5) – P. 4588-4599. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды. (Co-authored by: Ybyraimzhanov K.10 %, Yelubayeva M. 5%, Bakradenova A. 5%, Turkmenbayev A. 5%).

2. Cualidades de los docentes de primaria en el proceso de formación profesional. Opcion, Año 35, Opcion. – 2019. – 35(90-2). – P. 218-233. [https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-](https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85077624951&origin=recordpage)

85077624951&origin=recordpage. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды. (Co-authored by: Ybyraimzhanov K.10 %, Sydykbekova M. 5%, Abishev N. 5%, Taurbekova A. 5%)

3. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби - педагогикалық іс - әрекетке дайындау. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. – №3(63). –161-165 бб. https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20191209031352.pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

4. Жаңа білім беру жүйесіне үйлесімді мұғалім тұлғасы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Серия Педагогика. – 2019. – №3 (128). –100-104 бб. https://rep.enru.kz/bitstream/handle/enru/2996/development-of-personality-in-the-student-age_.pdf?sequence=1&isAllowed=y. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

5. Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру ерекшеліктері. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. – №4(64). – 408-411 бб. https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20200113110758.pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

6. Подготовка будущих учителей начальных классов к профессиональной деятельности. Международный научный журнал «Наука и жизнь Казахстана». – 2019. №11/2. С – 231-235. International science journal №11/2 2019. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: К.Т.Ыбыраимжанов -30%.

7. Бастауыш сынып мұғалімінің болмысы мен кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру жолдары. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми – көпшілік журнал. – 2019. – №2/2. – 311-314 бб. <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/77/77>. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: К.Т.Ыбыраимжанов -30%.

8. Модель профессионального развития педагога в образовательных учреждениях. «Membership in the WTO: Prospects of Scientific Researches and International Technology Market»: Materials of the IV International Scientific-Practical Conference. In two volumes. Volume II – Vancouver, Canada: Regional Academy of Management. October 23-25, 2019. – P. 169-171. Сборник конференции в Ванкувере Октябрь 2019 (2).pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

9. Professional training of future primary school teachers in modern educational conditions. Фундаментальные и прикладные научные исследования: актуальные вопросы, достижения и инновации. сборник статей XXVI Международной научно-практической конференции, Состоявшейся. – 15 сентября 2019. г. Пенза. – С. 154-157.

file:///C:/Users/admin/Desktop/мақала/Сборник%20пенза%202019.pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды. Қосалқы автор: К.Т. Ыбыраимжанов -10%, Г.С. Майлыбаева -10%.

10. Professional and personal self-development is the goal of professional growth of the teacher. Образование: традиции и инновации: Материалы XXI международной научнопрактической конференции.17 октября 2019. WORLD PRESS s r.o. – Прага, Чешская Республика. – С. 189-191. file:///C:/Users/admin/Desktop/мақала/Сборник%20Прага.pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

11. Влияние личностных особенностей педагога на его профессиональную деятельность. Ключевые проблемы и передовые разработки в современной науке. Сборник научных трудов по материалам III Международной научно-практической конференции. 17 сентября 2019.– Смоленск, «Наукосфера». – С.14-19.

file:///C:/Users/admin/Desktop/мақала\Сборник%20смоленск%2017%20сентября%202019.pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды. Қосалқы автор: Е.Т. Бекиш -10%, Г.С. М.Ж. Мадиярова -10%.

12. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профессиональной деятельности. Матеріали Міжнародної науково-практичної інтернет-конференції «Тенденції та перспективи розвитку науки і освіти в умовах глобалізації» – 31 жовтня, Переяслав, 2019. Вип. 52. – С. 200-205. file:///C:/Users/admin/Desktop/мақала/Сборник%20№%2052%20ПЕРЕЯСЛАВ-ХМЕЛЬН.,%2019%20(1)%20(1).pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

13. Theoretical and Methodological Aspects of a Future Teacher's Personality Education. "Prospects for the Development of Modern Science" Materials of the V International Scientific-Practical Conference March 11-13, 2020. Volume II Seoul. – P. 70-73. pps.kaznu.kz/en/Main/FileShow2/178663/112/3/1498/0//. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: К.Т.Ыбыраимжанов -30%.

14. Болашақ ұстаздың жеке тұлғасын тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 25-26 ақпан 2019. Талдықорған, – 267-271 бб. https://zhetysu.edu.kz/wpcontent/uploads/2021/03/сборник-материалов-конференции-22.08.2019.pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

15. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру. «Қазіргі педагогикалық білім: дәстүрлер, жетістіктер, инновациялар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 28 ақпан 2025. Петропавл, – 483-486 бб. File:///C:/Users/admin/Downloads/СБОРНИК%20МНПК%20ПФ%2025.pdf

16. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке бейімдеуде тұлғалық болмысын тәрбиелеу. Оқу-әдістемелік құрал. Талдықорған: «Офсет», 2024. – 139 б. оқулық Сымбат.pdf. Оқу құралын жазудағы докторанттың үлесі 70% - ды құрайды. Қосалқы авторлар: К.Т.Ыбыраимжанов -30%.

1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДА ТҰЛҒАЛЫҚ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Кәсіби іс-әрекетке даярлау», «тұлғалық болмыс» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы

Болашақ мамандардың тұлғалық болмысын қалыптастыруда алдымен оның кәсіби іс-әрекетке даярлау теориялық мазмұнын, тұлғалық болмыс, оны қалыптастырудың мазмұны мен құрылымын сипаттаудың қажеттігі туындап отыр. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудағы негізгі ұғымдық-категориялық аппараты *«кәсіби іс-әрекетке даярлау»*, *«тұлғалық болмыс»* ұғымдарының мазмұнын, құрылымын анықтаудан тұрады.

Ең алдымен, «болмыс», «тұлғалық болмыс» ұғымының мазмұнын философиялық аспектілерде талдап көрсетуді жөн санаймыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда *«кәсіби іс-әрекетке даярлау»*, *«тұлғалық болмыс»* түсініктері ең алдымен философиялық генезистерден бастау алатындығы белгілі. *«Тұлғалық болмыс»* ұғымының өзін бірнеше категорияда қарастыру маңызды. Олар: **«болмыс»**, **«тұлға»**, **«тұлғалық болмыс»** болады.

Аристотель тұжырымдамасы бойынша: «болмыс және оның мәні» онтологиялық тұрғыда түсіндіріледі. Бұл тұста жекелеген ғылымдардың бір де бірі болмысты жан-жақты білмейді, алайда, оның бір бөлігін ала отырып, сол бөліктің сипаттамасын толықтай зерттейді. Аристотель метафизика болмыстың болмыс ретіндегі алғашқы себебін *«неге»* деген сауал арқылы табуға тырысады, бұл оның жан жақтылығының шынайылығына негіз болады. Болмыс деген не сонда? деген сұрақтың төңірегінде сәйкестіктерді іздеді. Бұған қоса Аристотель болмыстың барлық мағыналарын жинақтап, оларды төрт позиция бойынша топтастырады:

- болмыс – *категория (немесе өзіндік болмыс)*;
- болмыс – *акт және әлеует*;
- болмыс – *акциденция*;


- болмыс – *шындық*. Аристотельдің іліміндегі бұл талдауларда **болмыстың категория қызметінде болуы**, яғни категориялар болмыс мағыналарының басты тобын құрастырады немесе болмыстың жоғарғы түрлерін құрайды. Олар: *субстанция, мән, сапа, мөлшер, қатынас, әрекет, азап, мекен, уақыт, ие болу, дамылдау*. Бұл айтылғандардың ішінде автономды түрде өмір сүретіні алғашқысы, яғни субстанция ғана, қалғандары субстанцияға негізделеді [42].

Аристотель бойынша болмыс мағыналарының екінші тобы – **акт және әлеует**, бұл екеуі өте маңызды. Болмыстың бұл позициясы – потенцияның (әлеуеттің) өнімі. Осы бөлімдінің аристотельдік жүйеде қандай маңызды рөл алатынын негізге алуға болады, оның көмегімен түрлі деңгейлердегі кез келген апорийлар шешімін табады. Үшінші, **акциденциялар болмысы** – бұл кездейсоқ

және ойда жоқ болмыс, яғни басқа болмыспен аса байланыста болмаған болмыс типі, бұл туралы ғылымда дәлелдер жоқтың қасы. Алайда, кей деректерде таза кездейсоқтық немесе әрқашан, артықшылық т.б. мағынада ауыспалы күйде жүреді. Төртінші, **болмыс шындық ретінде** – бұл тікелей адамның ақыл-ойына жататын болмыс типі, ол заттарды үйлесімді немесе үйлеспейтін шындық ретінде қарастырады. Егер таным шындықпен байланысуға келмейтінді байланыстырып, жалпылауға келмейтінді жалқыласа, логиканың шыңын бағындырғаны болып саналады, сондықтан болмыстың бұл позициясы логиканы зерттейді [42,б. 158].

Платон бойынша: болмысты бірмағыналылық пен біртектілік сипаттар арқылы қарастырылады. Мысалы, бұл ретте Платон **«ғайып» (бар болу, жоғалу, қайта бар болу т.б.)** түсінігін керемет ұғым ретінде енгізді, бұл асқан зияткерліктің көптігін растауға мүмкіндік бергені анық, алайда болмыстың аясына *сезімдік әлемді* енгізуге Платонның батылы жетпеді, ол мұны болмыс пен ғайыптың ортасындағы аралық (*metaxy*) деп атады. Ол Аристотельдің онтологиясын қайта қарастырды, сөйтіп оның ойынша болмыс бір емес, бірнеше мағынаға ие болады. Ешнәрсе болып табылмайтынның барлығы сезімдік және ақыл жететін әлем ретінде болмыстың аясына кіреді. Алайда болмыс мағыналарының көптігі мен сан қилылығы құрылымдық жағынан субстанциямен сәйкестендірілген [42,б. 160].

Аристотель мен Платонның болмыс туралы пікірлері кейде қарама-қайшылықты туындатады. Мәселен, Аристотель ғайып ол болмыстың қасында ештеңе де емес, болмыс бар, ол үлкен деген тоқтамға келсе, ал Платон «ғайыпты» негізгі деп санайды. Бұл талдауларда көрсетілген болмыс субстанция жағдайында *«өзгеріс, пайда болу немесе жойылу», «сападағы өзгеріс – «альтерация», өзгеру», «мөлшердегі өзгеріс – «өсу немесе азаю», «мекендегі өзгеріс – орналасу», «трансляция», «өзгеріс» - бұл формалардың төртеуіне де сәйкес келетін термин, «қозғалыс», бар, ол бір күйден басқа кері күйге өтіп отырады. «Пайда болу – бұл материя тарапынан форманың қабылдануы, құлдырау – форманың жоғалуы», «альтерация – сапаның өзгеруі, жалпыдан кішіге өту немесе керісінше кішіден жалпыға өту – бұл «өсу және кему», ал бір пункттен басқасына өту – «трансляция». Тек материя мен формада тұратын заттар өзгеруге қабілетті, өйткені тек материя әлеуетке ие [42,б. 161]. Осылайша, кез келген қозғалыстың көзі – материя мен формада реттелетін құрылымдар дейтін болсақ, болмыс, оны тануда және тұлғалық болмыс жағдайында ең маңыздылары, олар: **өзгеру, тану, қозғалу, жалпыға өту, жалпыны жалқы жасау, оңайдан күрделіге өту, қабылдау, өсу, сапаның өзгеруі т.б.** деп іріктеледі (1-суретте ұсынылады). Бұл айтылғандар болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудағы теориялық талдауларда және компоненттерді түзуде негізге алынады.*



Сурет 1 - «Болмыс» ұғымының философиялық құрылымы

Мартин Хайдеггер еңбектерінде: «болмыс – бұл адамзат әлемі, бізді қоршаған әлем, кеңістік, уақыт, табиғат, қоғам және тарих ұғымдарымен бірге өмір сүріп жатқан тұлға» деп талданады. Дәлірек айтқанда, **«адамның көз алдында өмір сүріп жатқан нәрселердің барлығы, оның табиғаты, бейнесі, өмір формасы, ережелері және т.б дүниелерді болмыс»** деген тұжырым жасайды. Автор өзінің «Болмыс және уақыт» атты оқулығында болмысты философияның ең басты мәселесі ретінде түсіндіреді.

Мартин Хайдеггердің ойынша «болмыс» ұғымының синонимі «болу» етістігінен шығып, шынайы дүниенің қасиеті жоқ болу емес, бар болу деген түйінге келеді. Алайда бар болудың да түрлері бар, яғни заттық түрі, адамдық түрі. Әрбір бар нәрсенің өзінің болмысы болуға тиіс, ол адамның бар тірлігіне мән беретін нәрсе, сөйтіп ол *тірлікті бар болу және мәнісі, болмысы бар болу деп* бөледі. Бұл ретте керісінше, адамды қамсыздықты қойып, қамдануға жетелейді, ол тек адамның өмір сүруіне, өмірін өзінің жеке санасымен сезінуіне байланысты деп тұжырым жасады. Демек, Хайдеггердің пайымындағыдай ешқандай абсолютті рух жоқ, тек қана болмыстың мәнін түрлі түсінуші жеке адамның өзіндік санасы бар. Міне, осы жеке адамды «болмыс» деп көрсетті. Осылай айтқанда ол бір жағынан болмысты жекелесе, екінші жағынан, жеке адамды жалпы болмысқа, космологияға тартады [43].

Ал отандық зерттеуші С.Б. Балшикееваның ойынша: «болмыс - тарихи қалыптасқан кең мағыналы, терең ауқымды философиялық ұғым». Әр заманда өмір сүрген ойшылдар бұл ұғымды көбінесе жүйелі философиялық толғаныстардың бастапқы негізі деп қараған. Осы уақытқа дейін де болмыс туралы бұл көзқарас өз мәнін сақтап келеді. Болмыс туралы философиялық мәселені түсіну үшін ең алдымен оның адамзаттың шынайы өмірінде қандай түбегейлі орын алатынын ұғыну қажет. Адамның дүниеге қатынасының негізінде қандай құндылық жатса да, оның бастамасы - болмыс. Мәнділік

жөнінде айтқанда не нәрсенің болса да дүниеде болу жолы немесе тәсілі оның негізін құрайды деген. Болу жолдары және сан алуан құндылықтар - бәрі де ең алдымен жалпы болуға тиіс. Онда болмыс деген не нәрсе? Бұл сұраққа оның барлық формаларының мазмұнын ашу арқылы ғана жауап беруге болады. Болмыстың нақты, жеке формаларының бәріне ортақ жалпы қасиет, ол - болу. Яғни, зерттеуші болмыстың ең қарапайым мағынасы *бар* болу, өмір сүру дегенді білдіретіндігін насихаттап өтті [44].

Жоғарыдағы талдаулардан белгілі болғандай, «*болмыс – бұл адам, болмыс – тіршілік, болмыс – тұлға*» деген тұжырымдарды негізге ала отырып, **тұлға, тұлғалық болмыс** жайлы талдауларды ұсынамыз.

Индивидті, кәсіби және тұлғалық даму темптерінің сәйкес болуы дегеніміз адамдардың өзін-өзі еңбекке бейімдеуі және оны жүзеге асыруымен сипатталатын қатынас. Адамның шыңға жетуі тұлғалық болмысы мен кәсіби қалыптасуының әр кезеңдерінде орналасады. Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, біз «тұлғалық болмыс» ұғымын сипаттауды жөн көрдік.

Тұлға жайындағы философия Аугустиннің ілімінде тереңірек талданады: «бұл нақты Меннің (Мен-Концепциясы) мәселесі, қайталанбас индивид ретіндегі адамның, жеке даралығында алынған мәселе - тұлға мәселесі. «Мен өзім, өзім үшін маңызды әрі үлкен мәселеге айналдым, бұл мен үшін «*magna quaestio* (керемет сұрақ)»; «Мен өзімнің кім екенімді толық білмеймін». Сөйтіп, тұлға ретіндегі Аугустин өз философиясының бақылаушысы мен бақыланушысына айналады [42,б. 354]. Бұдан шығатын қорытынды, әрбір болашақ маман өзін тұлға ретінде тануда «Мен-Концепциясының» маңызын ұғынуы тиіс деген пікірге келеміз.

Тұлғаның болмысы туралы ой-пікірлер көне философтардың еңбектерінен бастау алып, осы күнге дейін зерттеушілердің арасында өзінің құндылығын жоймай келеді. Философиялық еңбектерде тұлғаның болмысы ерекше құбылыс тұрғысынан қарастырылып, «адам-әлем» қатынасындағы мәселелерде оның биофизикалық табиғи көрінісіндегі айырмашылықтар зерделеленді. Француз философы К.А.Гельвеций Дж.Локктың ілімін зерттеуші ретінде танымал, ол Дж.Локктың «Адам туралы» еңбегінде: «*Физикалық сезімталдық дегеніміз – адамның өзі және өз болмысының иесі*» дейді. Барша адам баласы табиғатынан тең екендігін айтып, адамның қабілеттері мен дарындылығы, оның адамгершілік қасиеттері белгілі бір ортаның ықпалымен қалыптасуы басым екендігін айтады [45].

Д.Дидро адам тұлғасының қалыптасуында және әлеуметтік құрылымды белсендіруінде тәрбиенің рөлін жоғары бағалады [46]. Байқап отырғанымыздай, зерттеушілер тұлғаның бойындағы қасиеттердің туа бітпейтінін, оның дамуында тәрбиенің, қоршаған ортаның маңызы туралы айтады.

Л.Фейербах адамның болмысын әлеуметтік байланыстармен қатар қарастырып, табиғаттың бөлшегі ретінде тұлғааралық қарым-қатынаста ғана адам өзін-өзі белсендіре алады деп, адамды іс-әрекеттік, жекелік, физикалық даму тұрғысынан қарастырды, бірақ оның іс-әрекеттік болмысын толық ашып көрсетпейді [47].

Философиялық тұрғыдан, адам тағдырының мәні туралы кеңейтілген түсінік XX ғасырда орын алған. Э.Гуссерелдің адамның «Менін» ажырамайтын екі үдеріс «өзіндік мәнін өзінің бойынан және жалпы мәдени туындылардан іздеуі мен іске асыруы» арқылы тануға болады деген идеясынан тарайды [48]. Байқасақ, жоғарыда аталған философиялық көзқарастарда тұлға өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану, рефлексия сынды қасиеттермен анықталғанын байқаймыз.

Философтардың адам болмысы және тұлға дамуы туралы пікірлеріне жасаған талдау орта ғасыр ойшылдары мен қазақ ағартушыларының бүгінгі күні де құнды саналатын, тұлғаның бойынан табылуға тиісті әділеттілік, ізгіліктік, адамгершілік сынды қасиеттерге аса мән бергендігін көрсетті.

Т.Ғабитов «Адам – ақыл-ойы бар әлеуметтік жан» деп, тұлға бойындағы ақыл мен ойға баса назар аударса [49], В.П.Тугаринов тұлғаның: 1) саналылық; 2) жауапкершілік; 3) еркіндік; 4) жеке басының қадірі; 5) даралық қасиеттер мен қоғамдық белсенділікпен бекіген саяси-идеялық бағытты қасиеттерін қатар қояды [50].

С.Мырзалының пікірінше, «Адам – санасы арқылы дүниені танып білетін, соның нәтижесінде еңбек құралдарын жасап, өзара бірігіп, айнала қоршаған ортаны өзгертіп, сан алуан қажеттіліктерін өтей алатын пенде» болып табылады деп пайым жасайды [51].

Міне, жоғарыда талданған негізгі ұғымдардың философиялық мазмұны мен құрылымынан қазіргі таңдағы болашақ мамандарды даярлау ісіне негіз болатын біршама идеялық тұстарын алуға болады. Нақтырақ айтсақ, болмыс тек адамның өмір сүру жағдайындағы құбылыс, өмір бар жерде даму бар, қалыптасу бар, сондай-ақ барлық қасиеттер жиыны бар. Бұлар өз кезегінде әлеуметтік байланыстарда маңыздырақ болады.

Педагогикадағы келесі бағыт тұлғамен байланыстыра анықталады. Бұл топтағы ғылыми жұмыстардың арасында Н.В. Кузьминаның зерттеулері ерекше мәнге ие. Мұғалім еңбегінің психологиясын қарастыра отырып және педагогикалық қызметінің құрылымын анықтай келе, ғалым педагогтің тұлғасына үлкен мән береді. Көрсетілген кәсіби шеберлік пен бірізді дағдылар даярлық үдерісінде тұтас механизм құрайды. Н.В. Кузьмина кәсіби даярлаудың төрт компонентін атап көрсетеді, олар: құрастырушылық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және гностикалық. Оларды автор белгілі бір педагогикалық қабілеттердің қатарына жатқызады:

- құрастырушылық – оқу материалдарын балалардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдау, баланың жеке тұлғасының жобалану, диагностикалық және даму бейнесін есепке алу;

- коммуникативтік – айналамен қарым-қатынас қалыптастыру, оларды ситуацияға байланысты әрекет етуге бейімдеу;

- ұйымдастырушылық – іс-әрекеттің алуан түріне қатыстыру, ұжымды әрбір жеке тұлғаға ықпал жасау құралына айналдыру;

- гностикалық – заңдылықтарды анықтайтын, тәуелділікті белгілейтін талданған педагогикалық ситуациялар [52].

Құрастырушылық – зерттеушілік ойды дамыту мен білімгерлердің зейінін оқуға аудару мақсатында оқу ақпараттарын ұйымдастыру. Танымдық тапсырмалар мен білімгерлердің өзбетінше ойлауын дамыту мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді құрастыру.

Коммуникативтілік – студенттердің оқу курсына қызығушылығын ояту, оны оқудың маңыздылығын түсіндіру. Білімгерлердің ғылыми әдістерді шығармашылықпен игеруге қабілетті екендеріне және ғылымның дамуына өз үлесін қоса алатындарына деген сенімдерін қалыптастыру.

Ұйымдастырушылық – сабақтарда білімгерлердің белсенді жұмысын ұйымдастыру. Сабаққа дайындалуға және сабақ өткізуге байланысты өзінің уақыты мен іс-шараларды ұйымдастыру. Оқу ақпаратын және оны қабылдау мен игеруге байланысты білімгерлердің іс-әрекетін ұйымдастыру [52,с. 69].

Осыдан барып, адамның тұлғалық болмысының дамуы мен кәсіби жетілуінің өзара қатынасы бар екендігін негізге аламыз. Ол қоршаған ортаға, адамдарға, материалдық және рухани мәдениет заттарына, отбасына және өз мамандығына деген жақсы қатынастардан байқалады. Сондықтан да, қазіргі ғылымдағы кәсіпке дайындалу ұғымы тұлғаның мотивациялық бағдарлауымен тығыз байланысты.

Болашақ маманды кәсіби даярлаудың тиімді әрі табысты жағынан ұйымдастырылуы білім беру үдерісінің субъектілеріне тәуелді екендігі анық. Яғни кәсіби іс-әрекеттің барлығында субъект адам болмысы болып табылатындықтан «тұлға» түсінігі негізгі объектіге айналуы бос емес. Жоғарыда келтірілген сипаттамалар «тұлға» ұғымының көп алуандығы мен күрделі екенін көрсетеді, әр ғылымда бұл ұғымның зерттелетін пәніне қатысты анықталатынын байқауға болады.

Психологтар А.Н.Леонтьев, Л.С.Выготский өз зерттеулеріндегі «тұлға» ұғымына «адам тұлға болып туылмайды, бірақ жүру арқылы қалыптасады» деп анықтама береді [53]. Сондай – ақ, белгілі психолог Б.С.Братусь өз зерттеуінде: «тұлға - бұл басқа құрылымдармен салыстыруға болмайтын жеке құрылым, оны тұрақты тұтас ұғым ретінде қабылдауға болмайды» деген қорытынды жасайды [53,с. 5-7].

И.С.Кон «Тұлға» ұғымының екі мағынаға ие екенін атап өтті. Біріншіден «Тұлға» ол іс-әрекеттің субъектісі. Ол өзіне тән тұлғалық қасиеттері мен әлеуметтік қатынастардың бірігуінен тұратын нақты индивид, екіншіден адамдармен қарым-қатынасы кезінде қалыптасатын адам бойындағы маңызға ие әлеуметтік қасиеттерімен айқындалатын еңбек, таным мен қарым-қатынас субъектісі екенін алға салады [54].

Көптеген педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі тұлға ұғымының анықтамасын талдаған кезде, олардың жалпыланған ортақ аспектілері байқалады. Бұл «тұлға» ұғымының ең бірінші әлеуметтік жағынан маңызды сапалары арқылы сипатталуы болып табылады. Осыған орай К.А. Абульханова, Г.А.Асмолов, Г.А.Ковалев, Р.С.Немов және т.б. зерттеушілердің еңбектері бойынша тұлға индивидтің әлеуметтік мәнді сапаларының жүйесі, әлеуметтік

құндылықтарды игеру және құндылықтарды ұсынуға қабілеттілігі болып келетінін атап өткен.

Теориялық талдауларды жасай келе 2-суретте «Тұлғалық болмыс» ұғымының құрылымын анықтады.



Сурет 2 - «Тұлғалық болмыс» ұғымының құрылымы

А.Т. Маменова өзінің зерттеулерінде: «Тұлғалық өсуді талдау кезінде біз біріншіден, адамның рухани дүниесінің жоғарыда көрсетілген компоненттерінің өзара байланысы, өзара кірігуі және өзара өтуі идеясынан; екіншіден, белгілі бір ортада қалыптасуы мен дамуы болатын тарихи дамушы адамның, оның жеке тұлғасының интеллектінің, мотивациясының нақты-тарихи сипаты туралы нанымнан шыға аламыз. Біз сондай-ақ мотивациясының әлеуметтік детерминациялану фактісінен және оның әлеуметтік белсенділігінен өзгерту қабілеттілігі ретінде қарастырамыз», деп тұжырым жасаған [55].

Тұлға, тұлғаның болмысы іс-әрекетте және кәсіби іс-әрекетте қалыптасатынын аңғардық. Бұл ретте *«кәсіби іс-әрекет»*, *«кәсіби іс-әрекетке даярлау»* ұғымдарының мазмұны мен құрылымын талдау алға шығарылады.

Философиялық зерттеулерде «іс әрекет» түсінігі адамның спецификалық формасы табиғатқа қарым-қатынасын, оны саналы түрде өзгерту және пайдалану белсенділігі ретінде анықталады.

«Іс-әрекет» ұғымының қарастырып отырған «кәсіби іс-әрекет» ұғымына енгізілуі кәсіби ұғымын тек практика жағынан ғана емес, теориялық іс-әрекет ретінде, нақтылап айтсақ, белгілі бір білім дәрежесін ғана емес сол білімді меңгерудегі іс-әрекетті дисциплинаралық ғылыми бағытты көрсетеді. Кәсіптік бағдарда практикалық іс-әрекет туындап, теориямен толықтырыла түседі,

нәтижесінде кәсіптік бағдарда теориялық және практикалық іс-әрекетті ажырамас бөлік ретінде қарастырамыз.

«Кәсіп» (лат. profectio-белгілі бір іс-әрекеттің көрсеткіші, мамандық, profecter – өзімнің ісім деп қарастырамын) - белгілі бір еңбек іс-әрекеті болып табылады [56].

«Кәсіби іс-әрекет» ұғымының психологиялық аспектілері тұрғысынан «кәсібилік», «кәсіби қызмет» ұғымдарымен жақын талдау жасауды жөн көреміз.

Ашық Уикипедияда: «кәсіби іс-әрекет – бұл әлеуметтік маңызды қызметтің түрі, оны орындау арнайы білімді, дағдыларды, сондай-ақ кәсіби негізделген жеке тұлғаның болуын талап етеді. Кәсіби қызмет – бұл, ең алдымен, еңбек қызметі» делінген [57].

Американдық психолог А.Маслоу кәсіби іс-әрекетке келесідей деңгейлер бойынша қажеттіліктерді қарастыруды ұсынады:

- физиологиялық (шөлдеу, аштық, ұйқы) қажеттілігі;
 - қауіпсіздік қажеттілігі, әлеуметтік қажеттіліктер (махаббат, белгілі бір әлеуметтік топқа кіру);
 - құрметке деген қажеттілік (өзін-өзі бағалау, сәттілік, мәртебе);
 - қажеттіліктің ең жоғарғы деңгейі – өзін-өзі тану қажеттілігі болады.
- Кәсіби іс-әрекетте жоғарыдағы қажеттіліктерді өтеуде адамның алдымен жайлылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоғары тұрады, екінші жағынан, еңбек қызметіне байланысты жоғары деңгейдегі құрмет пен өзін-өзі көрсетуге байланысты. жеке тұлғаны дамыту құралы болып табылады [58]. Автордың пікірінше, кәсіби іс-әрекеттің мазмұны *жайлылық, мінез-құлықтың дұрыстығы, құрмет, өзін-өзі танудан* тұратындығын байқадық.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысы оны кәсіби іс-әрекетке даярлау арқылы қалыптасады. Мұғалімнің ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінің жүзеге асырылуын, дамуын оның тұлғалық сапалары айқындайды. Бұл ретте іс-әрекет мұғалімнің маман, әрі тұлға ретінде қалыптасып жетілуінің механизмі ретінде түсініледі. Мұғалімнің кәсіби және тұлғалық мазмұндарының бір-біріне өзара тәуелді және байланысты болуы осы іс-әрекет барысында ғана жүзеге асырылады.

Ғылыми зерттеу әдебиеттерге жүргізілген талдауларда болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің бірқатар өзгешеліктері анықталған. Нәтижесінде мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті күрделі ұйымдасқан белсенділік формасы негізінде қарастырылады. Осыған байланысты болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті келесі аспектілерді қамтиды:

- оқыту;
- дамытушылық;
- тәрбиелеу;
- ұйымдастырушы;
- әдіскерлік;
- ғылыми-зерттеу іс-әрекеті;
- инновациялық;

- жобалап-бағдарлаушы; және т.б.

Әр аспектінің мазмұны, тәсілдері мен бағыттары қарай өзіндік айырмашылықтары болады. Бұл аспектілер мұғалімнің қызметіне деген бағыттылығына байланысты бір аспекті, екінші аспектіден басымырақ болуы мүмкін. Мысалы, мұғалімнің кәсіби әрекетінде оқыту ұйымдастырушылық басым болған кезде, екіншісінде тәрбие беруді ұйымдастыру аспектісі маңызды болуы мүмкін.

Дегенмен, аспектілердің ортақ жиынтығы кәсіби шебер маман даярлауға, жеке тұлғаның әлеуметтенуіне және құзырлы болуына тікелей бағытталған.

Кейбір әдебиеттерде мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті *«оқыту – тәрбиелеу іс-әрекеті»* немесе *«ғылыми-педагогикалық іс-әрекет»* ұғымдарымен бірдей мағынада қолданылады. Қай жағынан қарасақ та, болашақ маманды кәсіби даярлау міндетін алға қояды. Осыған байланысты мұғалім білім берудегі оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетін ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Мұның бәрі болашақ мұғалімнің маман және тұлға ретінде қалыптасуын көздейді. Сондықтан біздің зерттеуімізде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің «кәсіби іс-әрекеті» ұғымымен бірге оның жеке тұлғалық болмысын қалыптастыру сұрақтарын қарастырамыз.

ЖОО-да білім алатын студенттердің келешекте меңгеретін өз кәсіптері аясында меңгерген теориялық білімдері мен білік, дағдылары мен іскерліктерін жүзеге асыра алуға дайын болуы маңызды. Осы ретте, «дайындық», «даярлық», «даяр болу», түсініктерінің мәнін ашу қажеттілігі туындайды. Сөздіктерде «дайындық» сөзінің мағынасы әр түрлі болып берілген. Яғни олар: «жағдай», «бір нәрсеге дайындық»; «бір нәрсеге бел буу»; «белгілі бір іс жасауға қадамдар жасау» [59], т.с.с.

Жоғары өнімділік дәрежесіндегі іс-әрекетке «дайындық» ұғымын Б.Г.Ананьев *«қабілеттердің көрініс беруі»* деп [60], ал ғалым В.А.Крутецкий іс-әрекетке дайындықты *«тұлға қасиеттерінің синтезі»* деп атап өткен [61].

С.И.Архангельскийдің ойынша, мұғалімнің кәсіби әрекетке «дайын» болуы, оның өз мамандығын жетік түсініп, өз пәнін жоғары деңгейде шебер жүргізе алуында, оқу ақпараттарын еркін, ұғынықты етіп жеткізе алуында, білім алушылардың білімге деген мотивациясын оята алуында, өзінің ізденушілігі, еңбекқорлығы, педагогикалық мәсілелерді шешудегі өзіндік белсенділігінен көруге болады деген [62].

Сондай-ақ, мектеп тәжірибесі мен ЖОО-да мұғалімдерді кәсіби даярлау талаптары арасында қайшылықтар да орын алып отыратындығы анық. Осыған байланысты мұғалім іс-әрекетінің теориялық негізі ретінде педагогиканың маңызы артады. Көптеген мұғалімдер педагогикалық ғылымның жетістіктерін өздерінің іс-әрекет тәжірибесінде жеткілікті түрде пайдаланбайды. Мұның бәрі мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесін жетілдіруді талап етеді, өйткені мұғалімдердің кәсіби даярлығын арттыру қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының құралы мен мақсаты ретінде көрінеді. Сондықтан педагогикалық ғылымның басты міндеті – студенттерді кәсіби даярлау жүйесін дамыту, оны жетілдіру құралдарын негіздеу болып табылады.

Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімді кәсіби даярлау ісі қоғамдық-саяси, арнайы, психологиялық-педагогикалық әдістемелік даярлықты қамтиды. Қоғамдық саяси дайындық болашақ мұғалімнің дүниетанымдық әдіснамасына, қоғамдық өмір құбылыстарымен, өмір шындығын тануға және түрлендіруге диалектикалық тұрғыдан қарауды қамтамасыз етеді.

Болашақ мұғалімнің арнайы дайындығы болашақ мұғалімді өз мамандығы бойынша терең және жан-жақты біліммен, дағдылармен, бастауыш сыныптарда оқытылатын жеке пәндердің теориялық мазмұны мен әдістерімен қамтамасыз ету. Студенттердің психологиялық-педагогикалық және әдістемелік даярлау оларды педагогиканың, психологияның, дербес әдістеменің негіздерін меңгеру, сондай-ақ мектептегі бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін дидактикалық жұмысына дайындықты қамтамасыз етеді. ЖОО-дағы мәдени-педагогикалық дайындықтар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жалпы білімдік, педагогика, психология, анатомия-физиология, жеке пәндер теориясы мен әдістемесінен толық болуын қарастырады [63].

Мұғалім бір жағынан өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттіліне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші, тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет етеді. Әсіресе, қазіргі ақпарат ағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалімнің қызметі күрделене түскені белгілі.

Сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімі қызметінің құрылымының ішінде өзара тығыз байланысты іс-әрекеттер кәсібилікті құрайды, олар: басымдық мәнге ие *құрастырушылық, ұйымдастырушылық және коммуникативтік әрекеттер*. **Құрастырушылық қызметі** мұғалімнің құрастыру – мазмұндық (оқыту үдерісін жоспарлау, құру мен материалдарды іріктеу) және құрастыру - әрекеттік (өзінің және оқушының іс - әрекетін жоспарлау) қызметтерінен тұрады. **Ұйымдастырушылық қызметі** – мұғалімнің оқушыларды әрекеттің әр түріне тарта білуімен, ұйымшыл ұжым қалыптастыру және оқушыларды ұжымда жұмыс жасай алуға үйрете білуімен анықталады. **Коммуникативтік қызметі** мұғалімнің оқушылармен, өзге де педагогтармен, ата-аналармен, қоғаммен мақсатты қарым-қатынас орната білуімен айқындалады [64]. 3-суретте графикалық бейнесін береміз.



Сурет 3 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекеттегі қызметтерінің құрылымы

А.Н.Щербаков мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті жөнінде: «Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті, ол қандай түрде болмасын, өзінің психологиялық мазмұны жағынан адамнан жоғары ойлауды, айқын кәсіби бағыттылықты, тиянақты білімді, оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесін білуді және өзіне талапшыл бола алатын тұлға» - деп көрсеткен. Осы сапалардың барлығы бірігіп біртұтас құрылым міндеттерін атқарады да, мұғалімнің тұлғасын сипаттайды [65].

И.Я. Лернердің пікірі бойынша, болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке бейімделуі – оның білім мазмұнын меңгеруге және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға жетекшілік жасайды. Яғни кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігі оқытушы мен білім алушылардың өзін-өзі танытуымен байланысты көптеген оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін шешуден байқалады деп айтып өтті [66].

М.Ә. Қарасаев өз зерттеулерінде: «кәсіби іс-әрекет» туралы жалпы сипаттама бері отырып, оның мынадай белгілерін атап өткен:

- бұл іс-әрекетпен қажетті арнайы білім мен білікті меңгерген арнайы адам шұғылданады;
- бұл іс-әрекетті жүзеге асырудың анықталған түрлері бар: сынып, сабақ;
- бұл іс-әрекет белгілі бір мақсатты көздейді: балаға белгілі бір білім жүйесін беру, белгілі білім мен білікті қалыптастыру; білімдегі кемшіліктерді жою; тәрбиелеу; баланың қабілетін, ынтасын, ойын, зейінін және т.б. дамыту;
- іс-әрекет мақсаты көбінесе білім берудің мазмұнын анықтайды;
- оқушы бұл іс-әрекеттің ерекше, салауатты сипатын түсінуде ұстазбен ерекше қарым-қатынаста болады;
- бұл іс-әрекеттің нәтижелерін әсіресе оқыту жөнінде, тексеріп көруге болады;

- нағыз мұғалім өзінің іс-әрекетін балаға білім беруде уақытын шектемейді [67].

Ал М.З. Джанбубекова жаһандану жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындау мәселесіне жүйелі-құрылымдық талдау негізінде кәсіби- іс-әрекетке дайындықты келесі кезеңдерде сипаттады:

Бірінші кезең. Мамандыққа бейімделу. Бұл кезеңде кәсібилікті әлеуметтендіру үдерісі іске асырылады, жеке кеңістік және оның мазмұны арқылы кәсіби кеңістік құрылады, сол арқылы кәсіби педагогикалық қызметті мақсатты түрде қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі. Әлеуметтік кәсіби талаптарды құрайтын негізгі ережелерді, кәсіби іс-әрекет ету мен қатынас жасау талаптары түсіндіріледі. Студенттермен бірлесе орындалған жұмыста табыстылығы мол кәсіби-педагогикалық қызметтің өзектілі жасалады. Оның ішкі жүйелері: тақырыптық, әлеуметтік-кәсіби және психологиялық талаптарды нақты көрсететін жүйе ретінде қарастырылады.

Тақырыптық талап кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің құрамын анықтайды, нәтижелері мен оларды жүзеге асыру әдістеріне қойылатын талаптарды анықтайды. Әлеуметтік-кәсіби талап кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынас әдістеріне қойылатын талаптарға ерекше мән береді, мұғалім мен оқушы арасындағы қатынастар белгілі бір педагогикалық теорияларды жүзеге асырудағы педагогикалық технологияларды білдіреді. Психологиялық талап қазіргі мұғалімнің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке маңызды психологиялық қасиеттерінің жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етеді. Автор зерттеу жұмысында бейімделу көрсеткіштері мұғалім мен қоғамның өзгеру кеңістігінде қалыптасуы үздіксіз жетіле беретінін мұғалімнің түсінуі болып табылады, – деген тұжырым жасаған.

Екінші кезең. Танымдық-кәсіби қызметте студенттің өздігінше қалыптасуы. Тұлғаның жетілуі кәсіби педагогикалық қызметте көрінеді. Біз кез-келген әрекетті адамның өзін-өзі көрсету түрлері ретінде бағалаймыз. Кез-келген тұлғаның бойында сан қырлы қасиеттері болады, оларды оңтайландыруға және педагогикалық мамандығы ауқымында өзін-өзі жетілдіру үрдісіне қарай бейімдеуге болады. Осы тұста біз жеке бағытта кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің жеке тұлғалық бағытта қалыптасу үдерісінн көреміз. Шығармашылықтың негізі - жеке тұлғалық бағыттағы кәсіби талабы. Ол шығармашылыққа үйретсе де, ол кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің жеке өзіне тән ерекшеліктерін қалыптастыруда көрінеді. Мамандықта өзін көрсету ерекшелігі нақты «Мен» бейнесімен анықталады. Ең бастысы, өзін-өзі өзгертумен бірге өзін-өзі көрсету формасы да өзгертіндігін түсіну. Автор танымдық-кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі жетілдіру жеткіліксіз әрі толыққанды болмаған жағдайда, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті меңгеруде кедергілер туындатады, – деп түйін жасаған.

Үшінші кезең. Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары бойынша оқитын студенттердің кәсіби іс-әрекетінің қалыптасуы танымдық-қызметтік тәсіл негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан студенттің болашақ кәсіби педагогикалық іс-әрекетімен үйлесімділігін сезінуі үшін жағдай

жасалуы керек. Біз бұл кезеңді оқу тәжірибесімен байланыстыра қарастырдық. Білім беру қызметтерінің әдісі педагогикалық білім алуды, педагогикалық теорияларды, әдістерді, технологияларды игеруді және педагогикалық шығармашылықты дамытады. Оқу соңында студент кәсіби педагогикалық іс-әрекетті игерудің өзі қалаған нәтижесінің қаншалықты дәрежеде болуы қажет екенін санаттық деңгейде анықтай алуы керек. Кәсібилік деңгейі екі жолмен тексеріледі:

- арнайы білім мен дағдылардың қаншалықты меңгерілгендігі;
- кәсіби іс-әрекетті меңгеру қабілеттерінің қаншалықты басқарылуы.

Мұнда болашақ маманның қарқынды дамуының негіз болатын нәрсісі жеке білім орта кеңістігінің құрылуы арқылы кәсіби педагогикалық қызметтің жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз етеді. Кәсіби кеңістік көлемі жеке кеңістік ауқымына бағыттайды.

Төртінші кезең. Педагогикалық зерттеулер жүргізудегі тұлғаның қалыптасу кезеңі, шығармашылық шабыттану мен шығармашылық педагогикалық қызметтің барлық қызметін орындау қажеттілігін түсіну кезеңі. Мұның нәтижесі әлеуметтік немесе пәндік талаптарды толықтыра түседі. Мұны шығармашылық (курстық жұмысының, дипломдық және жоба жазу, эссе тақырыптық баяндама, кәсіби білімін жетілдірудегі өзіндік жұмыстары) жұмысының немесе шығармашылық тәжірибелік жұмыстарды орындау. Жоғары оқу орнындағы ортаны болашақ мұғалімнің жеке тұлғалық дамуына әсер ететін кәсіби шығармашылық орта деп атауға болады, мұнда бәрі кәсіби педагогикалық қызметті игеруге бағытталған. Сондықтан кәсіби маманның өзін-өзі жетілдіріп, оны жоғары оқу орнының қабырғасында жүріп жасауы тиіс, деп түсінеміз [68].

Біз, өз зерттеу жұмысымызда кәсіби-педагогикалық дайындықтың негізгі көрсеткіші болып табылатын кәсіби іс-әрекетке дайындық мәселесі бойынша айқындалған кезеңдерді басшылыққа алу қажет деп санаймыз. Өйткені, жоғары оқу орындарындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық дайындығы теориялық білімді іс жүзінде қолдана білуімен, кез-келген жағдайда шешім қабылдау кезінде мұғалім тұлғасының бар болмысы көрініс беруі керек деп түсінеміз. Олар: тәрбиелік, білімділік, шығармашылығымен, өзін-өзі ұйымдастырумен және өзін-өзі жүзеге асырумен, мамандыққа бейімделуден бастап, кәсіби іс-әрекетті орындау қабілетіне құзыреттілік сипаттар болып табылады.

М.Ә. Қарасаев., Л.Қ. Еркінбаева, А. Нұғысовалар *кәсіби іс-әрекеттің* бір түрі педагогикалық іс-әрекет екенін, оның мазмұны оқыту, тәрбиелеу, білім, дамыту екенін алға қояды. Олар «Кәсіби іс-әрекет» ұғымының ауқымы «педагогикалық іс-әрекет» ұғымынан гөрі кеңірек, себебі мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті осы проблеманы зерттеген мамандардың [67,б. 89] пікірінше: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, әлеуметтік-мәдени, психотерапевтік, коммуникативтік және т.с.с. функционалдық элементтерден тұратынын атап өтті.

М.К. Бұлақбаеваның пікірі бойынша мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті кәсіби іс-әрекеттің негізгі субъектісі болып табылады. Педагогикалық іс-әрекет аясында мұғалім оқушымен қарым-қатынас процесінде ғылымды

байланыстырушы мәнге ие. Ендеше, мұғалім білім мазмұнын бере отырып, ұжымдық субъектілердің іс-әрекетін жеке субъектілердің жеке іс-әрекетіне айналдыру процесін ұйымдастырады, сөйтіп жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді [69].

Ш.Д. Иманғалиева және Р.Бекмурзаева студенттер болашақ кәсіби іс-әрекеттің әлеуетін құрайтын тұлғалық сапалардың белгілі бір жиынтығын игеруі қажет деп есептейді. Осы әлеуеттің міндетті құрамына ол тұлғалық қасиеттерді, рефлексивті қабілеттерді, өзін жетілдіру мотивтердің қалыптасуы болып табылатынын атап өтті. Яғни болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке рефлексиялық қатынаста өзгерістерге бейімделуі адамның өзіндік санасы көмегімен жүзеге асатындығын айқындайды. Болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен әлеуметтік-педагогикалық технологияларды пайдалану мен педагогикалық алғы шарттардың жүзеге асырылуының арасында байланыс барын зерттеп, өз еңбектерінде қарастырған [70].

Ж.А.Жүсіпова мұғалімнің кәсібилігі алдымен мұғалімнің адамды сан қилы етіп қалыптастыратын кәсіби іс-әрекетінің жан-жақтылығымен байланысты. Мұғалімнің кәсібилігін анықтайтын критерийлердің ішінде басты орынды, педагогикалық іс - әрекеттің нәтижелерін-білім беруді және оқушылардың әлемге қатынасын бөліп көрсету керек. Болашақ бастауыш сынып мұғалімнің кәсіби деңгейін оның оқушыларға тиісті дәрежеде білім беру, біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру тұрғысынан бағалау қажет. Шебер мұғалім, біріншіден, ұлтымызға тән тәрбие мазмұнындағы жұмыстарды ұйымдастырып оқушылардың тұлғалық болмысын қалыптастыру мен дамытуда адами-ізгіліктер сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-саналарына, қол өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық-жарқындығы мен бауырмалдылығына, яғни қазақ ұлтының рухани және материалдық құндылықтарын тәрбие мен оқыту арқылы сіңіру.

Екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті.

Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы керек. Мұғалімнің жеке басының үлгісі – кәсібилікпен бітұтастықта болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты. Болашақ педагог маманның кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселесі заман талабы [71]. Біздің ойымызша, кәсіби іс-әрекет адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызды жағы болып табылады, себебі ол арқылы тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы іске асып, өз мүмкіншіліктерінің толығымен жұмсалуды қамтамасыз етіледі. Тұлғаның ішкі рухани болмысының дамуы көп жағдайда тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен анықталады. Адамның ішкі танымдық болмысы өзінің объективті бейнеленуінде тұлғаның кәсіби қалыптасуында көрінеді.

Біздің ғылыми жұмысымыздағы кәсіби іс-әрекетке дайындық мәселесін зерттеген Л.А.Кандыбович кәсіби іс-әрекет тұлғаның барлық жақтарының көрініс беруіндегі оның біртұтастылығы деп есептейді [72].

Осы ойды жалғастыра отырып А.А.Деркач: кәсіби іс-әрекетке тұлғаның дайындығын зерттеу барысында оны маман тұлғасының барлық жақтарының

біртұтас көрініс беруі ретінде қарастырып, оған танымдық, мотивациялық және рефлексиялық компоненттерді кіріктірген. Ғалым дайындықтың құрылымындағы мотивациялық-мақсаттылықты негізгі компонент ретінде анықтайды [73]. Екі ғалым да педагогикалық әрекетке даярлықты жеке тұлғалық сапалардың біртұтастығымен байланыстыруы негіз болып табылады.

Осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын зерделей келе, «даярлық» түсінігінің іс-әрекет теориясының бөлігі ретінде қарастырылатындығын анықтадық. Сонымен бірге, бір жағынан, «даярлық» дайындау үдерісінің нәтижесі, ал екіншіден белгілі нәрсеге бағдарлану ретінде сипатталатынына көз жеткіздік.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекеті білім беру жүйесіндегі басқада буындарындағы педагогикалық іс-әрекеттермен ортақтастығы байқалады. Сонымен қоса, мектеп мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі өзіндік ерекшеліктері де анықталды. Осы мәселені Т.А. Вековцеваның, Ю.В. Подповетная, И.В. Резановичтың өз еңбектерінде айтып өтті. Авторлар мектеп мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі ерекшеліктерін төмендегідей сипаттайды:

- тұлғалық қасиеттерінің даму қажеттігі бар педагогтың кәсіби іс-әрекетінің көп түрлілігі;
- педагогтың кәсіби сәйкестігінің белгіленген критерийлері (ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, ғылыми марапаттары, жарияланымдары және т. б.);
- педагогтың кәсіби тиімділігінің белгіленген критерийлері (оқу жүктемесін орындау, әдістемелік және тәрбие жұмысы, ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және т. б.);
- мұғалімнің кәсіби іс-әрекет барысында коммуникативті қабілетінің басымдығы;
- мұғалімнің кәсіби қызмет құралдарының ерекшеліктері (білім, біліктілік, мәдениет, адамгершілік т. б.) [74,75].

Болашақ мұғалімді кәсіби дайындау мәселесін көптеген педагогика саласының ғалымдары зерттеп, осы тақырыпқа көптеген еңбектер жазылған. Болашақ мұғалімдерді дайындауда ең бастысына мұғалімнің терең ойлауын дамыту керек екендігін және де өз ісін сүюге тәрбиелеу қажеттігін алға тартады. Болашақ мұғалімнің білім, білік-дағдылары мен жалпы кәсіби дайындығы мектептегі оқыту және тәрбиелеу үдерістерінің сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі күні тәрбие берудегі басым рөл өскелең ұрпаққа ауқымды және мақсатты тәрбиелік ықпал етуге қабілетті, қазіргі уақытта негізгі әлеуметтік институт ретінде, білімге тиесілі. Жас ұрпаққа тәрбиелік ықпал етудің өзіндік сипаты бойынша басқа да «қозғаушы күштер» бүгінгі таңда көбінесе жоғалып кеткен. Отбасы институтының дағдарысы, бірыңғай мемлекеттік саяси идеологиядан бас тарту, діни ұйымдардың қоғамдық санаға әсерін төмендету, ұлттық мәдени дәстүрлерінің «Батыс» прагматикалық құндылықтары, капиталистік экономикалық үлгімен бірге, біздің қоғамға аса белсенді түрде тиіп жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының бұрмалайтын рөлі осыған дәлел.

Қазіргі педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұны жаңаша қарауды және әдіснамалық тұрғыдан айқындалуын талап етеді. Бұл нақты оқу орындары деңгейінде даярлау үдерісін іс жүзінде жүргізуді түбегейлі қарастыруға алып келеді. Білім беру жүйесінің бірден басқа деңгейіне ауысқан кезде тәрбие үдерісінде сабақтастықтың жаңа жүйемен мазмұндағы сипатқа ие болатындығын негізге алуымыз керектігі бар. Егер біз, адамның бүкіл өмірі бойы мағына түзуші бағыт болып жүретін білім беруді білдіретін «үздіксіз білім беру» тұжырымдамасы және оның практикада іске асыруда сабақтастық бастапқыда мәселе болуға тиіс [76].

Осы орайда біз есеретін жайт, бұл жағдайда тәрбиелеудегі сабақтастық туралы сөз, өзінің кәсіби қызметінде жас ерекшелік принципін басшылыққа алатын педагогтің ақыл-ой мәнінен туындайтын емес, жүйелі сапа ретінде болып отыр. Белгілі формада берілген ақпараттармен немесе практикалық іскерлікпен және дағдылармен (құрылымдауға және бақылауға оңай келетін өте нақты сезілетін заттармен) айналысатын оқытудан тәрбиелеудің айырмашылығы, қарым-қатынас саласында жатқан адамның әлеуметтік болмысының моральдық-адамгершілік мағыналы мінез-құлық аспектілерін қозғайтындығы, оның қиын диагностикаланатындығы да және бақыланатындығы да сондықтан деуге болады.

Жалпы, қазіргі прагматикалық бағдарлы білім беру үдерісінде тәрбие өзінің бұрынғы мәртебесінен айырылып, оқуға қатысты факультативтік элементке айналды деп айтуға болады. Педагогикалық іс-әрекеттің жүйелі жалпыланған сипаттамасы отандық педагог-зерттеушілердің, атап айтқанда В.В.Сериковтың жұмыстарында берілген, оның негізгі аспектілерін атап көрсеткен және сипаттаған, олардың ішінде ол: мақсат дағдарысы, өйткені тұтастай алғанда қоғам тәрбиелегісі келетін адамның идеалды моделі туралы түсінік жоғалған; дүниетанымдық дағдарыс, өйткені қоғамдық – экономикалық формацияның өзгеруі жағдайында адам мен қоғамның қарым-қатынасы, оның жеке және әлеуметтік тіршілік әрекеті, өмір сүру мәні сияқты сұрақтар шиеленісе түсті; өзінің жеке түсінігіндегі консервативтілік пен қоғамдық үдерістерден объективті түрде артта қалуына байланысты педагогикалық фактілер мен тәрбиелік тұжырымдамалардың көптүрлілігін түсіндіре және реттей алмайтындығымен тәрбиелік іс-әрекетті басқа жүйелік үдерістерден бөліп, оның табиғатын және педагогикалық іс-әрекеттің басқа түрлерінен өзіндік айырмашылықтарын көрсете алмайтын теорияның дағдарысы. Басқаша айтқанда, педагогикалық іс-әрекет заманауи әдіснамалық негізінің жүйеленбеуі жаңа жағдайларда оқу-тәрбие қызметіне кәсіби даярлаудың маңызымен байланысын ашып бере алмауда [77].

М.И.Дьяченко педагогтың кәсіби дайындау құрылымындағы мотивациялық, бағдарлық, операциялық компоненттерін бөліп сипаттайды. Бұл компоненттердің қалыптасуы кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешу жағдайын қамтамасыз етеді деген мәлімдеме айтады [78]. Ғалым дайындықтың құрылымындағы мотивациялық-мақсаттылық компонентін басты компонент

ретінде көрсеткен. Аталған компоненттер жиынтығын бойында қалыптастыра алған мұғалім өз қызметінде табысқа қол жеткізеді деген пікірдеміз.

С.Л.Рубинштейн мұғалімдерді дайындау міндетін басты әрі маңызды мәселенің бірі ретінде қарап, оның тұлғасын жетілдіріп, дамытуға аса назар аударды. Мұғалімнің қалыптасуы үшін ғалым ең бірінші адамға табиғаттан берілгенді қалыптастыруы тиіс, екіншіден, ғылым мен теориялық жұмыс барысында берілгенді меңгеруі қажет, үшіншіден тұлға өзінің бойында нені қалыптастыруы қажет екендігін айқындап алуы тиіс екенін айтып өтті. Сонымен қоса, ғалым мұғалімнің кәсіби және тұлғалық дамуында, оның бар қасиеттерінің ашылуына барынша көмектесу керектігін ескертеді. Ол мұғалімнің кәсіби және тұлғалық қалыптасуы үшін ерекше маңызы бар қасиеттерді атап өтті: белсенділік, шығармашылық, бағыттылық, жауапкершілік, ұйымдастырушылық, сыпайылық, ұлтшылдық, адамгершілік, әдептілік, талапшылдық, эмпатия, креативтілік, шапшаңдық, мақсаттылық [79]. Бұл сипаттамада біз қарастырып отырған кәсіби дайындығы бар мұғалім тұлғасында болуға тиісті қасиеттер де көрсетілген деп санаймыз.

Мұғалім және оны кәсіби дайындау мәселесі бойынша әйгілі педагогтар А.Дистерверг [80], Я.А.Коменский [81], К.Д.Ушинский [82] өз зерттеулерін арнаған. Мұғалім дайындаудың ғылыми негіздерін салуға үлес қосқан ресей педагог-ғалымдары П.П.Блонский [83], С.Т.Шацкий [84] болып табылады. Ал біздің зерттеуіміздегі мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті мен оның тұлғалық қалыптасуы жөнінде Т.А. Вековцева, З.Ф. Есарева, С.М. Жақыпов, Н.В. Кузьмина, Г.М. Ложкова, А.К. Мынбаева ғылыми зерттеу жұмыстарында қарастырған.

Кейбір зерттеушілер, ғалымдар мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке дайындығының құрылымына білімдерді ғана емес, сонымен қоса практикалық іскерліктерді де енгізіп қарастырған. Мысалға айтар болсақ, орыс зерттеушісі Н.В.Кузьмина кәсіби педагогикалық іскерліктер жүйесіне: жобалау, ұйымдастыру, зерттеушілік, конструктивтік және коммуникативтік сияқты сапаларды жатқызады [52,с. 69]. Автор аталған іскерліктер мұғалімдердің кәсіби қызметтерін тиімді әрі жемісті атқаруға қажетті қасиеттері ретінде қарастыруы біз көтеріп отырған мәселе идеясына сәйкес келеді.

Н.В. Кузьмина бойынша педагогтың кәсіби педагогикалық іскерліктер жүйесі:

- *зерттеушілік* – шетелдік және отандық немесе халықаралық дереккөздерге негізделген ғылыми жаңалықтарды қадағалау, оларды білімгерлерге таныстыру;

- *жобалаушылық* – бұл студенттердің бағдарлама бойынша оқу мазмұнын игеруіне ғана емес, сонымен қатар болашақта алған білімдерін практикада қолдану қабілетіне де бағытталған. Мамандық бойынша және білімгерлердің өз бетінше ақпарат көздерімен жұмыс істеуі үшін тапсырмалар жүйесін әзірлейді. Студенттердің ақыл-ой, адамгершілік және саяси тәрбиесінің құралы ретінде өздігінен білім алу курстарын ұйымдастырады [52,с. 72].

А.С.Макаренко болашақ мұғалім дайындауда кәсіби білім деңгейінің сапасын жоғарылату үшін педагогикалық ЖОО-да оқу бағдарламаларын күшейте түсу, яғни заман талаптарына сай жасақталатынын мәлімдейді. Оның пікірінше: ЖОО барысында білімгер тек қана арнайы білімді меңгеріп қоймай, сонымен бірге оның тұлғасы, яғни *мәдениетті, ұйымдастыру қабілеті жоғары, адамгершілік қабілеті қалыптасқан, өзін-өзі бақылауға, бағалауға қабілетті және өз іс-әрекетін басқара алатын* маман иесі болуы тиіс деп түсіндіреді [85].

Н.А.Эверт «кәсіби өсудің бірінші кезеңінде студент тұлғасының басты сапасы болашақ кәсіби қызметке бағдарлану және дайындық болып табылады, ал екіншісінде өздігінен білім алу қажеттілігі» деп атап өтті [86].

Айтылған пікірлерде педагогтың кәсіби іс-әрекетке дайындығын көрсететін негізгі сапалар айқындалған деп білеміз және олардың біздің жұмысымыз үшін маңызы бар.

Кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесін зерделеу көптеген ғалымдардың зерттеулерінде негіз болғандығын 1-кестеден көре аласыздар (кесте 1).

Кесте 1 – «Кәсіби іс-әрекетке даярлау» ұғымына контент-талдау


Ғалымдар	Анықтамалар
1	2
Дүйсембінова Р. Қ.	Кәсіби дайындық – жеке тұлғаның кәсіби бағыттылығының, білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының және кәсіби даярлығының қалыптасуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру және педагогикалық шаралар жүйесі
Т.С. Сабыров	Мұғалімнің кәсіби даярлығына оқыту үрдісінің теориясы мен тәжірибесі бойынша меңгерген білімдері, өз мамандығына деген қызығушылығымен ынтасы
А.А.Деркач	Кәсіби іс-әрекетке дайындаудың мазмұндық-құрылымына мотивациялық және эмоционалдық компоненттер кіреді. Кәсіби дайындықтың құрылымындағы мотивациялық-мақсаттылық компонент ретінде жүреді
В.А. Слостенин	Мұғалімнің іс-әрекетке кәсіби дайындығы бірнеше қасиеттер мен сипаттамалармен анықталады: өз мамандығы бойынша мақсат қою арқылы педагогикалық әрекеттің әртүрлі деңгейлерінде қалыптасатын психологиялық дайындық; кәсіби-педагогикалық іскерліктер мен дағдылары талапқа сай болуы - практикалық даярлық; кәсіби және педагогикалық дағдылар мен біліктердің талапқа сәйкес болуы-практикалық дайындық; қалыптасқан кәсіби құнды, тұлғалық сапаларының болуы - психофизиологиялық даярлық; денсаулық жағдайы педагогикалық іс-әрекеттің талаптарына сәйкес физикалық даму және кәсіби жұмыс істеу қабілеті- дене бітімі даярлығы.
Рубинштейн С.Л.	Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке дайындығы оның психологиялық-педагогикалық білімдер жүйесін, адамгершілік қасиеттерін, тұлғалық қабілеттерін, бағдарламалық әдістемелік білімдер мен дағдылары қамтиды
Никитенкова Л.В	кәсіби іс-әрекетке даярлық мұғалімнің ақыл-ой даярлығының әр түрлі аспектілерін сипаттайтын тұлға қасиеттерін, кәсіби-тұлғалық сапалар ретінде анықтама береді

1 – кестенің жалғасы

1	2
Н.Д.Хмель	кәсіби іс-әрекетке даярлықтың мазмұндық құрылымына мотивациялық, мазмұндық және операциялық компоненттерін бөліп көрсетеді
Дьяченко М.И. Кандыбович Л.А.	Кәсіби даярлықтың аспектілері ретінде эмоционалды-еріктік және мазмұндық операциялық компоненттерді жеке бөліп зерттейді
Масленикова В.Ш.	Кәсіби даярлық - әлеуметтік-педагогикалық әрекетті жүзеге асыратын көп деңгейлі, интегративті тұлғалық қасиеттер деп анықтама береді
Сластенин В.А.	Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке даярлығы деп мұғалім меңгеруге тиіс жалпы педагогикалық біліктер жүйесі деп түсінілсе, кейінгі шыққан еңбектерінде өзара байланысқан құрылымдық компоненттердің: мотивациялық-құндылықтық (тұлғалық) және орындаушылық (іс-әрекеттік) байланысты «ерекше психологиялық күйі» ретінде қарастырады. Ендігі кезекте кәсіби даярлық құрылымына: психологиялық (бағыттылық, ұстаным); ғылыми-теориялық (кәсіби білімдер жүйесі); практикалық (жалпы педагогикалық біліктер жүйесі); психофизиологиялық (нышандар, қабілеттер); физикалық (денсаулық жағдайы) даярлық және кәсіби жұмысқа қабілеттілік жатады

Сонымен біз педагогикалық әдебиеттерде аталған ғалымдардың кәсіби іс-әрекетке дайындау ұғымына берген анықтамаларын талдай келе кәсіби іс-әрекетке дайындаудың мәндік сипаттамасын 4-суретте береміз.

Аталған суретте кәсіби іс-әрекетке дайындаудың мақсатын, сипатын, мазмұнын және жүзеге асуын қамтитын құрылымдық-мазмұнымен сипатталады.



Сурет 4 – Кәсіби іс-әрекетке дайындаудың құрылымдық сипаттамасы

Кез-келеген қызметте өз ісін жоғары деңгейде меңгерген шебері болады. Бұндай іс-әрекеттің түрі кәсіби іс-әрекет деп танылады. Кәсіби іс-әрекет өз кәсібі негізінде функцияларды орындау үшін қажетті білім, білік, дағды жүйелерін меңгеруді міндет етеді. Кәсіби іс-әрекеттің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін теориялық, практикалық білімдер алу арқылы, өз *бетімен білім* алу мен өздігінен жетілуді дамыту арқылы тұлға бұл білім мен білікті бойына сіңіре алады.

П.Ф. Каптерев: білім беру барысында мұғалімнің тұлғалық болмысы бірінші орында тұратынын алға тартады. Оның ерекшеліктері оқытудың тәрбиелік әсерін не арттырады, не төмендетеді деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар, ғалым мұғалімнің аса маңызды сапаларына: оның кәсіби дайындығы мен жеке тұлғалық дарындылығын жатқызады. Автор болашақ мұғалім бойында жауапкершілік, адамгершілік, байқампаздық, шыдамдылық, өзіне деген талапшылдығы сияқты маңызды тұлғалық сапалары болуы қажет деп санайды [87].

Ғылыми әдебиеттерде тұлғалық болмыс адамның жеке психологиялық ерекшеліктерінің жалпылама сипаттамасы ретінде түсіндіріледі, ең алдымен өзінің ішкі ұсыныстары мен критерийлерінен адамға шешім қабылдауға және мінез-құлқын реттеуге мүмкіндік береді. А. А. Деркачтың пікірі бойынша жеке әлеуеті тек қана потенциалдық (табиғи жағынан негізделген сапалар мен қабілеттер) ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылуы және іске қосылуы мүмкін жаңартылатын ресурстардың жиынтығын да қамтиды, бұл прогрессивті жеке және кәсіби дамуға ықпал етеді. Адамның тұлғалық болмыс олардың талаптарын түсінуде және өзін тануда, тұлғалық ресурстарға құндылық қатынаста, мақсатқа жету және рефлексия негізінде белсенді және жауапкершілікпен әрекет ету мүмкіндігінде көрінеді. Жеке тұлғалық әлеует ұғымы когнитивті, экзистенциалды-құндылықты, іс-әрекет-креативті белгілерден тұрады және денсаулық, белсенділік дәрежесі, меңгерген мәдениет деңгейі, білім, білік, кәсіби және тұрмыстық сипаттағы дағдылар жиынтығы, адамның жеке қасиеттерінің жиынтығы және рухани-адамгершілік даму деңгейі сияқты құрамдарды қамтиды [88].

Болашақ маманның маман ретінде дамуы мен тұлғалық болмысының тәрбиеленуі үшін бірнеше кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруы тиіс. Сол себепті болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің тиімділігі біржақты бағалаумен шектелмейді. Ол дегеніміз болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетте, маңызды болатын тұлғалық сапалардың өзектенуі мен дамуына талаптар қойылады. Белгілі орыс ғалымы Н.В. Кузьмина жазғанындай «кәсіби іс-әрекетінің құрылымы педагог тұлғасының құрылымында бейнеленеді» [52, с. 129].

Сол себепті де кәсіби іс-әрекеттің ықпалынан туындайтын мұғалімнің тұлғалық болмысы күрделі ұйымдасқан құрылым ретінде дамиды. К.Г. Юнгте: «өзі тұлға бола алмаған адам басқаны тұлға ретінде тәрбиелей алмайды» деп айтып өткен [89].

Жоғары оқу орнының білім беру үрдісінің ерекшеліктері оқылатын пәндердің көптүрлілігі, қарқынды оқу графикасы, педагогикалық білім

мазмұнын ұстау бойынша өзіндік жұмыстың үлкен үлесі студенттердің іс-әрекетінің белгілі бір өзін-өзі ұйымдастыруын талап етеді. Бұл жағдайлар кәсіби-педагогикалық дайындық үрдісінде өзін-өзі тәрбиелеу мен өздігінен білім алу дағдылары мен тәсілдерінің маңыздылығын өзектендіреді [90].

Осылайша, ЖОО-да кәсіби іс-әрекетке даярлау тұлғалық болмысын қалыптастыру үшін бай мүмкіндіктерге ие.

Берілген теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып біз тұлғаның болмысына өз анықтамамызды ұсынамыз. **«Тұлғалық болмыс – терең оқу, адал еңбек, қарым-қатынас, өз бетімен жұмыс, интеллекттің жоғары деңгейі, құрметтеу, ерікті қасиеттерден тұратын құрылым».** Біздің пікіріміз бойынша мұғалімнің тұлғалық болмысы қалыптасқанда ғана ол тұлғалық болмысы жоғары педагог болады, ал оны дамыту жоғары оқу орнындағы негізгі мақсаттарының бірі.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың ойларын негізге ала отырып, біз **«кәсіби іс-әрекетке даярлау - бұл білім стандарттары мен ережелеріне сәйкес теориялық және практикалық дағдылар мен білім алуға негізделген болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісі»** деп нақтылаймыз.

1.2 Кәсіби іс-әрекетке даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдіснамалық негіздері

Бүгінгі таңда кәсіби және педагогикалық іс-әрекет жеке тұлғаның дамуына жағдай жасайтын, сондай-ақ жас ұрпақтың бойына адамзат мәдениеті мен тәжірибесін игеруін, жеке тұлғаның қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауға дайындығын қамтамасыз ететін әлеуметтік қызмет түрі ретінде жүзеге асырылады.

1.2 бөлімінде кәсіби іс-әрекетке даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдіснамалық негіздеуде әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарды айқындалатын болады. Бұл тұста ең алдымен ЖОО-ның болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауға арналған білім беру бағдарламасын қысқаша талдауды жөн санаймыз.

Осы орайда кәсіби іс-әрекет адам өмірінің маңызды аспектісі болып табылады, өйткені ол тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын және өз мүмкіндіктерін толық пайдалануды қамтамасыз етеді. Жеке тұлғаның жан дүниесінің дамуы көбінесе тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен анықталады деп айта аламыз. Адамның ішкі позициясы адамның кәсіби қалыптасуында оның объективті көрінісінде көрінеді.

Нәтижесінде, қазіргі білім берудің басты мақсаты - білім мен дағдыларды қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге тұлғаның әлеуметтік құнды іс-шараларға қатысуы үшін өзіне және қоғамға қажетті қабілеттерін дамыту. Бұл тұрғыдан ойды өрбітетін болсақ, білім беруде тек білімді меңгерту, білік пен дағдыларды қалыптастыру жеткіліксіз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың негізгі құрамдастарын дамыту үшін пәндік-

әдістемелік дайындық шеңберінде оқу үдерісін ұйымдастыруға белгілі бір жағдайлар жасау қажет. Осы бағыттағы болашақ мамандарды ЖОО дайындаудың негізгі бағыттарын біз бакалавриаттың «6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасын талдау барысында анықтадық.

«6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының мақсаты: оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын қолдана отырып, жүйелендірілген теориялық және практикалық білімді пайдаланып, өзінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне жауап бере алатын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, психологиялық-педагогикалық қызметті модельдеуге қабілетті бастауыш оқыту саласындағы білікті мамандарды даярлау.

«6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының мазмұндық талдауы педагогикалық шындық объектілерінің, құбылыстары мен процестерінің әмбебап байланысы мен өзара тәуелділігін көрсететін жүйелік-құрылымдық көзқарас тұрғысынан жүргізілді. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасының құрамдас бөліктері болашақ мамандардың ғылым мен өндірістің әртүрлі салаларынан білімді өз бетінше алу, оларды топтастыру және белгілі бір білім беру контекстінде шоғырландыру қабілетін дамытуға бағытталған оқытудың пәнаралық көзқарасы аясында қарастырылды.

Талдау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру жүйесінде теориялық-әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, тәжірибелік-бағдарлық, ғылыми-зерттеушілік бірнеше бағыттар анықталады.

Теориялық-әдіснамалық бағыт жоғары оқу орындарының базалық және кәсіби пәндерінің шеңберінде жүзеге асырылады, оның мазмұны бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға тікелей бағытталған: «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» базалық және кәсіби пәндері.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің мақсаты: оқушылармен тәрбие жұмысының теориясы, әдістемесі және техникасы саласында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру. Мазмұны: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін фундаменталды даярлауға бағытталған. Тәрбие теориясы мен әдістемесі бастауыш білім беру мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлауға бағытталған, ол тәрбие процесін ұйымдастырудың теориялық негіздерін, оның заңдылықтары мен принциптерін, мақсаттары мен мазмұнын, сондай-ақ тәрбие жұмысының әдістерін, формаларын, құралдарын, шарттарын зерттейтін педагогиканың бір бөлігі болып табылады.

Пәнді меңгергеннен кейінгі болашақ мамандарда қалыптасатын құзыреттілігі: тәрбие қызметін құрастыра және жүзеге асыра алады; оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие жұмысын саралай алады;

балалармен , ата-аналармен және педагогтармен ынтымақтастық, диалогтық қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.

«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәнінің мақсаты: мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерін анықтау, бастауыш білім беру педагогының кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы жайында білімдерін, шығармашылық белсенділігін қалыптастыру. Мазмұны: бұл пән мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерін: «шығармашылық», «кәсіби-шығармашылық іс-әрекет» ұғымдарының мәні және т.с.с., бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін дамытудағы бастауыш білім берудің педагогикалық әлеуетін, бастауыш білім беру педагогының кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы жайында білім қалыптастыруға, бастауыш сынып мұғалімі педагогикалық іс-әрекетінің қажетті компоненті ретіндегі шығармашылық іскерлігін қалыптастыруға бағытталады.

Пәнді меңгергеннен кейінгі болашақ мамандарда қалыптасатын құзыреттілігі: бастауыш білім беруді дамытудың басым бағыттарының мәнін түсінеді және түсіндіреді, олардың мазмұнын өзінің кәсіби-шығармашылық қызметінде ескереді; өз қызметінің басымдықтарын және өзін-өзі бағалау негізінде оны жетілдіру тәсілдерін айқындауға және іске асыруға қабілетті; білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және кәсіби этика нормаларына сәйкес кәсіби-шығармашылық қызметті жүзеге асыруға және оңтайландыруға қабілетті; қолда бар жағдайларды, ресурстарды, болашақтағы және жоспарланған нәтижелерді ескере отырып, кәсіби өсудің басымдықтарын айқындайды. Әзірленген критерийлер бойынша өзін-өзі бағалау негізінде өзінің шығармашылық іс-әрекетінің тиімділігін бағалайды.

Психологиялық-педагогикалық бағыт болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастыру үдерісінде қолдануға болатын тиімді педагогикалық технологияларды, инновациялық психологиялық әдістемелерді, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін зерттеуді қамтиды. Психологиялық-педагогикалық дайындықты қамтамасыз ететін пәндер: «педагогика», «психология».

«Педагогика» жаңартылған орта білім мазмұны жағдайында оқытудың жаңаша әдістері мен технологиясын қарастырады. Педагогикалық үдерісті болжау, жоспарлау және басқару, ғылыми талдау әдістерін зерттейді. Педагогиканың гуманитарлық білім және білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекетінің саласы ретіндегі теориялық түсініктерін және қалыптастырады.

«Психология» адамның дара тұлғалық психикасын, өзінің сан-алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да туа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетін зерттейтін ғылым, кей-кезде адам мінез-құлығын зерттеу деп те анықталады.

Әдістемелік бағыт мектептегі пәндерді оқыту әдістемесін қамтиды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінде «Кәсіби іс-әрекет арқылы мұғалімнің тұлғалық болмысын қалыптастыру», «Педагогикалық технологиялар негізінде оқушылардың оқу сауаттылығын

дамыту әдістемесі» сабақтарында болашақ мұғалімдердің тұлғалық болмысын қалыптастыруды көздейді.

«Кәсіби іс-әрекет арқылы мұғалімнің тұлғалық болмысын қалыптастыру» атты элективті курсының мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориясы мен әдістемесін меңгерту.

Мазмұны: машықтану қызметін қалыптастыруға, белсенділікті тәрбиелеуге, студенттердің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға, мәдениетке деген қатынасты дамытуға, кәсіпке деген құндылықтарды бағыттауға, өзін-өзі тануға талпынуға, кәсіби қызметінде өзін-өзі жетілдіруге бағытталады.

«Педагогикалық технологиялар негізінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту әдістемесі» пәнінің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын педагогикалық технологиялар негізінде дамытудың жолдарын меңгерту.

Мазмұны: бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен танымдық құзыреттілігін арттыру, оқушылардың мәтіндерді оқу және түсіну қабілетін педагогикалық технологиялар негізінде дамытудың жолдарын меңгерту. Оқушылардың оқу дағдыларын меңгерудің деңгейін, ақпаратты түсіндіру, жинақтай білу, мәтінді мазмұны жағынан да, құрылымы жағынан да талдай білу әдістерін меңгерту. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуда жазбаша мәтіндерді түсіну және қолдану, олар туралы ой толғау қабілетін арттыру жолдарын қарастыру. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын педагогикалық технологиялар негізінде дамытудың жолдарын меңгерту.

Пәнді меңгергеннен кейінгі болашақ мамандарда қалыптасатын құзыреттілігі: жалпы және кәсіби тақырыптарға тілдік қатынас жасауға қабілетті және көптілді қарым-қатынас жағдайында жазу дағдылары бар. Нақты білім беру мекемесінің оқу-тәрбие үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін заманауи әдістемелер мен технологияларды, соның ішінде ақпарттық технологияларды қолдануға дайын ойлау мәдениетін меңгерген, ақпаратты жинақтау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу жолдарын таңдауға қабілетті.

Тәжірибеге бағытталған бағыт әртүрлі кәсіби тәжірибе түрлерімен және болашақ мамандарды бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісіне тікелей қосумен, соның ішінде болашақ мұғалімдердің тұлғалық болмысын қалыптастыруға бағытталған кәсіби практикалардың түрлері: оқу практикасы, психологиялық-педагогикалық практика, педагогикалық практика, өндірістік практика, дипломалды немесе өндірістік практика

«Оқу практикасы» білім алушылардың оқу практикасы жоғары білікті мамандарды даярлаудың маңызды бөлігі болып табылады, практика базасы болып табылатын білім беру мекемелерінде - мектептерде жүргізіледі. Білім алушылардың оқу практикасы жоғары оқу орнында оқу процесінде алған білімдерін бекітуге, практикалық дағдыларды меңгеруге және тәжірибені меңгеруге бағытталған.

«Психологиялық-педагогикалық практика» білім алушылардың кәсіптік практикасы жоғары білікті мамандарды даярлаудың маңызды бөлігі болып табылады, практика базасы болып табылатын білім беру мекемелерінде - мектептерде жүргізіледі. Білім алушылардың кәсіби практикасы жоғары оқу орнында оқу процесінде алған білімдерін бекітуге, практикалық дағдыларды меңгеруге және тәжірибені меңгеруге бағытталған.

«Педагогикалық практика» білім беру мекемелерінде, іс-тәжірибе базасы болып табылатын мектептерде өтетін педагогикалық іс-тәжірибе білікті мамандарды дайындауда маңызды саналады. Студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесі барысында университетте алған білімдерін нығайтуға, практикалық дағдыларды игеруге және тәжірибесін дамытуға, әдістемелік білімдерін молайтуға бағытталған.

«Өндірістік-педагогикалық практика» білім беру бағдарламасының міндетті бөлігі болып саналады. Өндірістік-педагогикалық практика білім алушылардың кәсіби-практикалық дайындығына тікелей бағытталған оқу пәндерін оқыту және мектептегі тәрбие жұмысын білдіреді.

Өндірістік-педагогикалық практиканың мақсаты: оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін іс-әрекет тәжірибелік білігі мен тәсілдерін қалыптастыру.

Мазмұны: мектеп құжаттарымен танысу. Сабақты талдау, оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыруды бақылау. Бастауыш мектеп пәндері бойынша сабақ беріп көру және қорытынды сабақтарын, сыныптан тыс іс-шараларды жобалау және өткізу, оларды өзіндік талдау.

Өндірістік практиканы өткеннен кейінгі болашақ мамандарда қалыптасатын құзыреттілігі: жаңартылған оқу бағдарламаларына сәйкес сабақ, сабақтан тыс іс-шараларды жобалау және өткізу.

«Дипломалды немесе өндірістік практика» – бакалаврдың біліктілік жұмысын (жобасын) орындау. Білім беру саласындағы зерттеу пролемаларын шешу дағдысын жетілдіру, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістерімен танысу, біліктілік жұмысына байланысты мәселелерді (бөлімдер, тақырыптар) игеру сияқты міндеттерді шешуге бағытталған.

Зерттеу бағыты болашақ мамандардың педагогикалық шындықты зерделеу және түрлендіру үшін, атап айтқанда, білім алушылардың тұлғалық болмысын қалыптастыруда зерттеу дағдыларын меңгеруге бағытталған. Оны жүзеге асыру «Бастауыш сынып мұғалімінің жобалау-зерттеу қызметі» пәні бойынша зерттеу құзыреттіліктерді игеруді, дипломдық жұмыс немесе дипломдық жобаны жазу және қорғауды қамтиды. Болашақ мамандар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін дипломдық жұмысты қорғау кезінде ұсынып, кәсіби іс-әрекеттерінің дамуы мен тұлғалық болмысының қалыптасуын көрсетеді.

Жоғары оқу орнын бітіруші түлектерге маңызды деп белгіленген мақсат, міндеттерді жүзеге асыруға, жоғары оқу орны қабырғасында даярлануы тиіс. Жоғары мектеп келесі міндеттерді шешу керек:

- оқу бағдарламаларын жетілдіру арқылы маман дайындаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

- мамандықтардың мемлекеттік классификаторын жетілдіру, жоғары және жоғары білім беруден кейінгі кәсіби білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын дамыту және ендіру;
- барлық салада халықаралық қатынастарды кеңейту;
- педагогикалық кадрларды қайта даярлау және білімін жетілдіруді одан әрі дамыту;
- қашықтықтан оқытуды және жаңа ақпараттық технологияларды ендіру;
- ауылды жерге және артта қалған аудандарға жіберілген мамандарға жеңілдіктер қарастыру;
- академиялық және салалық ғылымның жоғарғы білім беру мен әр кезеңдік интеграциялау [91].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесі кең таралған құрылым болып, әр жеке тұлғаның қажеттілігімен, қызығушылығын, даралық ерекшеліктерін қажетті деңгей де ескеру керек, халықтың әр түрлі әлеуметтік және кәсіби топтарының білім алу сұраныстарына тез арада ден қойып, білім алушыларға білім беру қызметінің көлемі мен құрылымын таңдау құқығын беріп, максималдық деңгейде жалпы және арнаулы даярлықтың бірлігі принципін пайдалануы тиіс. Жаңа технологияларды кең қолдана отырып, пәнаралық көппрофильді оқытуға мүмкіндік беру керек.

Жоғары оқу орнында педагогикалық курстарды оқытудың негізгі мақсаты келесідей:

- шығармашылық потенциалын жүзеге асыра отырып, білімгер педагогикалық теорияны терең және шығармашылық тұрғыдан меңгеру тиіс;
- педагогикалық инновацияны қабылдауға және оны шығармашылық тұрғыдан ойластырып, қолдану үшін сыни ойлауын қалыптастыру қажет;
- оқу-тәрбие қызметінің мақсаты мен міндеттерін нақты анықтау, оны жүзеге асыруда нәтижелі шешім қабылдау іскерлігін қалыптастыру;
- педагог мамандығына сый құрметті және шығармашылық қатынасты тәрбиелеу;
- инновациялық қызметке деген қажеттілікті қалыптастыру, оқу мен тәрбиелеудің жаңа жолдарын талдай білу іскерлігін дамыту, өзінің оқу-тәрбие қызметін бағалауды үйрету.

Біз, бастауыш білім беру бағдарламасының мазмұнын талдауда жоғары оқу орындарының базалық және кәсіби пәндерінің шеңберінде жүзеге асырылатын теориялық-әдіснамалық бағыттарын негіздей келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдарын, олардың қызметтерін жеке-жеке талдауды ұсынамыз.

Педагогикалық білім берудің дамуына әр түрлі көзқарастағы өкілдер А.И.Пискунов [92], Е.В.Бондаревская [93], В.В.Давыдов [94] оның мақсатын анықтауда бірауыздық танытады: инновациялық қызметке және үнемі өз бетінше білім алуға қажеттіліктің, мотивациялық-қажеттілікті, құнды-эмоционалдық, коммуникативтік, операциялық және шығармашылық даярлығының негізінде болашақ мұғалімнің жеке басын қалыптастыру. Өз бетінше білім алу

педагогикалық қызметтің субъектісінен оқудың өмірлік мәнін түсінуді, саналы түрде өз алдына мақсат қоюды, өз бетінше ойлауды, өзін-өзі ұйымдастыруды, өзін-өзі бақылауды талап етеді. Мақсатты бағытталған тәрбие субъектінің ақылын дамытады, оны кез келген білімді қабылдауға бейімдейді.

Осы орайда А.К. Маркованың зерттеулерінде тұлғаның кәсіби іс әрекетінің нәтижелі орындалуына келесідей ерекшеліктерді атап айтуға болады. Олар: болашақ маманның кәсіби мотиві маңызды, қажеттілігі, қызығушылығы, тұлғаралық қатынасты орнатуы, құндылық бағдарлары, өмірлік ұстанымдары дейтін болсақ, бұл айтылғандар әдіснамалық жағынан жүйелілік тұғырдың қызметін нақтылай түседі. Сондықтан бұл тұста *жүйелілік тұғырды* іске қосу маңызды [95].

Автордың келесі пайымы, болашақ мұғалімдердің жоғары нәтижелерге кәсіби талаптануы, кәсіби өзін-өзі анықтап білімдендіруі, өзіндік баға беру, өзіндік сананы, болмысын реттеуі деп беріледі. Ендеше бұл пайымдауы *іс-әрекеттік тұғырлардың* қызметін күшейтуге негіз болары анық.


Сондай-ақ, болашақ мамандардың эмоциялық қалпы, психикалық күйлері, өн бойынан келетін сезім-күштері, кез-келген жағдайға төзімділігі *детерминизм ұстанымын* алға шығарады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда олардың кәсіби міндеттерді түсінуі, кәсіби қызметтің қыр-сырын білуі, өз еңбегінің нәтижесінен ләззат алуы, қанағаттануының *тұлғалық тұғыр* қызметімен байланыстылығы жоғары. Ең маңыздысы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық ойлауы, тәжірибені түрлі форматтарда жетілдіруі, кәсіби құзыреттілікті жоғарылатуы сынды әрекеттері *құзыреттілік тұғырдың* негізіне сүйенеді.

Нақты алғанда, кәсіби іс-әрекетке даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін **жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, тұлғалық тұғыр және құзыреттілік тұғыр** құрайтындығы анықталды. Әрбір әдіснамалық тұғырға сай әдіснамалық ұстанымдар түзіледі. Олар: *теорияның тәжірибемен үйлесімділігі ұстанымы, тұлғаның шығармашылық ұстанымы, детерминизм ұстанымы, үздіксіздік ұстанымы, тұтастық ұстанымдарын* назарға аламыз.

Жүйелілік тұғыр. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, «жүйе», «жүйелілік» түсініктері бүгінгі таңда ғылымның қай саласы болмасын басты рөлде болып отыр. Жүйелілік тұғыр біртұтастықта білім беруді көздейді, бұл реттегі біртұтастық құрылым, құрам, өмір сүрудің әдіс-тәсілдері, дамудағы формуланы қамтиды. Зерттеулер көрсетіп отырғанындай, жүйе және оның негізге алынатын компоненттерінің, нақтырақ айтсақ, жүйелілік тұғырдың үдерісінде *жүйеге кіру, жүйе ішінде білім алушылар үшін жағдай жасау, сосын жүйеден шығу* деген үдерістік кезеңдерге бөлінетін өзара жүйеленетін функциялары бар. Мұндағы жүйелілік тұғырдың басқалардан негізгі ерекшелігі, жүйелеу жұмыстарының барлық кезеңіндегі элементтердің іске қосылуында болмақ. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруда қозғалыстың күштілігі сонда, біріктірілетін кең спектрлі жүйелілік қозғалыс тұрғысында танылып, әдістемелік негіздеудің

біртұтастығында (ЖОО-да біртұтас педагогикалық үдерсті жүзеге асыруда) терістеуді терістеу диалектикалық заңдылығында жекелеген ғылыми пәндерді біріктіре отырып, жүйеліліктегі ортақ теориялықты (нақтырақ, метатеориялық) жеке немесе біртұтастықта бірдей деңгейде қарастыруды көздейді [96]. Біздің ойымызша, жүйелілік тұғырдың қауқары бүкіл әлемді өзгертуге, мүмкін еместі мүмкін етуге жағдай жасауымен белгілі.

Жүйелілік тұғыр келесідей аналитикалық және синтетикалық формаларда қызмет етеді. Бірінші, аналитикалық формадағы әрекет болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыруда бүтінді ішкі жүйелерге, компоненттер мен элементтерге жіктей отырып, жобалау, қабылдау жұмыстарын жүргізеді, мұндағы екінші формасы – синтетикалық, яғни бұл ретте білім беру бағдарламасындағы түрлі пәндердің интеграциялануы арқылы даярлауды міндеттейді. Мысалы, математикалық ойлау мен тілдік ойлаудың ортақ элементтерін студенттер түсінуі қажет, сондай-ақ белгісіз модельдерді құрады 5-суретте ұсынылады.



Сурет 5 - Жүйелілік тұғырдың формалары

Берілген талдаулар бойынша жүйелік теорияның өкілдерінің бірі Л. фон Берталанфи XX ғасырдың жүйелік қозғалысы арқылы қарама-қайшылықтарды бір нүктенің бойымен жеңіп шығуды, әдіснама мен метатеорияның ілімдерін ажыратады [97].

А.Н. Аверьянов жүйе бойынша құрылымын педагогикалық тұрғыда келесідей түсіндіреді: «жүйенің құрылымы мақсат пен міндеттер тізбегі, тұтас құрылым, элементтер бірлігі, конструктивтік идеялар-әдістер, қағида, үдерістер жиынтығы, біртұтас құбылыс, құралдар байланысы». Зерттеушінің пайымдауын негізге аламыз және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жүйелілік тұғыр негізінде оқытудың құрылымдық-әрекеттік сипаттарын түзуде, білім беру бағдарламасындағы көрсетілген дербес әдістемелік пәндерді оқытуда жүйе құрылымындағы элементтер бірлігі мен конструктивтік идеялар-әдістер басшылыққа алуға болатын негізгілері деп айта аламыз [98]. 6-суретте жүйелілік тұғырдың құрылымдық-әрекеттік сипаты беріліп отыр.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастырудың құрылымдық-

әрекеттік жағдайдағы сипатын (6-суретте беріледі) мынадай аспектілерде зерттеу және тәжірибеде қолдануды қамтамасыз етеді:

- ең біріншісі, *жүйелілік-кешенді* сипаты болып табылады, жүйені құрайтын элементтерді анықтайды, ол дегеніміз, білім алушыларға сапалы білім алу үшін жағдай жасау (оқу-әдістемелік, ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету) және педагогикалық үдерістерді, идеяларды, бастауыш саласына қатысты қауымдастықтарының ғылыми-саналы мүдделерін табуға әрекет туындатады;

- екінші сипаты, бұл *жүйелілік-құрылымдық* деп аталады, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастырудың ішкі байланыстары мен тәуелділіктерін анықтаудан тұрады және *тұлғалық болмыс* туралы толықтай теориялық немесе тәжірибелік тұрғыда түсінуге, қарулануға әрекет етеді;

- үшіншісі, *жүйелілік-функционалдық*, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыруда ақпараттық, ғылыми-педагогикалық, шығармашылық, креативті үдерісті анықтауды көздейді;

- төртіншісі, *жүйелілік-мақсатты*, бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыруда қойылатын мақсаттар, талаптарды орындауға, тиімділігін ғылыми түрде анықтау қажеттілігін білдіреді;

- бесіншісі, *жүйелілік-ресурстық* сипаты болады, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыруға қажетті педагогикалық, цифрлық ресурстарды анықтауға қызмете етуші;

- алтыншысы - *жүйелілік-интеграциялық*, бұл өте қызықты әрі шытырмандықты көрсететін жүйеліліктегі қызметтің түрі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастырудағы берілетін білімнің барлық ғылымдар тоғысында, байланысында, сабақтастығында білім сапасын көрсетеді;

- жетіншіден, *жүйелілік-коммуникациялық*, бұл жүйенің басқалармен сыртқы байланыстарын, яғни оның қоршаған ортамен байланысын анықтап отырады;

- соңғысы, *жүйелілік-тарихи* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастырудағы ұйымдастырылатын үдерістердің барлығының да өткенін, қазіргі жағдайын, перспективалық көрінісін анықтауға мүмкіндік береді [99].



Сурет 6 - Жүйелілік тұғырдың құрылымдық-әрекеттік сипаты

Бізге белгілі болғанындай, жүйелілік тұғырдың негізгі идеяларын жалғастырушы *іс-әрекеттік тұғыр* болып табылады, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысты қалыптастыруда шешуші тұғырлардың бірі.

Іс-әрекеттік тұғыр болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы кәсіптік-этникалық ұстанымдардың нақтылығына, білім алушыларға оқу-тәрбие үрдісінің субъектісі ретінде емес, объектісі ретінде қарау, психологиялық-педагогикалық білімнің жеткіліксіздігінде, оқытуда монологиялық-технологиялық басылымдылығында, мұғалім қызметінің құрылымындағы кәсіби рефлексияның орны мен рөлін дұрыс бағалаудағы өзінің негізгі функцияларын жүзеге асыруға дайын болу керектігін анықтауды. Кәсіби іс-әрекет адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызды жағы болып табылады, себебі ол арқылы тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы іске асып, өз мүмкіншіліктерінің толығымен жұмсалуды қамтамасыз етіледі. Тұлғаның ішкі позициясының дамуы көп жағдайда тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен анықталады деуге болады. Адамның ішкі позициясы өзінің объективті бейнеленуінде тұлғаның кәсіби қалыптасуында көрінеді.

Оқытудың функцияларына білім беру, тәрбиелеу, дамытушылық, оқу-әдістемелік, жобалау, зерттеу, басқару, өйткені көптеген білімгерлердің түсінігі

бойынша, педагогикалық жоғары оқу орнын бітірген маман ретінде, ол ең алдымен өзінің пәнінің кәсіпкері болуды көздеуі қажеттігі бар т.б. Біздің пікіріміз бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысы қалыптасқанда ғана ол жақсы маман бола алады, ал оны дамыту жоғары оқу орнындағы кәсібиліктің қалыптасуының негізгі мақсаттарының бірі. Іс-әрекеттік тұғырдың маңыздылығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыруда ЖОО-да берілетін білімді дайын күйінде қабылдамай, белгісіздіктерді инновациялық әрекеттермен табуға ұмтылыс жасау арқылы *«жаңа білімді ашуға, теорияны түрлендіріп, жаңа теория жасаушы ретінде»* әрекет етуі және өздік жұмыстарды орындау әрекетінде оны дамытуда, прогрестік іс-әрекеттерде көрініс табады. Іс-әрекеттік тұғырдың негізгі функциясы – білім алушылардың нәтиже беретін іс-әрекетін бастауына жағдай жасау мен тиімді ұйымдастыру болып саналады [100].

ЖОО-да кәсіби іс-әрекетке даярлау үрдісінде білім алушының тұлғасын қалыптастырудың мәні мен ерекшелігін анықтауда теориялық-әдіснамалық көзқарастарды талдауда, біз білім беруді ЖОО-ның білім беру үрдісіне қатысушылардың жеке әлеуетін қалыптастыруға бағытталған мақсатты, педагогикалық ұйымдастырылған өзара іс-қимыл ретінде қарастырамыз. ЖОО-ның кәсіби даярлау үрдісінде болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын кәсіби-педагогикалық қызметке дайындау мақсатында құндылық-мотивациялық, кәсіби-танымдық іс-әрекет және рефлексивті-бағалау компоненттерін дамытуға бағытталған білім беру үрдісіне педагогикалық ұйымдастырылған өзара әрекеті ретінде қарастырамыз.

Болашақ мұғалімді алған білімі мен дағдыларын кәсіби іс-әрекетінде қолдана алатындай етіп дайындау қажеттігі замануи сұраныстардан туындап отыр. Отандық ғылымда болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын тәрбиелеу феномені ғылыми негізделген үлгіні әзірлеуді талап ететін мүлдем жаңа және мұғалімнің кәсіби стандартына, жоғары білімнің білім беру стандартының талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарастырылады.

Тұлғалық тұғыр. Қазіргі кезеңдегі жоғары кәсіби білім берудің мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жан-жақты құзыретті, әлемдік деңгейде тиімді де табысты жұмыс істей алатын, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан толық даярланған, тұлғасы қалыптасқан мамандар дайындау болып отыр.

Тұлғалық тұғырды негіздеп кетуде біз, біршама зерттеушілердің тұжырымдарын алға шығарамыз. В.В.Сериков өзінің еңбектерінде: ЖОО-дағы білім парадигмасындағы тұлғаның болмысына аса мән беріп, тұлғалық білімге келесідей талдау жасап, тұлғалық болмысын аша түсетін феномендерді түсіндіреді, олар: *оқытушы мен білім алушы арасындағы гуманистік қарым-қатынас; педагогикалық үдерістің тұлғаға бағытталуы; тұлғалық болмысқа сәйкестенуі* [101] болады.

Бұл ретте В.В.Сериковтың пікірімен келісе отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыруда білім алушыларда тұлғалық тұғыр арқылы гуманистік қарым-

катынастың шарықтау шегін немесе соған даярлау ісін жолға қоюды көздейтіндігін негізге аламыз.

Сондай-ақ, И.А.Зимняя, М.Б.Челышкова талдауларында тұлғалық тұғырды:

- адам мінез-құлқының қызмет арқылы тұлғалық қасиеттерін көрсетуге дайындығы;

- тұлғаға бағытталу және педагогикалық үдерісте жаңадан түзілу механизмін түсінуші (жасай алу, ерік-жігер);

- білім алудағы эмоционалдық ерік арқылы реттеу қабілеті деп жіктеп көрсетеді [102]. Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыруда білім алушының тұлғалық тұрғыдан мінез-құлқы қызметтері арқылы тұлғалық қасиеттерін көрсетуі анық, оқытудың тұлғаға бағытталуы, педагогикалық үдерісте жасай алу, ерік-жігерінің болуы және эмоционалды тұрақтылықты басты назарда ұстау қажеттігі бар.

Білім саласының қазіргі жағдайын саралай отырып, қоғамдық сұранысқа сәйкес жоғары оқу орнын бітірген мамандардың кәсіби дайындығында бірнеше тенденцияны бөліп көрсетеміз. Олар:

- жеке тұлғаның кәсіби әлеуеті және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндігін өзінің тұлғалық сапаларын жүзеге асыруға, жалпыадамзаттық құндылықтарды, болашақ мамандар өзінің дамуы үшін білім саласында жаңа ізденістер, жолдарды гуманизациялық тұрғыда қарастырады;

- болашақ мамандар даярлауға қойылатын талаптар оның кәсіби білімі мен жалпы дайындық деңгейіне ғана емес, оның шығармашылық қабілетінің дамуы мен интеллектуалдық әлеуетіне де байланысты;

- нарықтық экономика жағдайында адам еңбек нарқында белсенді рөл атқарады. Өзінің тұлғалық тауар ретіндегі басты сапалық капиталы болып табылатын – құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, біліктілік және осы біліктілігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол еңбек нарқында еркін таңдауға ие болып, өмірде үлкен сұранымға ие болады;

- нарықтық экономика жағдайында адамдар үнемі өзгерістегі жағдаяттарға байланысты кей жағдайда қысқа мерзім ішінде жаңа мамандықты меңгереді [103]. Қорыта келе, қазіргі ақпараттық қоғамда ашық ақпарат жүйесін пайдалану оның әрбір мүшесі үшін барлық ақпараттардың қолжетімді болуымен сипатталуы тиіс. «Кәсіби-педагогикалық даярлық» ұғымының түсінігіне деген қазіргі кездегі көзқарастарды қарастырып өтсек, ол бірнеше бағытты қамтиды.

Б.Т.Лихачёв кәсіби-педагогикалық даярлық философиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени және жеке тұлғалық мағынадағы аспектілерден тұратын тұтас жүйе ретінде түсіндіреді: «Адам – адам» жүйесінде істейтіндердің кәсіби даярлығы тек базалық (ғылыми) білімдерімен және шеберліктерімен ғана емес, маманның құндылық бағдарлығымен, іс-әрекеттерінің дәлелдігімен, дүниеде өзін және өзінің айналасындағыларды түсінуімен, өзі жұмыс істейтін адамдармен қарым қатынасының стилімен, ортақ мәдениетімен, өзінің шығармашылық әлеуетін дамытуға деген қабілеттілігімен анықталады. Педагог мамандығында бұл тізімге пәнді оқыта білу әдістемесі,

оқушының рухани өмірін түсініп, ықпал ете білуі, оларды құрметтеуі, өзінің жеке кәсіби мағыналы қасиеттері кіреді. Осы құрамдас бөліктердің біреуі жоқ болса, онда бүкіл жүйе бұзылып, педагог қызметінің тиімділігі төмендейді» [104]. Қорыта келе, кәсіби педагогикалық даярлықты қамтамасыз ететін терең теориялық білімді меңгеруде тұтас жүйе ретіндегі қарастырылатын педагогикалық шеберліктерді меңгеруі, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы құндылық бағыттары, тілдік және қарым-қатынасы стиліндегі мәдениеттілігі, бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық іс-әрекеті және оны жүзеге асырудағы әдіскерлік идеяларын атауға болады.

Кесте 2 - Кәсіби іс-әрекетке даярлауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғыр атауы	Тұғрлардың мәні, функциясы	Түйінді ойлар
Жүйелілік тұғыр	Жүйелілік тұғыр біртұтастықта білім беруді көздейді, бұл реттегі біртұтастық құрылым, құрам, өмір сүрудің әдіс-тәсілдері, дамудағы формуланы қамтиды.	Жаңаны алу, қабылдау
Іс-әрекеттік тұғыр	ЖОО-да берілетін білімді дайын күйінде қабылдамай, белгісіздіктерді инновациялық әрекеттермен табуға ұмтылыс жасау арқылы «жаңа білімді ашуға, теорияны түрлендіріп, жаңа теория жасаушы ретінде» әрекет етуі және өздік жұмыстарды орындау әрекетінде оны дамытуда, прогрестік іс-әрекеттерде көрініс табады.	Білімнің салтанат құруы
Тұлғалық тұғыр	Тұлғалық болмысын аша түсетін феномендерді түсіндіреді, олар: оқытушы мен білім алушы арасындағы гуманистік қарым-қатынас; педагогикалық үдерістің тұлғаға бағытталуы; тұлғалық болмысқа сәйкестенуі	Тұлғалық болмысқа сәйкестенуі
Құзыреттілік тұғыр	Бұл білім беру мақсаттарын анықтаудың, білім беру мазмұнын таңдаудың, білім беру үдерісін ұйымдастырудың және білім беру нәтижелерін бағалаудың жиынтығы	Білім нәтижесі

Құзыреттілік тұғыр. Ашық Уикипедияда: *«құзыреттілік тұғыр – бұл білім беру мақсаттарын анықтаудың, білім беру мазмұнын таңдаудың, білім беру үдерісін ұйымдастырудың және білім беру нәтижелерін бағалаудың жиынтығы»* деп көрсетілген [105]. Бұл айтылғандар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаңартылған білім мазмұны аясында даярлау ісін негіздей түсері анық. Жаңартылған білімнің мазмұны құзыреттіліктерге басым бағыт береді, атап айтсақ, *ақпараттық немесе цифрлық құзыреттілік, сыни ойлау құзыреттілігі, шығармашылық құзыреттілік, зерттеушілік құзыреттілік, коммуникациялық құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, ұйымдастырушылық құзыреттілік, басқарушылық құзыреттілік* т.б.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қажетті дағдылар жиыны:

- *сын тұрғысынан ойлау;*

- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары;
- жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар [106].

Құзыреттілік тұғыр академиялық пәндерді игеру әрқашан нақты тәжірибемен байланысты екендігін түсіндіреді. Яғни, білім алушылардың игеруі қажет құзыреттер тізімі әлеуметтік зерттеулердің сұраныстарына сәйкес анықталады. Бұл ретте білім беру мазмұны нарықтың өзгермелі жағдайларына және қоғамның қажеттіліктеріне бейімделуге тиіс. Әрбір білім алушының жеке-тұлғалық қасиеттерін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ашуға қызмет етеді [107].

Осы тұрғыда Н.А. Эверт «кәсіби өсудің бірінші кезеңінде студент тұлғасының негізгі сапасы болашақ кәсіби қызметке бағдарлану және дайындық болып табылады, ал екінші кезеңінде - өздігінен білім алу қажеттілігі» деп атап өтті [108]. Осыған байланысты студенттердің өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру процесінде оның құндылық-мотивациялық-танымдық белсенділігі, рефлексивті және бағалау құрылымдары маңызды орын алуы керек деп санаймыз. Көптеген зерттеулер студенттердің жоғары оқу орнында кәсіби дайындық үрдісінде туындайтын қиындықтар көбінесе оқу еңбегін өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларының және өзін-өзі таныстыру әдістерінің болмауынан туындайтынын көрсетеді. Бұл жағдайда жылдар бойы ЖОО-дағы педагогикалық тәжірибедегі орын алып келе жатқан мәселеде студенттерге білімді тиімді игерту, танымдық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру және оған қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелеу арқылы қажеттілікке үйлесімділікпен дайындау ерекше маңызға ие.

Осы тұста, В.В.Давыдов: өзін-өзі оқыту қабілетін адамның белгілі бір білім мен дағдылар саласында ғана емес, сонымен бірге адами қатынастардың кез-келген саласында, өзіне деген қарым-қатынаста, тәжірибесіз және жалқау, бірақ өзгере алатын адам ретінде" өзінің шектеулерін жеңу қабілеті ретінде қарастырады. «Өзін-өзі үйрету және өзгеру үшін адам, біріншіден, бір нәрсеге қатысты шектеулерін білуі керек, екіншіден, оны жеңе білуі керек» [109] деген пікірді білдірді.

Теорияның тәжірибемен үйлесімділігі ұстанымы. Педагогикалық жоғары оқу орнының мақсаты білімгерді тек теориялық біліммен ғана қаруландырып қоймай, оның кәсіби дайындығын қамтамасыз ету жүзеге асады. Оқу жылдары мұғалімнің жеке басын қалыптастыратын, кәсіпті меңгеруге бағытталған мақсатты үрдіс. Жоғары оқу орнының мақсаты оқу-тәрбие үрдісіне қажетті деңгей беруге, әр пәннің дамытушылық мүмкіндіктерін пайдалануға, болашақ педагогтың тәрбиелік потенциалын қалыптастыратын ортаны құруға мүмкіндік береді. Оқу дискуссиялары, конференциялар, рөлдік және іскерлік ойындар, оқулық жобалар, оқу мен зерттеудің үйлесімділігі – осының бәрі қазіргі оқу орындарының білім кеңістігіне енді еніп жатыр. Бүгін дидактикалық,

психологиялық-педагогикалық механизмдердің тәжірибелі-эксперименталды өңделуі қажеттігі туындап, олар болашақ мұғалімдерді оқыту мен тәрбиелеудің негізгі формалары мен әдістері ретінде көрініс табады [110].

Қазіргі педагогикалық білім берудің сапасына болашақ мұғалімнің төмен тәжірибелік даярлығының әсері бар, теорияның тәжірибемен үйлесімділігі – білімгерлердің білімін қалыптастыруды, жалпы педагогикалық және әдістемелік іскерліктерді меңгеру үрдісін қиындатпай, кәсіби-педагогикалық қызығушылықтар мен қабілеттердің жойылуын алдын алатын бірден-бір ұстанымдардың бірі. Жоғарыда аталған педагогикалық пәндер, әр білімгерге тұлғалық болмыс потенциалын жүзеге асырудың вариативтік формаларымен танысуға мүмкіндік береді. Бұл ретте көптеген ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты деуге болады. Олар: Р. Хейвигхерст [111], Т.С. Сабыров [112], Б.Т. Барсай [113], З.И. Калмыкова [114], С.С. Татарченкова [115], Б.С. Гершунский [116], Г.Н. Губайдуллина [117].

Бұл екі жағдайда: үздіксіз теориялық білім беруді үздіксіз педагогикалық тәжірибемен толықтырылғанда ғана мүмкін. Тек педагогикалық тәжірибе арқылы теориялық даярлықтың және кәсіби жеке тұлғалық қалыптасудың негізін толықтыруға болады. Кәсіби іс-әрекеттің ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық, мәдени-ағартушылық, басқарушылық т.б түрлерін ұйымдастыруды қажет санайды.

Болашақ педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатымен педагогикалық жоғары оқу орнында инновациялық қызметті дамытудың және педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру мен оны өткізудің әр түрлі моделінің базасы бола алатын тәжірибелі-эксперименталдық лаборатория қажеттігі бар. Бұл ретте теорияның тәжірибемен үйлесімділігінің функционалдық міндеттемелері жоғары болмақ. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мазмұнын толықтыра түседі.

Тұлғаның шығармашылық ұстанымы. Бұл ұстаным стандарттан тыс ойлау қабілетін қалыптастыруды, жаңа идеялар мен тәсілдерді ойлап табуды, дайын жауаптарсыз есептердің шешімдерін табуды қамтиды [118]. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Адамдармен байланыс орнату, келіссөздер жүргізу, жанжалдарды шешу және командада жұмыс істеу қабілеті – бұл дағдылардың маңыздылығы туралы көп айтылады және жазылады.

Детерминизм ұстанымы. ЖОО мамандыққа қатысты білім мен тәрбие беру барыстарында студенттердің кәсіби ерекшеліктеріне байланысты өзіндік мазмұндық сипатқа ие болады. Болашақ мамандардың мінез-құлық пен ақыл-ой және жалпы дамудағы тұлғалық болмысының қалыптасуының орталық кезеңі ретінде әрбір курста меңгеретін кәсіби білімге бейімдеушіліктегі педагогикалық үдерістеріне байланыстылығын көрсете отырып, бұл әр бір курстағы студенттерді болашақ мұғалімнің қалыптасуындағы рухани-адамгершілік дамуға тән белгісі мінез-құлықтың саналы мотивтерін күшейту арқылы моральдық проблемаларға деген қызығушылықты арттыру, құндылық

бағдарларын әрдайым жаңа мазмұнда толықтырып, жетілдіру мәселелерін қарастыру қажет екендігін алға тартады [119].

Тұтастық ұстанымы. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері дербес әдістемелік пәндік білім мен дағдыларды жеке емес, бір-бірімен, яғни кешенде игереді. Бұл оған әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, жүйелік ойлауды дамытуға көмектеседі. Ол қиын жағдайларда нәтижелі шеше алады, айқын емес қатынастарды байқай алады және практикалық мәселелерді шешу үшін көптеген инновациялық технологиялар мен белсенді әдістерді қолдана алады.

Үздіксіздік ұстанымы. Жаңа әдістер мен технологияларды тез үйренуге, үнемі үйренуге және қайта үйренуге дайын, қабілетті адам өзінің дағдыларын қолдана алмауынан қорықпауы мүмкін. Оқытудың кәсіби (яғни қолданбалы) бағытына қарай жылжып отырады. Осы тұста С.Л. Рубинштейннің «қалаймын», «істей аламын», «жасау қажет» түсініктерінің арақатынасы туралы идеясына сүйене отырып айтатын болсақ, бұл кезеңде бірінші «қалаймын» компоненті өте айқын көрінеді, яғни мамандықты меңгеруге деген тілек жақсы дамыған, бірақ оның өзіндік қабілеттері мен қажеттіліктері қалай екендігін ескеру [120]. Келесі кезеңде істей аламын кезінде ішкі позицияның дамуы өз мүмкіншіліктері мен қабілеттерін саналау, өз іс-әрекеттерінің мазмұнды моменттеріне деген бағдар қалыптасу кезінде көрінеді. Бұл «жасау қажет» кезеңінде өз кәсіби іс-әрекеті, өз қабілеттері жайлы барабар көзқарастар қалыптасады.

Кәсіби іс-әрекет адамның өмірлік іс-әрекетінің маңызды жағы болып табылады, себебі ол арқылы тұлғаның өзін-өзі жүзеге асырып, өз мүмкіншіліктерінің толығымен жұмсалуды қамтамасыз етеді. Тұлғаның ішкі позициясының дамуы көп жағдайда тұлғаның кәсіби маман ретінде дамуымен анықталады деуге болады. Адамның ішкі позициясы өзінің объективті бейнеленуінде тұлғаның кәсіби қалыптасуында көрінеді [121].

Студенттік шақтағы кәсіби іс-әрекетке бейімделу кезінде үлкен нәтижелер көрінсе, соған орай студенттің мотивациясы жоғарылайды және кәсіп арқылы оның шығармашылық дамуы басталады, студенттің іс-әрекет мәнері, үлгісі, қарым-қатынасы, мінез-құлқы, қызығушылығы, құндылығы қалыптасады.

Біз жоғарыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындадық. Айқындалған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар бізге, құрылымдық-мазмұндық модельдің компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін түзуге негіз болады.

1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Модель – белгілі бір түпнұсқаның, үдерістің немесе құбылыстың шағын бейнесі болып табылады. Сондықтан зерттеу жұмысымыздың үшінші міндетіне сай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау қажеттігі туындады.

Біз осы бөлімдегі педагогикалық теорияларды тұжырымдай келе болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың моделі бірнеше құрылымдық бөліктерден тұрады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруды құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан сипаттаймыз.

Моделдің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру.

Моделдің міндеттері:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық тұжырамдамаларын анықтау.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесін құрастыру.

Модельдің теориялық аспектісін ашуда біз тұлғаның құндылық бағыттарын қарастыруды жөн санаймыз.

Жеке адамның тұлға ретінде дамуына құндылықтардың ықпалы, үлесі аса маңызды. Сол себепті, кез-келген бағыттағы даму сатыларында тұлғалық құндылықтардың дамуын зерттеу болашақ маманның таңдаған мамандықта бойынша өзінің тұлғалық болмысын жүзеге асыруда маңызды мәселелердің бірі болып табылатыны анық. Білім алушылардың тұлғалық құндылықтары олардың маман ретінде тұлғалық дамуларын анықтауға мүмкіндік береді. Ал білімгерлердің кәсіпке дайындығын анықтау арқылы біз олардың құндылықтарымен де танысуға мүмкіндік аламыз.

Тұлғаның құндылығы өзі ұмтылатын идеалды мақсаттарынан көрінеді. Яғни құндылық бағдар дегеніміз – адамның әлеуметтік ортада мінез-құлқы мен әлеуметтік іс-әрекетін психологиялық реттеуді қамтамасыз ететін тұлғадағы қасиет. Бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген ғалымдар: өткен ғасырдың 60-70 жылдары философиялық әдебиеттерде В.П. Тугаринов [122], О.Г. Дробницкий [123] және басқалар; шетел әдебиеттерінде құндылық бағдар ұғымы «аттитюд» ұғымымен де түсіндіріледі: С.Л.Рубинштейн [124], К.А. Абульханова [125], А.Г.Ковалев [126], В.А.Титов [127], Р.С.Немов [128], Л.Ю. Перемолотова [129], Л.И.Божович [130], Г.М.Андреева [131], А.Н. Леонтьев [132], Б.Г.Ананьев [133], А.И.Донцов [134], С.С.Бубнов [135] және басқалар болды. Тұлғаның бағытталған құндылықтар жүйесінің құрылымдық сипаты, ол оның әртүрлі жоспардағы бірқатар функцияларының таратылуларын анықтауға арналған көпдеңгейлілігі және көпөлшемділігі бойынша мүмкіндігі. Сонымен құндылық бағдарлар мақсатты айқындап, тұлғаның кемелдігін, қызығушылығын, қажеттілігін сипаттайды. Тұлғаның бағытталған құндылықтар жүйесі, әлеуметтік орта нормалары және ішкі орналастырулар арасындағы аралық орынға ие, соның ішінде мотивациялы-қажеттіліктер аймағы және тұлғалық мағыналар жүйесі, олар осы элементтерді бәріне жалпы жүйе «адамның» қарым-қатынастарын қамсыздандырады.

Белгілі орыс ғалымы В.А.Сластенин кәсіби іс-әрекет құрылымындағы тұлғалық құндылықтарды зерттеу, оларға сипаттама берген. Ол адамзаттық

құндылықтар жеке тұлға өмірге келген күннен бастап бірге дамиды. Ал тұлғаның жасы артқан сайын оның қоршаған ортасына сәйкес бірге дамып, қалыптасатынын айта өтті. Ол педагогты кәсіби іс-әрекеті негізінде қалыптасатын бірнеше тұлғалық құндылықтарға тоқталып өтті [136]. Бұл құндылықтар біздің зерттеуімізде де орын алды. Жоғарғыларды талдай келе біз келесідей тұлғаның құндылық бағыттарын ұсынамыз:

- рухани адамгершілік қасиеті;
- кәсіби әрекетке бейімделуі;
- өзін-өзі дамыту мен жетілдіру;
- жаңа білімдерді игерудегі әрекет белсенділігі;
- өзіне сенімділігі;
- кәсіби шеберлікке ұмтылысы;
- жанашылдыққа қызығушылығы;
- көзқарасын сенімді және мазмұнды жеткізе білу;
- педагогикадағы жаңа тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісінде қолдана алу білігі

және т.б.

Енді осы тұлғалық болмыстың сипаттамасының кейбір құндылық бағыттарын талдайтын боламыз.

Бұл реттегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлануында олардың *рухани-адамгершілік қасиетінің* болуы олардың тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрамдастарының бірі болады.

Білім алушылардың тұлғалық болмысын түзуде оның *кәсіби әрекетке бейімделуі* маңызды шарт. Өйткені кәсіби әрекет өмірлік әрекетпен байланысты келетін құбылыс. Осы тұста тұлғаның ішкі позициясының жоғары болуы болашақ мамандардың кәсіби маман ретінде дамуымен өлшенеді. Адамның ішкі позициясы өзінің объективті бейнеленуінде тұлғаның кәсіби қалыптасуында көрінеді.

Өзін-өзі дамыту мен жетілдіру – тұлғаның ішкі түрткілерінің әсерімен болатын ең жоғарғы деңгейі. Бұл құндылық адамның ұзақ өмір сүруінің қайнар көзі, мұндағы ұзақ өмір сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан да түсінілуі тиіс.

Кәсіби шеберлікке ұмтылысы – маманның жеке тұлғасы мен әрекетінің кәсіби дамуының ең жоғарғы деңгейі. Бұл оқытумен тәрбиелеу әрекетін кәсіби меңгеру, тұлғаны жан-жақты дамыту, көзқарасы мен қабілетін қалыптастыру мүмкіндігі.

Жоғарыда біз атап өткен тұлғалық құндылық бағыттар тиімді білім алуды қамтамасыз ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыруға қажетті ақпараттармен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, болашақ бастауыш сынып мұғалімін қызметіне ынталандыру мен марапаттау әрекетін қолдану, білім беру және өзді тұлғаның құндылық бағыттары тұлғаның мазмұндық компоненттері арқылы жүзеге асады. Сондықтан біз моделге тұлғаның мазмұндық компоненттерін таңдадық. Яғни, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың моделін құруда **мотивациялық-мақсаттылық, танымдық және бағалаушылық-**

рефлексиялық компоненттерін қарастырдық. Енді осы аталған компоненттерге жеке-жеке тоқталып, сипаттама береміз.

Мотивациялық-мақсаттылық компонентке болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру үдерісінде танымдық іс-әрекетінің негізгі бейнесінің қалыптасуы жатады. Яғни зерттеуіміздегі мотивациялық - мақсаттылық компоненті тұлғаның болашақ қызметіне деген тұрақты мақсаттылық қатынасын анықтауы, білімгердің болашақ мамандығына өзіндік кәсіби қабілеттерін дамытуға талпынысы, кәсіби білім, білік, іскерлік деңгейлерін жетілдіруге деген бағыттылығы, өздігінен білімді игеру үдерісінде өзіндік іс-әрекетке қызығушылықтарығы жатады. Осы орайда, мотивациялық-мақсаттылық құрылымы кез-келген қызметті зерттеуге, оқу міндеттерін шешуге және жүзеге асыруға итермелеуді. Сонымен қатар, мотивация деп белгілі бір іс- әрекетке деген ұмтылысын, белгілі бір нәрсені қалауын және сол нәрсенің жетіспеушілігінен, қажеттілігінен туындайды. Мотивация болашақ мамандардың қызығушылығын мен белсенділігін арттырып, кәсіби іс-әрекетке деген талпынысын, талабын жоғарылатады. Болашақ мамандардың қызметіне деген мотиві ең бірінші кәсіби білімге деген қызығушылықтан туындайды. Ал біздің нобайымыздағы мотивациялық-мақсаттылық компоненті болашақ білімгерлердің маман ретінде кісіби дайындыққа деген ынта-ықыласын оятуға бағытталады.

Танымдық компонентіне кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға деген дайындығы, танымға қызығушылығы және шығармашылық әлеуетін жүзеге асырудан байқалады.

Біздің жұмысымызда кәсіби-танымдық құрылым педагогтардың кәсіби іс-әрекетінде танымға, шығармашылыққа, адамгершілікке, қарым-қатынас мәдениетіне, ұлшылдыққа ұмтылысымен анықталады. Өйткені ЖОО-дағы болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекеттерін, қызметтерін анықтау барысында олардың оқу іс-әрекеттері тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттеріне қойылатын талаптармен байланысты екенін анықтадық.

Бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің де біздің зерттеуіміз үшін орны ерекше. Қазіргі білім беру жағдайы білім алушылардың өз құндылықтар жүйесін қайта қарастыруға, өз әрекетін жоспарлай, ұйымдастыра алатын, оны қайтадан ой елегінен өткізіп рефлексия жасай білетін тұлға қалыптастыруды мақсат етеді.

Зерттеудегі бұл құрылым тұлғаны еркін таңдау жасауға ұмтылуға, қоғамның құндылықтары мен талаптарын игеруге, өзін-өзі жүзеге асыруға, бағалауға, жетілдіруге мүмкіндік береді. Адам жанының өзіне қарай бағытталуы. Рефлексия тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін ойланудың ішкі үдерісі болып табылады. Кез келген әрекет ерте ме, кеш пе рефлексия қабілетінің туындайтындай жағдайға жетеді. Сол сияқты адам да өз әрекетін ойында қорытып, реттеп, нәтижесіне баға бере отырып, өткен тәжірибесінен қорытынды шығарады, алдағы әрекетін жоспарлайды.

Сонымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруды модельдеу: мотивациялық-

мақсаттылық; танымдық және бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің мотивациялық-құндылық қатынасы, теориялық білімдері мен біліктері және білім, білік, сапа жыне өзіндік бағалау дағдысы деген өлшемдерден құралады. Оларды біз төмендегідей етіп өлшемдері мен көрсеткіштерін бөліп көрсеттік (кесте 3).

Кесте 3 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдері	Көрсеткіштері
Мотивациялық-мақсаттылық	Мотивациялық-құндылық қатынасы	- кәсіби іс-әрекетте белгілі бір мақсатқа жетуге құндылық қатынасы; - жеке тұлғаның ішкі немесе сыртқы әсерлер ықпалынан өз қажеттіліктерін қанағаттандыруы; - кәсіби қызметте тұлғаның кәсіби өсуге қызығушылығы.
Танымдық	Теориялық білімдері мен біліктері	- кәсіби іс-әрекетке дайындауды жүзеге асырудың әдістемесін игеруі; - жаңа білімді үйренуге, өзін-өзі дамытуға білімі; - өз тұлғалық болмысын тану білігі.
Бағалаушылық-рефлексиялық	Білім, білік, сапа және өзіндік бағалау дағдысы	- кәсіби білім жағдайға шығармашылық бейімделуі; - тұлғалық болмысын қалыптастыруда идея құра алады және оны өзіндік бағалауы; - жеткен жетістіктерінің сапасын бағалайды.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, білік, іскерлік, дағды, кәсіп, өзіндік іс-әрекетті игеру, меңгеру нәтижелері құралады.

Көрсетілген кестеде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мазмұнын реттейтін компоненттер барысында сәйкесінше қызмет атқаратын өлшемдері мен көрсеткіштері жіктелініп ұсынылды.

Сонымен біз мотивациялық-мақсаттылық компоненттің өлшемдеріне болашақ мұғалімдердің болашақ қызметіне деген тұрақты мақсаттылық қатынасының және кәсіби білім алуда ынта-жігерінің болуы қажет деп санаймыз. Сонымен қоса өзінің кәсіби маман ретіндегі рухани әлемін, моральдық кәсіби келбетін жетілдіруге, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ұмтылысының болуы деп білеміз. Өз мамандығы бойынша кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгеруін қажетсінуі, оның мәнін түсініп, өзін-өзі ынталандыруы, тұлғаның үнемі кәсіби дамуын қажет ететін, өздігінен білім алуын жүзеге асыруға ерік-жігерінің болуы деп білеміз.

Демек, танымдық компонентінің өлшемі кәсіби дайындау барысында мұғалім тұлғасын қалыптастыру негізінде кәсіби теориялық білімдері мен біліктерінің болуымен өлшенеді. Ал көрсеткіші тұрғысынан кәсіби білімді

алудың әдістемесін игеруі, формаларын, құралдарын, әдістерін жетік меңгеруі, нәтижені талдауда білім, білік, дағды сапалар жиынтығы және оңтайлы нәтиже барысында кәсіби кеңес берудегі шығармашылық белсенділігі іс-әрекеттері арқылы кәсіби даярлығы өлшенеді.

Бағалаушылық-рефлексиялық компоненттің өлшемі болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуын өзін-өзі бағалауы десек, оған сәйкес көрсеткіші болып кәсіби білім, біліктерді меңгеруіндегі рефлексиялық тұрғыдан кәсіби дайындық бойынша өзінің танымдық қызығушылығы арқылы қол жеткен нәтижеге баға береді; кәсіби өздігінен білім алуын өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі дамытуға мақсатты бағыттылығы, өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі жетілдіруі іскерліктерін болуы ретінде табылады.

Модельдің әр компонентін бағалау үшін өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды және болашақ мұғалімдердің кәсіби білім алуда тұлғалық болмысын қалыптастыру деңгейлері анықталды, олар: жоғары, орта, төменгі деңгей.

Жоғары деңгейі: болашақ мұғалім тұлғасының кәсіби іс-әрекетіне қызығушылығы жоғары, болашақ мамандығына деген кәсіби білімнің маңыздылығын сезінеді, үнемі өзінің тұлғасын дамытып, жетілдіреді, бейімделу қабілеті басым және де педагогикалық мәселені шешуге, талдауға икемді, өз көзқарасын көршілікке ұсынып, өз ойын білдіре алады, өздігінен білім алуды жүзеге асыруда ерік-жігерінің жоғары деңгейде болуы, формаларын, құралдарын, әдістерін жетік меңгерген, өздігінен білім алуда интербелсенді технологияларды қолдана алады, өзіндік білім алу мен өзін ұйымдастыру, бақылау, дамыту, басқару, жетілдіру бірліктері қалыптасқан және өздігінен білім алуды жүзеге асыра алады.

Орта деңгейі: кәсіби білім алуды қажеттілігін аса түсіне бермейді. Таңдаған мамандығына деген қызығушылығы тұрақсыз, таңдаған мамандығының қажеттілігін, маңыздылығын сезіне алмайды. Кәсіби іс-әрекет барысында қарым-қатынасқа түсуге қиналады, белсенділік қабілеті орташа. Кәсіби танымдық іс-әрекеті мен қызығушылықтары әлсіз қалыптасқан. Өзін-өзі дамыту, жетілдіру мен жүзеге асыруға ұмтылысы бар, бірақ ерік-жігерін көрсете бермейді. Өзіндік танымдық іс-әрекеттің ұйымдастыруға, сонымен қатар кәсіби өздігінен білім алуда өзіне-өзі бақылау жүргізбейді, өзін-өзі дамытумен айналыспайды, алға қойған мақсат, міндеті жоқ, өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі басқару, өзін-өзі дамыту іс-әрекеттерін жүзеге асыра алмайды.

Төмен деңгейі: таңдаған мамандықтары мен оқылып жатқан пәндеріне деген қызығушылығының төмендігі көрініс табады. Алған білімдерінің жеткіліксіз болуы, теориялық және тәжірибелік білімдердің арасында өзара байланыстың болмауы кәсіби іс-әрекет сапасының төмен деңгейіне алып келеді. Бұл білімгерлердің өзіне деген және өзінің мүмкіндігіне деген сенімсіздігіне ұшыратады, алға қойған жоспарының бұлыңғырлығына алып келеді. Мұнда болашақ мұғалімнің кәсіби білімін қалыптастыруда ғана емес, сонымен қатар оның тұлғалық болмысын қалыптастыруда теріс әсерін тигізетін болады. Өз кәсібіне қызығушылығы төмен, болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын сезінбейді. Өздігінен білім алуға, өзін-өзі жетілдіріп, жүзеге асыруға ынтасы

төмен. Өзіндік кәсіби-әрекетін бағалап, талдай алмайды. Өзінің тұлғалық сапаларының, құндылық бағыттарының маңыздылығын сезінбейді. Бейімделу қабілеті баяу, мәселелерін шығармашылық тұрғыдан шешуге қиналады. Өзіндік танымдық іс-әрекеттің ұйымдастыруға, іске асыруға қиналады, сондай-ақ кәсіби өздігінен білім алуда өзіне-өзі бақылау жүргізбейді, өзін-өзі дамытумен айналыспайды, алға қойған мақсат, міндеті жоқ, өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі басқару, өзін-өзі дамыту іс-әрекеттерін жүзеге асыра алмайды.

Зерттеу жұмысымыздың 2.2 бөлімінде тәжірибелік оқыту, дәрістен тыс оқыту іс-әрекеттерін ұйымдастыруды қарастырдық. Осы тәжірибелік оқыту, дәрістен тыс оқыту іс-әрекеттерін ұйымдастыруды әр түрлі формалар мен әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады. Мысалы біз қолданған формалар мен әдістерге мыналарды жатқызамыз: қазіргі білім мазмұнын меңгерудегі шығармашылық жұмыстар, өзара белсенді әрекет жасау негізінде оқыту технологиясы, тәжірибелік сабақтар, ұжымдық, топпен жұмыс, жобалар, виртуалды көрмелер, іскерлік ойындар, заманауи гибридіті мұражай, дәрістер, семинарлар, конференциялар, олимпиадалар және тағы басқалары. Әрбір көрсетілген әдістер пен формалар өзіндік мағынаға ие.

Дәрісте кәсіби маңызды тұжырымдамалармен, теориялар және ғылыми жетекші идеялармен танысады, философия, педагогика, психология және т.б. ғылымдардың қайнар көздерімен сусындайды, оқытушының жеке тәжірибесімен ой бөліседі.

Семинарларда болашақ педагогтардың ойлауының кәсіби бағыттылығы қалыптасады, маңызды әлеуметтік-педагогикалық білімдер, біліктер мен дағдылар бекітіледі, кәсіби рефлексияның негізі дамиды.

Тәжірибелік сабақтарда теориялық білімдерді тәжірибеде қолдану жүзеге асырылады. Педагогикалық біліктері мен дағдылары қалыптасады. Болашақ мұғалімнің тұлғалық құндылық бағыттары тәжірибелік іс-әрекетте көрініс табады.


Өзіндік жұмыстар – болашақ мұғалімнің өз кәсіби көзқарасын дәйектеп қорғауға мүмкіндік береді. Аталған форма болашақ мұғалімнің өз іс-әрекетінің субъектісі болып дамуын жүзеге асырады. Өзіндік жұмыс жүргізу барысында болашақ мұғалімнің тұлғалық көзқарасы мен ұстанымы қалыптасады.

Оқудан тыс іс-әрекеттер ерікті түрде жүзеге асады. Бұл оқу бағдарламасына тыс үйірмелер, жобалар, ғылыми семинарлар, конференциялар, олимпиадаларға қатысу арқылы болашақ мұғалімдердің дамуына мен жан-жақты жетілуіне жағдай жасалады. Жауапкершілік, адамгершілік, отансүйгіштік және тағыда басқа қасиеттерін қалыптастырады. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастыру үшін миға шабуыл, пікір таластар, педагогикалық тренингтер, рөлдік, іскерлік ойындары, қолданылды. Рөлдік ойындарға оқыту үдерісі барысында білімгерлердің әр түрлі рөлдерді сомдауы кіреді. Ал әр түрлі пікірталастарға қатысу арқылы білімгердің ойлау қабілеті жетіліп, өзін-өзі басқару дағдысы қалыптасады. Сондай-ай іскерлік ойындар барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби және тұлғалық сапалары көрсетіліп, біліктерін өздігінен

жетілдірілуі ынталандырылады. Білім алушылар күнделікті шараларға қатысып, қоғамның материалдық саласында адамгершілік және еңбек бағдарларн дұрыс таңдап дамытады. Қарым-қатынас тәсілі – білім алушылар мен ересектердің мінез-құлық нормаларын игеруіне көмектеседі. Білім алушылар тәртіп ережелері жөніндегі ақпаратты топта құрастырып, оны ЖОО-да, оқытушылар, ата-аналар және т.б. оқу-тәрбие үдерісіне қатысатын тұлғалар арасында жетілдіреді. Жоғарыда көрсетілгендерді жүзеге асыру нәтижесінде, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетке дайындығы бар және жеке тұлғалық болмысы қалыптасқан маман шығады. Сол себепті, таңдап алынған зерттеушілік диссертациялық жұмысымызды болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын тәрбиелеу мәселесіне бағытталған өзіндік моделімізді құрастырдық. Біз аталған модельдің іс жүзінде, яғни нақты педагогикалық үдерісте жұмыс жасайтындығына көз жеткіздік деп айта аламыз. Біз ұсынған моделіміздің толық мазмұны төмендегі суретте көрсетілген.

Мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру.

Міндеттері: болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудың кәсіби әрекеттегі көрінісінің ерекшелігін анықтап беру; болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориясын анықтау; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесін құрастыру.



Сурет 7 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Аталған зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздеріне сәйкес, анықталған компоненттер мен болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың педагогикалық шарттары негізінде құрылымдық-мазмұндық-үдерістік моделі түзілді және оны тиімді жүзеге асырудың алғы шарттары анықталды:

- маманның тұлғалық болмысын психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту барысында қалыптастыру;

- жоғары оқу орнында оқу кезеңінде практикалық дайындықтың үздіксіздігі;

- болашақ мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыруда «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» тақырыбында арнаулы курстарының мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру және әдістемелік құралдармен, ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету;

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың моделін нәтижелі жүзеге асыру оны әдістемесін жасаудың қажеттілігін тудырады. Әдістеменің мазмұны және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысында тексерілді. Ол туралы диссертациялық зерттеудің 2.2 бөлімінде жан-жақты баяндалады.

2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДА ТҰЛҒАЛЫҚ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың диагностикасы

Жалпы біздің зерттеу жағдайымызда, жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруды диагностикалау үшін зерттеу әдістері ерекше мәнге ие. Бұл жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың зерттеу әдістерін таңдауға мүмкіндік береді. Себебі, кез-келген ғылымның дамуы мен қайнар көзі, оның әдістерінің нақтылығымен тікелей байланысты болмақ. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруды зерттеуде экспериментте қойылған міндеттерді шешу үшін және көзделген мақсатқа жету үшін біз төмендегідей әдістерді қолдандық:

Біздің диссертациямыздағы маңызды деп саналатын зерттеу әдістері: философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау, «6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын талдау, педагогикалық тәжірибені зерделеу, алынған мәліметтерді талдау және синтездеу; педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу; эксперимент нәтижелерін математикалық талдау; эксперименттік мәліметтерді жүйелеу және түсіндіру. Енді эксперименттік-тәжірибеде қолданған эмпирикалық әдістердің әрқайсысына және оларды қолдану арқылы жүргізілген жұмыстарға қысқаша сипаттама беріледі.

Зерттеу тақырыбымыз бойынша эксперименттік-тәжірибеде І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің және Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының білім алушылары іс-тәжірибелік сынақтан өткізілді.

Зерттеуіміздегі тәжірибелік-эксперименттік жұмысының мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістеменің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы тексеру болып табылады.

Зерттеу бойынша эксперименттік-тәжірибе жұмыс 2017-2020 жылдар аралығында өткізілді. Эксперимент тобына І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология факультеті, «6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 білімгері, бақылау тобына Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, «6B01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 78 білімгері таңдап алынды.

Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар үш кезенді қамтыды, олар: анықтау эксперименті; қалыптастыру эксперименті; бақылау, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру эксперименті. Бірінші кезеңде анықтаушы эксперимент өткізіліп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда

тұлғалық болмысын қалыптастырудың диагностикасы жасалды. Екінші кезеңде қалыптастырушы эксперимент жүргізіліп, жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру әдістемесі жасалды. Үшінші кезеңде бақылау эксперименті ұйымдастырылып, болашақ мұғалімінің кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыру тиімділігінің тәжірибелік-эксперименттік тексеру нәтижесі берілді. Анықтау экспериментіміздің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың диагностикасын жасау.

Анықтаушы эксперименттік зерттеу жұмысы үш кезеңнен тұрды:

1-ші кезең: болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың деңгейін анықтауға арналған құралдарды іріктеу.

2-ші кезең: әдістерді жүргізу.

3-ші кезең: нәтижелерді қорытындылау.

Әдістемелерді тандау барысында мынадай қағидалар басшылыққа алынды:

1. Жүргізілетін әдістемелердің сенімділігі мен валидтілігінің сақталынуы.
2. Әдістемелердің қолжетімділігі;
3. Әдістемелердің топтық зерттеу жұмыстарына жарамдылығы;
4. Нәтижелерді сапалық және сандық өңделу мүмкіндігі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың деңгейін келесі компоненттер арқылы анықтадық.

- мотивациялық-мақсаттылық;
- танымдық;
- бағалаушылық-рефлексиялық.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың диагностикасы төмендегідей диагностикалық әдістемелер мен сауалнама арқылы жүзеге асты. 4-кестеде беріледі.

Кесте 4 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бастапқы деңгейін зерттеу әдістемелері

Компоненттері мен өлшемдер	Әдістеменің аты
1	2
Мотивациялық-мақсаттылық компонент, өлшемі – мотивациялық-құндылық қатынасы	1. М.Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» сауалнамасы; 2. К. Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикасы.
Танымдық компонент, өлшемі – теориялық білімдері мен біліктері	3. А.В. Лазукин мен Н.Ф. Калининнің «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесі бойынша бейімделген сауалнама; 4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлығын анықтауға арналған авторлық тест тапсырмалары.

4 – кестенің жалғасы

1	2
Бағалаушылық-рефлексиялық компонент, өлшемі – білім, білік, сапа және өзіндік бағалау дағдысы	5.С.Р. Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасы»; 6. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысты бағалауы мен рефлексия жасауға арналған тапсырмалар. (жеке тапсырмалар)

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген диагностикалық әдістемелердің көмегімен алғашқы алынған тәжірибелік мәліметтердің нәтижелерін қарастырып, талдаймыз. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру бойынша анықтаушы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттері, моделдің мотивациялық-мақсаттылық, танымдық және бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерін, өлшемдері мен деңгейлерін бағалау көрсеткіштерінен алынған нәтижелерін қарастырайық.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру деңгейін диагностикалау мақсатында жоғарыда көрсетілген әдістемелерінің кешені қолданылды. Анықтаушы эксперименті барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейін анықтау үшін М. Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» бейімделген сауалнамасын пайдаландық.

Сауалнамаға қатысқан білім алушылар оқу үдерісіне ойлаушы, жауапты, белсенді және шығармашыл тұлға ретінде қарастырылды. Әр білім алушыларға жеке берілген сауалнама, оның мазмұны мен тереңдігі бойынша өздігінен ойлануға, кәсіби іс-әрекетке мотивацияларын анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнаманы толтыру барысында білім алушылар өздерінің ішкі құндылықтарын, армандары мен болашаққа деген көзқарастарын ашық жазды.

Сауалнама 15 тапсырмадан тұрады (Қосымша А).

Қатысушылар кәсіби-педагогикалық даярлықтың осы өмірлік кезеңінде оларға ерекше мән беретінін, сондай-ақ тұлғалық маңызды мақсатты бағдарларға қол жеткізуге ықпал ететін құралдың маңыздылығы дәрежесі бойынша бағалау мүмкіндігін алды.

Эксперименттік, бақылау топтарының сауалнамаларын өңдеу барысында білім алушылардың өмірлік мақсаттарына жету жолындағы оқу үдерісінің қаншалықты маңызды рөл атқаратынына назар аудардық. Сонымен қатар, әрбір қатысушының болашаққа деген көзқарасы мен ұстанымдары сарапталды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейін анықтау үшін М. Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» бейімделген сауалнамасының нәтижесін 5-

кестеден көруге болады.

Кесте 5 - М. Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» бейімделген сауалнамасының нәтижесі


Таңдалған құндылықтар	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Рухани адамгершілік қасиеті	45	57,69	27	34,62	6	7,69	42	56	29	38,67	4	5,33
Кәсіби әрекетке бейімделуі	39	50	32	41,03	7	8,97	42	56	25	33,33	8	10,67
Өзін-өзі дамыту мен жетілдіру	51	65,38	22	28,21	5	6,41	48	64	21	28	6	8
Өзіне сенімділігі	48	61,54	28	35,9	2	2,56	52	69,33	18	24	5	6,67
Кәсіби шеберлікке ұмтылысы	53	67,95	16	20,51	9	11,54	51	68	17	22,67	7	9,33
Жаңашылдыққа қызығушылығы	44	56,41	24	30,77	10	12,82	46	61,33	20	26,67	9	12
Көзқарасын сенімді және мазмұнды жеткізе білу	56	71,79	18	23,08	4	5,13	54	72	10	13,33	11	14,67
Орта көрсеткіші:	48	61,54	24	30,59	6	7,87	48	63,81	20	26,67	7	9,52

Осы сауалнама негізінде анықтаушы эксперимент барысында бақылау тобындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық болмысының қалыптасуының мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің дамуы төмен деңгейде екендігі анықталды. Яғни өзін-өзі дамыту мен жетілдіре алуы -65,38%; кәсіби шеберлікке ұмтылысы - 67,95%; жаңашылдыққа қызығушылығы - 56,41 %; көзқарасын сенімді және мазмұнды жеткізе білуі - 71,79 % көрсетті. Орташа көрсеткіші бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің дамуының 61,54 % төмен деңгейін, 30,59% орта деңгейді көрсетсе, ал 7,87% ғана жоғары деңгейді көрсетті.

Анықтаушы экспериментте эксперименттік топты құрайтын І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 білім алушының кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысының қалыптасуының мотивациялық-

мақсаттылық компоненттерінің дамуы төмен деңгейде екендігі анықталды. Яғни өзін-өзі дамыту мен жетілдіре алуы – 64%; кәсіби шеберлікке ұмтылысы - 68%; жаңашылдыққа қызығушылығы - 61,33 %; көзқарасын сенімді және мазмұнды жеткізе білуі - 72 % көрсетті. Орташа көрсеткіші бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің дамуының 63,81 % төмен деңгейін, 26,67% орта деңгейді көрсетсе, ал 9,52% ғана жоғары деңгейді көрсетті.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейінің салыстырмалы диаграммасы 8-суретте берілген.



Сурет 8 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейінің салыстырмалы диаграммасы (М.Рокич әдістемесі)

Білім алушылардың оқу белсенділігіне деген мотивациясы оқу үрдісін тиімді жүзеге асырудың қажетті шарты болады, себебі білімге деген білім алушылардың жағымды және жағымсыз көзқарастары білім алушылардың оқу үлгерімдеріне тікелей әсер етуі мүмкін. Сол себепті білім алушылардың оқу мен білімге деген мотивін зерттеу маңызды болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейін айқындау мақсатында К. Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикасын қолдандық. Бұл диагностика білім алушылардың оқу іс-әрекетінің мотивтерін және олардың білім беру үрдісіне құндылыққа қатынасын

анықтауға бағытталған. Аталған әдістемеге ішкі және сыртқы мотивация туралы ережеге негізделген.

Білім алушыларға берілген сауалнама:

К. Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикасында мотивтің 15 атауы көрсетілген. Нәтижесінде 7 шкала таңдалып, өңделді. Білім алушылар 15 сұрақты мұқият оқып, маңыздылығына қарай 5 балдық жүйе бойынша бағалап, көрсетті. Тест нәтижелері:

Шкала 1. Қарым-қатынас

Шкала 2. Мамандыққа деген қызығушылығы

Шкала 3. Кәсіби құндылық

Шкала 4. Шығармашылық белсенділік

Шкала 5. Оқу-танымдық іс-әрекет

Шкала 6. Әлеуметтік және тұлғалық бедел

К.Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикасының нәтижесін 6- кестеден көруге болады.

Кесте 6 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейі (К.Замфирдің әдістемесі)


Шкалалар атауы	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Қарым-қатынас	53	67,9	14	17,9	11	14,1	51	68,0	150	20,0	900	12,00
Мамандыққа деген қызығушылық	50	64,1	19	24,3	96	11,5	48	64,0	220	29,3	57	6,67
Кәсіби құндылық	51	65,3	21	26,9	62	7,69	53	70,6	187	24,0	43	5,33
Шығармашылық белсенділік	43	55,1	20	25,6	15	19,2	45	60,0	193	25,3	1167	14,67
Оқу-танымдық іс-әрекет	46	58,9	24	30,7	87	10,2	43	57,3	223	29,3	1033	13,33
Әлеуметтік және тұлғалық бедел	39	50,0	32	41,0	78,97	8,97	46	61,3	177	22,6	1200	16,00
Орта көрсеткіші:	48	60,2	22	27,7	98	11,9	48	63,5	196	25,1	811	11,33

Анықтаушы экспериментте бақылау тобына қатысқан Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 білім алушының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейі (К.Замфирдің әдістемесі) нәтижесінде бақылау тобында (орта көрсеткіші) бойынша 47 білім алушы 60,26 % төмен деңгейді көрсетті, 22 білім алушы

27,78% орта деңгейді, ал 9 білім алушы 11,97% жоғары деңгейді көрсетті.

Эксперимент тобында (орта көрсеткіші) бойынша 48 білім алушы 63,56 % төмен деңгейді көрсетті, 19 білім алушы 25,11% орта деңгейді, ал 8 білім алушы 11,33% жоғары деңгейді көрсетті.

Диагностиканы қолдану барысында алынған салыстырмалы диаграммасын төмендегі 9- суреттен көруге болады.



Сурет 9 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейінің салыстырмалы диаграммасы (К.Замфирдің әдістемесі)

Қорыта келе, осы қолданылған диагностиканың нәтижесі бойынша бақылау және эксперимент тобының білім алушылары қарым-қатынас, мамандыққа деген қызығушылық, кәсіби құндылық, шығармашылық белсенділік, оқу-танымдық іс-әрекет, әлеуметтік және тұлғалық бедел шкалалары бойынша төмен деңгейді көрсетті. Сонымен қатар К.Замфирдің деңгейлері бойынша «сыртқы мотив» деңгейінің басымдылығы байқалып, алынған мәліметтер білім алушыларының сыртқы мотивациясының басым екені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сыртқы мотивациясы бар білім алушылар, әдетте, оқу үрдісінен қанағаттанбайды, мәселелерді шешуде туындайтын қиындықтар қажетсіз кедергілер ретінде қарастырылады. Мұндай білім алушылар мүмкіндігінше қарапайым тапсырмаларды таңдайды және оларды сынақ бағасын алу үшін ғана орындайды. Ішкі ынталандырудың болмауы олардың белсенділігінің төмендеуіне және белгілі бір іске деген шығармашылықтарының төмендеуіне ықпал етеді.

Жүргізілген диагностикалардың нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің даму деңгейін қалыптастырушы

эксперимент барысында артыру қажеттігіне көзіміз жетті.

Анықтаушы эксперименті барысында эксперименттік топ ретінде алынған І. Жансүгіров атындағы ЖМУ «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 білім алушының және бақылау тобына қатысқан Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 78 білім алушыларын кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейін айқындау мақсатында Лазукин мен Н.Ф. Калининнің «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесі бойынша бейімделген сауалнама алынды.

Нұсқаулығы: Сауалнамадағы өзіңізге ұнаған пікірді таңдаңыз. Бұл жерде дұрыс не дұрыс емес деген жауап жоқ, сіздің таңдаған жауабыңыз дұрыс болып есептеледі.

Әдістеменің нәтижесі 7 шкала бойынша айқындалады.

1. Уақытқа бағдарлану шкаласы тұлға өз әрекеттерін кейінгіге ысырмай, осы шақпен өмір сүруімен анықталады. Жоғары деңгей: өзінің өмір құндылықтарын түсінуі және өмірінің осы шақтағы әрекеттерінен ләззат алуы. Төмен деңгей: тұлғаның өз әрекеттеріне сенімсіздігі мен өткен өмірінен алған күйзелістерін ұмытпауы, белгілі бір жетістікке ұмтылысының төмендігі.

2. Құндылықтар шкаласы бұл шкала бойынша жоғары деңгейді көрсеткен білім алушылар өзін-өзі белсендіретін тұлғалық құндылықтарын бойына сіңірген, тұлғасы жауапкершілік, адамгершілік, адалдық, сұлулық, әдептілік сынды қасиеттерімен сипатталады.

3. Қоршаған ортасына жағымды және жағымсыз көзқарас шкаласы білім алушылардың азаматтық, адамгершілік мүмкіндіктерінің жоғары екендігіне сенімділігін көрсетеді. Аталған шкаланың жоғарғы көрсеткіші шынайы әрі үйлесімді тұлғалық қарым-қатынастармен сипатталады.

4. Танымдық шкаласы. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекет және тұлғалық болмыс, оны тәрбиелеу туралы білімдерінің болуы.

5. Шығармашылыққа ұмтылыс. Тұлғаның белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғары деңгейі. Өзін-өзі белсендірудің міндетті белгісі болып табылады.

6. Өзін-өзі белсендіре алатын тұлғалар әр қашан танымды қажет етіп, үнемі жаңа әсерлерге ашық болады. Бұл шкалаға бейім тұлға үнемі жаңаны іздеумен, белгілі бір нысандарға қызығушылық танытуымен сипатталады.


7. Өзін-өзі түсіну шкаласының жоғары деңгейдегі көрсеткіші тұлғаның құштарлығы мен қажеттілігіне деген сезімталдығын сензитивтілігін анықтайды. Төмен деңгейде нәтиже көрсеткен білім алушылар өзіне деген сенімділігінің төмендігі мен айналасын қоршаған ортаның пікірін тыңдамайды.

Лазукин мен Н.Ф. Калининнің бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің нәтижесі төмендегі 7-кестеде берілді.

Кесте 7 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейі

Шкалалар атауы	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Уақытқа бағдарлану шкаласы	41	52,56	28	35,90	9	11,54	43	57,33	27	36,00	5	6,67
Құндылықтар шкаласы	51	65,38	23	29,49	4	5,13	47	62,67	21	28,00	7	9,33
Қоршаған орта сына жағымды және жағымсыз көзқарас шкаласы	56	71,79	16	20,51	6	7,69	51	68,00	16	21,33	8	10,67
Танымдық шкаласы	54	69,23	16	20,51	8	10,26	42	56,00	27	36,00	6	8,00
Шығармашылыққа ұмтылыс шкаласы	40	51,28	31	39,74	7	8,97	44	58,67	22	29,33	9	12,00
Өзін-өзі белсендіре алу шкаласы	45	57,69	23	29,49	10	12,82	50	66,67	17	22,67	8	10,67
Өзін-өзі түсіну шкаласы	51	65,38	19	24,36	8	10,26	53	70,67	12	16,00	10	13,33
Орта көрсеткіші:	48	61,90	22	28,57	8	9,52	48	62,86	19	27,05	8,00	10,10

Лазукин мен Н.Ф. Калининнің бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейінің диаграммасы 10- суреттен көруге болады.



Сурет 10 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейінің диаграммасы

Анықтаушы экспериментте бақылау тобына қатысқан «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 78 білім алушының танымдық компоненті бойынша төмен деңгейді 48 білім алушы 61,90 %, орта деңгейді 22 білім алушы 28,57 %, ал жоғары деңгейді 8 білім алушы 9,52 % көрсетті.

Сонымен қатар, эксперименттік топты құрайтын І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 білім алушының танымдық компоненті бойынша төмен деңгейді 48 білім алушы 62,86 %, орта деңгейді 19 білім алушы 27,05 %, ал жоғары деңгейді 8 білім алушы 10,10 % көрсетті.

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің сипаттамаларынан екі топтан айтарлықтай ерекшеліктерді байқамадық. Екі топтан құндылықтар шкаласының өзгермелер салыстырмалы негізде төмен екендігін көруге болады. Яғни бұл шкала бойынша орташа ұпай көрсеткен білім алушылардың бойынша өзін белсендіре алатын тұлғалық құндылықтарының бар екендігін байқауға болады. Сонымен қоса екі топта да уақытқа бағдарлану шкаласы мен қоршаған ортасына жағымды және жағымсыз көзқарас шкалалары төмен деңгейді көрсетті.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейін және білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын анықтау мақсатында авторлық тест тапсырмалары берілді.

Білім алушыларға берілген тест тапсырмалары:

1 Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға сізге әдетте не кедергі келтіреді?

- A) уақыттың жетіспеушілігі
- B) керек әдебиет пен жағдайдың жоқтығы
- C) ерік-жігердің жетіспеушілігі
- D) өзіме деген сенімсіздік
- E) нақты білмеймін

2 Жеке тұлғаны қалыптастыру:

A) Әр түрлі жағдайлардың адамдардың саналы қызметіне тәуелсіз түрде ықпал етуі.

B) Адам ағзасындағы сандық өзгерістер процесі мен нәтижесі.

C) Білімді игеру барысында теориялық және тәжірибелік істерді атқаруға өздігінен салалы түрде дайындығы.

D) Нақты тәрбие міндеттеріне бағытталған тәрбие жұмыстарының нәтижесі .

E) Барлық әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық және т.с.с ықпалымен адамның әлеуметтік жан иесі ретінде қалыптасуы.

3 Жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесі неге байланысты емес:

- A) Тұқымқуалаушылыққа.
- B) Оқу әректінің сипатына.
- C) Оқулықтың сапасына.
- D) Оқытушының талантына.
- E) Табиғат жағдайына.

4 Жеке тұлғаны қалыптастыру процесі:

- A) Өзін-өзі тәрбиелеу.
- B) Өзіндік білім алу.
- C) Педагогикалық процесті нәтижелі ұйымдастыру.
- D) Оқу-тәрбие процесінің нәтижесін арттыру.
- E) Тұлғаның жетілуін қамтамасыз етеді.

5 Тұлғаны қалыптастыру:

- A) Саналы іс- әрекетіне байланыссыз түрлі жағдайлардың адамдарға әсері.
- B) Адам ағзасындағы сандық өзгерістері үрдістері мен нәтижесі.
- C) Әлеуметтік тұлға ретінде адамның экологиялық, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық және т.с.с. факторлары барлығының әсерінен қалыптасу үрдісі.
- D) Нақтылы тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталған тәрбиелік жұмыс үрдісі мен нәтижесі.

E) Меңгерілген білімдер негізінде теориялық және практикалық әрекеттерді саналы және өзбетінше орындауға дайындығы.

6 Тұлға дегеніміз:

- A) Жеке адам
- B) Саналы және ойлай білетін адам.
- C) Бір адамды екінші адамнан айыратын ерекшелік.
- D) Оның әлеуметтік мәнін көрсететін қасиеттер жиынтығы.
- E) Тірі организмді дамуының ең жоғары деңгейі.

7 Тұлға қалыптасуына ең аз әсер етеді:

- A) Әлеуметтік орта.
- B) Географиялық орта.
- C) Тәрбие.
- D) Тұқымқуалаушылық.
- E) Тұлға іс-әрекеті.

8 Тәрбиенің жалпы мақсаты:

- A) Азамат тәрбиелеу.
- B) Отбасын тәрбиелеу.
- C) Еңбекші адамды тәрбиелеу.
- D) Жан-жақты, гармониялы дамыған тұлғаны қалыптастыру.
- E) Белсенді тұлға тәрбиелеу.

9 Мақсатты, жоспарлы ұйымдастырылған тұлғаны қалыптастыру процесі:

- A) Сабақ беру.
- B) Оқыту.
- C) Тәрбиелеу.
- D) Оқу.
- E) Даму.

10 Өзінде тұлғалық оң қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған адамның саналы іс- әрекеті:

- A) Тәрбие.
- B) Қайта тәрбиелеу.
- C) Өзін-өзі тежеу.


D) Өзін-өзі тәрбиелеу.

Тест тапсырмаларының нәтижесін төмендегі 8- кестеден көруге болады.

Кесте 8 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейі

Топ	Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%
Бақылау тобы (78 білім алушы)	54	69,23	9	11,54	15	19,23
Эксперименттік топ (75 білім алушы)	52	69,33	12	16	11	14,67

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейінің диаграммасы 11- суретте берілген.



Сурет 11 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейінің диаграммасы

Тест нәтижесі бойынша бақылау тобының білім алушыларының кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің дамуының төмен деңгейді көрсеткендер 69,23 %, орта деңгейді 11,54%, 19,23% жоғары деңгейді көрсетті. Эксперимент тобының білім алушыларының кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің дамуының төмен деңгейді

көрсеткен 69,33 %, орта деңгейді 16%, ал 14,67% ғана жоғары деңгейді көрсетті. Яғни, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейін қалыптастырушы эксперимент барысында арттыру қажеттігін көрсетті.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін анықтау мақсатында эксперименттік топ (І. Жансүгіров атындағы ЖМУ «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 75 білім алушының) және бақылау тобына (Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 78 білім алушы) С.Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау» тест-сауалнамасы берілді.

Мақсаты: тұлғаның өзіне қатынасын яғни өзіне «Мен» қатынасын анықтау. С.Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің бұл әдістемесі арқылы біз жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауын, қабылдауын, өзіне қатынасын анықтаймыз.

Сауалнама тұлғаның өзіне деген қатынасын көрсетуге мүмкіндік беретін сұрақтармен қамтылған. Сауалнама 57 сұрақтан тұрады. Сауалнаманы өткізуге 30 минут уақыт кетеді. Қатысушылар әр сұраққа келіссе оң немесе келіспесе теріс таңбамен жауап береді.

Нұсқау: Әр сұрақпен танысып, оң не теріс таңбалармен белгілеп көрсетіңіз.

Сауалнаманың шкалалары:

Шкала I -өзін-өзі сыйлауы

Шкала II - аутосимпатия

Шкала III - өзіне басқалардан күтетін қатынасы

Шкала IV -өзіне қызығушылығы

Шкала V - өзіне сенуі

Шкала VI - өзін-өзі қабылдауы

Шкала VII - өзін-өзі басқаруы

Шкала VIII - өзін-өзі кінәлау

Шкала IX - өзіне қызығушылығы

Шкала X - өзін-өзі тану

Шкала V - өзіне басқалардан күтетін қатынасы.

Барлық көрсетілген шкалалар педагогтың өзіне қатынасының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Аутосимпатия - өзінің «Меніне» достық немесе қастық қатынасты, яғни «өзін-өзі қабылдауды», «өзін-өзі кінәлауды» бейнелейді. Мазмұнына қарай жағымды жағына өзіне деген сенімділігі және өзін бағалауы жатады. Ал жағымсыз жағына өз бойындағы әлсіз жақтарын көруі басым, өзін-өзі төмен бағалауы, өзін-өзі кінәлау сипаттары тән.

Өзін - өзі тану - бұл өте кең, көп қырлы үрдіс. Өзін-өзі тану - адамның өзін тұлға ретінде анықтауы. Тұлғаның тәуелсіз шешімдер қабылдауға, басқа адамдармен және табиғатпен белгілі бір қарым-қатынасқа түсуге қабілеттілігі.

Өзін-өзі басқару - адамның мінез-құлқының, іс-әрекетінің, қарым-қатынасының саналы, жүйелі, өзін-өзі реттеу, өзгерту ретінде қарастырылады.

Өзін-өзі басқарудың қажеттілігі қарым-қатынастың, мінез-құлықтың, іс-әрекеттің әдеттегі әдістері мен құралдары сәттілікке әкелмеген кезде туындайды.

Өзін-өзі басқару қабілеті жеке тұлғаның ең маңызды сипаттамасы және жеке іс-әрекеттің барлық формаларында жүзеге асырылады.

Өзін-өзі қабылдау - өзіне деген жағымды эмоционалды-құндылық қатынасында, өзін-өзі бағалауда, өзін-өзі түсінуде, өзінің ішкі әлемі мен іс-әрекетін бейнелеуде, өзін-өзі құрметтеуде көрінеді. Өзін-өзі қабылдау адамгершілік құндылықтарға негізделген.

Өзіне сенуі - адамның белгілі бір табысқа жетуіне деген мақсаты. Бұл қасиет бізге өз шешімдерімізге сену, қателік жіберуден қорықпау үшін қажет.

Өзіне басқалардан күтетін қатынасы - қоршаған адамдардың өзінің тұлғасына жағымды немесе жағымсыз қатынасын бейнелеуден тұрады. Мұндай адам әр қашан басқалардан өзіне деген жағымсыз мінез-қылықтарын көруге бейім келеді. Өзін-өзі сыйлау, құрметтеу, бағалау, сену қажет екенін алдына міндет етіп қоймайды.

Нәтижелердің интерпритациясы:

45-55 балл – адам өзін адекватты қабылдайды, өзінің мінез-құлығын дұрыс бағалай біледі. 55-70 балл – өзін жоғары бағалайды, 40-45 балл – өзін төмен бағалайды. 80-нен жоғары және 40-тан төмен алған балдарды есепке алынбайды, өйткені мұндай көрсеткіштерге сыртқы факторлар (әлеуметтік қажеттілік) әсер етуі мүмкін.

С.Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің әдістемесінің нәтижесін, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін төмендегі 9- кестеде көрсеттік.


Кесте 9 - С.Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау» әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейі

Шкалалар атауы	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Өзін-өзі сыйлауы	42	53,85	24	30,77	12	15,38	54	72,00	11	14,67	10	13,33
Аутосимпатия	43	55,13	27	34,62	8	10,26	56	74,67	10	13,33	9	12,00
өзіне басқалардан күтетін қатынасы	52	66,67	17	21,79	9	11,54	50	66,67	18	24,00	7	9,33

9 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
өзіне қызығушылығы	49	62,82	15	19,23	14	17,95	52	69,33	11	14,67	12	16,00
өзіне сенуі	50	64,10	18	23,08	10	12,82	49	65,33	18	24,00	8	10,67
өзін-өзі қабылдауы	42	53,85	32	41,03	4	5,13	45	60,00	24	32,00	6	8,00
өзін-өзі басқаруы	51	65,38	21	26,92	6	7,69	53	70,67	14	18,67	8	10,67
өзіне қызығушылығы	45	57,69	22	28,21	11	14,10	48	64,00	19	25,33	8	10,67
өзін-өзі түсінуі	52	66,67	19	24,36	7	8,97	43	57,33	22	29,33	10	13,33
өзіне басқалардан күтетін қатынасы	49	62,82	19	24,36	10	12,82	50	66,67	19	25,33	6	8,00
Орта көрсеткіші:	48	60,89	21	27,43	9	11,66	50	66,66	17	22,13	8	11,2

Анықтаушы эксперименті бойынша С.Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау» сауалнамасынан алынған пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі 12- суретте көрсетілген.



Сурет 12 - С.Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау» әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейінің диаграммасы

Анықтаушы эксперименттегі С.Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық

компоненті бойынша бақылау топта орта деңгейді 21 білім алушы 27, 43 % көрсетсе, төмен көрсеткішті 48 білім алушы 60,89 %, ал жоғары деңгейді 9 білім алушы 11,66 % ғана көрсетті.

Ал, эксперимент топбында орта деңгейді 17 білім алушы 22,13 % көрсетсе, төмен көрсеткішті 50 білім алушы 66,66 %, ал жоғары деңгейді 8 білім алушы 11,2 % ғана көрсетті.

Қорыта келе, жоғарыда аталған көрсеткіштердің сипаттамаларынан екі топтан айтарлықтай ерекшеліктер байқамадық. Сонымен қоса екі топта да өзін-өзі түсінуі шкаласы мен аутосимпатия шкалалары төмен деңгей көрсеткенін көреміз. Яғни, білім алушылар әр қашан басқалардан өзіне деген жағымсыз мінез-қылықтарын көруге бейім келеді. Өзін-өзі сыйлау, құрметтеу, бағалау, сену қажет екенін алдына міндет етіп қоймайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін анықтау мақсатында білім алушыларға кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысты бағалауы мен рефлексия жасауға арналған тапсырмалар берілді.

1-тапсырма. Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетті бағалау мен рефлексия жасау.

Цифрлық платформа арқылы рефлексиялық тапсырма:

1. Тапсырма мақсаты: бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығын жақсарту, тұлғалық болмысын қалыптастыру үшін оның өзіндік ерекшеліктерін анықтап, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік беру.

2. Тапсырманың мазмұны: цифрлық платформада мұғалімдер үшін арнайы рефлексиялық сауалнама немесе тапсырма құрылады, онда олар өздерінің педагогикалық тұлғалық қасиеттерін, тәжірибесін және дамыту бағыттарын бағалауы тиіс.

3. Рефлексиялық тапсырманың құрылымы:

1. Мұғалімнің тұлғалық болмысын анықтау (сөзбен және бейнемазмұн арқылы)

- Онлайн платформаға кіріп, бейнемазмұн (сұхбат, педагогикалық тәжірибе) арқылы бастауыш сынып мұғалімі тұлғасының негізгі қасиеттерін (адамгершілік, жауапкершілік, шығармашылық) анықтаңыз.

- «Сіз үшін ең маңызды мұғалімдік қасиеттер қандай?» деген сұраққа бейнемазмұн арқылы жауап беріңіз.

- Жауаптың соңында өзіңізді қандай педагог ретінде көретініңізді сипаттап, осы қасиеттерді дамыту үшін қандай қадамдар жасауды жоспарлайсыз?

2. Өзін-өзі бағалау

- Тапсырмада мұғалімге әртүрлі сұрақтар беріледі, мысалы:

- «Сіз оқушылармен қарым-қатынаста қандай педагогикалық тәсілдерді қолданасыз?»

- «Сіздің басты мақсаттарыңыз қандай: білім беру, тәрбие беру, әлде екеуінің үйлесімі?»

- Осы сұрақтарға жауап беру арқылы өз педагогикалық әрекеттерін, тұлғалық болмысын бағалайды.

3. Педагогикалық мақсаттарды айқындау

- Онлайн платформада әр мұғалімге өз қызметінде жүзеге асыратын 2-3 педагогикалық мақсат қою ұсынылады.

- Мақсаттарды қоюда «SMART» әдісін пайдалану ұсынылады (мақсаттар нақты, өлшенетін, қолжетімді, уақытылы және шынайы болуы керек).

4. Жеке даму жоспары

- Мұғалімдерге жеке даму жоспарларын құру ұсынылады. Ол жоспарға мынадай бөлімдер кіреді:

- Қазіргі уақытта қандай дағдылар мен қасиеттерді дамыту қажет екенін анықтау.

- Алдағы 6 ай ішінде қандай білімдер мен дағдыларды меңгеру қажет.

- Әрбір қадамға нақты уақыт белгілеу.

5. Цифрлық ресурстарды пайдалану

- Әр мұғалімге цифрлық ресурстар (онлайн курстар, вебинарлар, мақалалар) ұсынып, олардың кәсіби дамуында қаншалықты пайдалы болатынын талқылау.

- Цифрлық платформадағы құралдар:

- Google Forms: сауалнама мен сұрақ-жауап түрінде тапсырмаларды енгізу.

- Padlet немесе Miro: мұғалімдер өз ойларын, жоспарларын және тәжірибелерін визуалды түрде бөлісе алады.

- Mentimeter: сұрақтарға жылдам жауаптар алу және талдау үшін.

- Zoom немесе басқа бейнеконференция құралдары: бейнемазмұнды көру және талқылау үшін.

7. Қорытынды. Осы тапсырмаларды орындау арқылы мұғалімдер өз кәсіби тұлғалық болмысын танып, дамытудың жаңа тәсілдерін таба алады. Рефлексия арқылы мұғалім өзінің педагогикалық іс-әрекетін бағалап, жеке дамуына жаңа бағыттар қою мүмкіндігіне ие болады.

2-тапсырма. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыру.

Мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын дамытуға бағытталған өздерінің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау, анықтау және рефлексия жасау. Бұл тапсырма білім алушыларды өздерінің даму жолындағы қиындықтарды, жетістіктерді талдауға, өзін-өзі жақсартуға және кәсіби бағдар беру үшін қажетті тұлғалық қасиеттерін түсінуге көмектеседі.

Тапсырманың құрылымы:

1. Тақырыпты ашу:

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығы мен тұлғалық болмысын қалыптастырудың маңызы қандай?

- Тұлғалық болмысқа қандай қасиеттер жатады және оларды қалай дамытуға болады?

- Сіздің пікіріңіз бойынша, мұғалімнің тұлғалық болмысы оқушының тұлғалық дамуына қалай әсер етеді?

2. Рефлексиялық тапсырма: а) Жеке рефлексия (жазбаша):

- Өз кәсіби даярлығыңыздың қазіргі деңгейін бағалаңыз. Кез келген оқу, тәжірибе немесе оқытушылық іс-әрекеттеріңіз арқылы дамытқан тұлғалық қасиеттеріңізді атап өтіңіз.

- Қандай қасиеттерді жақсартуды қалайсыз және осы қасиеттерді дамыту жолындағы қадамдарыңызды жоспарлаңыз.

- «Бастауыш сынып мұғалімі ретінде кәсіби тұлғамның болмысы» туралы үш маңызды аспектіні атаңыз.

б) Топтық рефлексия (онлайн талқылау):

- Цифрлық платформа арқылы топқа бөлініп, келесі сұрақтар бойынша пікір алмасу:

1. Бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыру үшін қандай дағдылар мен қасиеттер қажет деп ойлайсыз?

2. Бұл қасиеттерді өзіңізде қалай дамытуға болады?

3. Мұғалімнің тұлғалық болмысы мен педагогикалық қабілеттерінің байланысы қандай?

3. Қорытынды:

- Тапсырманың соңында өзіңіз үшін маңызды және сабақ барысында байқаған өзгерістер туралы қысқаша қорытынды жасаңыз.

- Тұлғалық болмысыңыздың қалай қалыптасып жатқандығы және кәсіби даярлыққа әсері туралы рефлексия жасаңыз.

Қолданылатын құралдар:

- Онлайн рефлексия (мысалы, Google Forms, Padlet, Mentimeter немесе басқа платформалар).

- Қысқаша пікірталас және талқылау үшін Zoom немесе Microsoft Teams сияқты бейнеконференция құралдары.

- Жазбаша тапсырмалар үшін Google Docs немесе басқа құжат редакторлары.

Күтілетін нәтижелер:

1. Білім алушылардың өздерін кәсіби тұрғыдан бағалауы.

2. Оқу барысында өздерінің тұлғалық қасиеттерін және даму жолдарын анықтауы.

3. Топтық талқылаулар арқылы білім алушылардың бір-бірінен үйренуі.

4. Болашақ мұғалімдердің кәсіби тұлғалық болмысын қалыптастыруға арналған нақты қадамдар мен стратегияларды жасау.

3-тапсырма. Педагогикалық жағдайдағы рефлексия.

Мақсаты: Білім алушылардың педагогикалық іс-әрекетке қатысты рефлексивті ойлау қабілетін дамыту және бағалау дағдысын арттыру.

1. Кәсіби практикадан алған маңызды педагогикалық жағдайды сипаттаңыз.

2. Осы жағдайға қатысты өз іс-әрекетіңізді бағалаңыз және жетілдіру үшін қандай қадамдар жасау қажет екенін талдаңыз.

3. Өз әрекетіңізді жақсарту үшін рефлексивті ойлау процесін қолданып, қандай жаңа әдіс-тәсілдер немесе стратегияларды қолдануға болатынын қарастырыңыз.

Күтетін нәтиже: білім алушылардың педагогикалық жағдайды талдай отырып, өз іс-әрекетін объективті бағалау және жақсарту жолдарын табу дағдыларын дамыту.

4-тапсырма. Кәсіби іс-әрекетте тұлғалық болмысты бағалау құралдарын құру.

Мақсаты: Болашақ мұғалімдердің тұлғалық болмысын бағалау әдіс-тәсілдерін әзірлеуге бағытталған тапсырма.

Тапсырма:

- Бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын бағалауға арналған әдістемелік құралдар мен сұрақтар жинағын құру.

- Кәсіби іс-әрекетте мұғалімнің тұлғалық болмысының түрлі аспектілерін бағалау үшін тиімді бағалау әдістерін таңдау.

- Тұлғалық болмыстың дамуын бақылау үшін рефлексиялық сауалнамалар, тесттер, бағалау парақтары мен өзін-өзі бағалау формаларын жасау.

- Құралдардың тиімділігін сынақтан өткізіп, нәтижелерді талдау.


Нәтиже: білім алушылар тұлғалық болмысын бағалау үшін қажетті құралдармен жұмыс істеп, олардың кәсіби дамуына қосатын үлесін анықтайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін анықтауға арналған тапсырма нәтижелері өңделіп, оның нәтижелері төмендегі 10-кестеде көрсетілді.

Кесте 10 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін анықтауға арналған тапсырма нәтижелері

Деңгейлері	Бақылау тобы (78 білімгер)		Эксперименттік топ (75 білімгер)	
	Саны	%	Саны	%
Жоғары	8	10,26	9	12
Орта	32	41,03	30	40
Төмен	38	48,72	36	48

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін анықтауға арналған тапсырма нәтижелерінің диаграммасы 13 -суретте бейнеленген.



Сурет 13 - Анықтау эксперименті бойынша бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің даму деңгейін анықтауға арналған әдістемесінің даму диаграммасы

Аталған әдістеме бойынша бақылау тобында төмен деңгейді 38 білім алушы 48.72 % көрсетсе, эксперимент тобында 48 % 36 білім алушы көрсетті. Яғни, білім алушылардың бағалаушылық және рефлексиялық қабілеттері төмен деңгейде сипатталады. Орта деңгейді бақылау тобында 32 білім алушы 41.03%, эксперимент тобында 30 білім алушы 40% құрады, бұл білім алушыларға бағалаушылық және рефлексиялық қабілетінің көрінуінің орта деңгейі тән. Бұл көрсеткішке тән білім алушылар қарым-қатынасқа бейім, өзіндік пікірін білдіре алатын, өз жұмысын жоспарлай алатын, бірақ қабілеті жоғары тұрақтылықпен ерекшеленбейді. Бұндай білім алушыларға бағалаушылық және рефлексиялық қабілеттерін қалыптастыруға жоспарлы негіздегі тәрбиелік жұмыстар қажет. Жоғары деңгейді бақылау тобында 8 білім алушы 10,26%, эксперимент тобында 9 білім алушы 12% құрады, бұл білім алушылар бағалаушылық және рефлексиялық іс-әрекетте қажеттілікті сезінеді және оған белсенді түрде ұмтылады. Бөтен ортада өзін еркін ұстай алады, ортаға тез бейімделеді, қиын жағдайларға бейімделгіш келеді, әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыруда белсенділік танытады, бағалаушылық және рефлексиялық іс-әрекетке деген қажеттілігін өз бетімен қанағаттандырады.

Қорыта келе, білім алушылар екі топ бойынша салыстырмалы негізде бірдей деңгейді көрсеткен. Бұл дегеніміз зерттеуге алынған білім алушыларымыздың бағалаушылық және рефлексиялық қабілеттері төмен, өзіндік пікірін білдіруде қиналатын, өзге тұлғалармен қарым-қатынасқа түсуге бейім емес, жеткілікті деңгейде қабілеттері тұрақтылықпен ерекшеленбейтін, жоспарланған түрдегі тәрбие жұмыстарын қажет етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін қалыптастырушы эксперимент арқылы арттыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруды керек етеді.

Экспериментке алынған топтардың арасында білімдері мен кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық, танымдық, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің даму

деңгейлерінде айтарлықтай статистикалық айырмашылықтың жоқтығын дәлелдеу үшін Пирсонның χ^2 критерийін пайдаланамыз.

Ол үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық, танымдық, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің даму деңгейлерін 11- кестеге жинақтадық.

Кесте 11 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық, танымдық, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің даму деңгейлері

Әдістер	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%
Мотивациялық-мақсаттылық компонент												
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
М. Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» бейімделген сауалнамасы	48	61,54	24	30,59	6	7,87	48	63,8 1	20	26,6 7	7	9,52
К.Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикасы	47	60,26	22	27,78	9	11,97	48	63,5 6	19	25,1 1	8	11,33
Орта көрсеткіші:	47 ,5	60,9	23	29,18	7, 5	9,92	48	63,6 85	19, 5	25,8 9	7,5	10,42 5
Танымдық компонент												
Лазукин мен Н.Ф. Калининнің бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсен діруін диагнос тикалау» әдіс темесі	48	61,90	22	28,57	8	9,52	48	62,8 6	19	27,0 5	8,0 0	10,10
Тест	54	69,23	9	11,54	15	19,23	52	69,3 3	12	16	11	14,67
Орта көрсеткіші:	51	65,57	15 ,5	20,05 5	11 ,5	14,37 5	50	66,0 95	15, 5	21,5 25	9,5	12,38
Бағалаушылық-рефлексиялық компонент												

11 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
С.Р.Пантелеев пен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау» әдістемесі	48	60,89	21	27,43	9	11,66	50	66,66	17	22,13	8	11,2
Балушыларға кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмысты бағалау мен рефлексия жауға арналған авторлық тапсырмалар	38	48,72	32	41,03	8	10,26	36	48	30	40	9	12
Орта көрсеткіші:	43	54,81	26,5	34,23	8,5	10,96	43	57,33	23,5	31,07	8,5	11,6

Топтардың арасында білімдері мен кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық, танымдық, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің даму деңгейлерінде айтарлықтай статистикалық айырмашылықтың жоқтығын дәлелдеу үшін χ^2 критерийін пайдаландық.

$$\text{Оны келесі формула арқылы есептедік } \chi^2 = \frac{1}{n_1 n_2} \sum \frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$$

Сандық сапалық талдау нәтижесі 12,13- кестелерде келтірілген.

Кесте 12 - Сандық сапалық талдау нәтижесі

Компоненттер	Деңгей	Анықтаушы эксперимент							
		Бақылау тобы (78 білім алушы)		Эксперименттік топ (75 білім алушы)		$(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2$	$Q_{1i} + Q_{2i}$	$\frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$	χ^2
		Саны	%	Саны	%				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Мотивациялық-мақсаттылық	Жоғары	7,5	9,92	7,5	10,425	506,25	15	33,75	0,23212
	Орта	23	29,18	19,5	25,89	41616	42,5	979,2	
	Төмен	47,5	60,9	48	63,685	32942,3	95,5	344,945	
Танымдық	Жоғары	11,5	14,375	9,5	12,38	14762,3	21	702,964	0,14161

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Бағалаушылық-рефлексиялық	Орта	15,5	20,0 55	15,5	21,5 25	2162,25	31	69,75	0,121 22
	Төмен	51	65,5 7	50	66,0 95	5625	101	55,6931	
	Жоғары	8,5	10,9 6	8,5	11,6	650,25	17	38,25	
	Орта	26,5	34,2 3	23,5	31,0 7	23870,3	50	477,405	
	Төмен	43	54,8 1	43	57,3 3	16641	86	193,5	

Маңыздылық деңгейі және еркіндік дәрежелерінің саны $q = 0,05$ үшін $v = 3 - 1 = 2$, бұл $\chi^2 = 5,99$. $\chi_1^2 < \chi_2^2$. құрайды.

Кесте 13 – χ^2 критерий нәтижесі

Компоненттер	χ^2	$q = 0,05$	$\chi_1^2 < \chi_2^2$
Мотивациялық-мақсаттылық	0,23212	$\chi_{0.05}^2(2) = 5,99$	$0,23212 < 5,99$
Танымдық	0,14161	$\chi_{0.05}^2(2) = 5,99$	$0,14161 < 5,99$
Бағалаушылық-рефлексиялық	0,12122	$\chi_{0.05}^2(2) = 5,99$	$0,12122 < 5,99$

Көрсетілген маңыздылық деңгейінде топтардың айтарлықтай статистикалық айырмашылығы жоқ, яғни топтар зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуге жарамды болып саналады.

2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесі, оның мазмұны

Жоғары мектептің, оның ішінде педагогикалық жоғары мектептің білім беру үрдерісінің ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың педагогикалық мамандыққа, олардың кәсіби-педагогикалық дайындығына және өзіндік әлеуетіне құндылық көзқарасын қалыптастыру негізінде тұлғалық болмысын қалыптастыру мүмкін және қажет деп есептейміз. Осыған сәйкес болашақ педагогтың өзіндік оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру үрдісі тек пәндік нәтижелердің сапасына ғана емес, сонымен қатар оны жүзеге асыру барысында қалыптасатын құндылықтарға да бағытталған.

Жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру әдістемесін келесі жолдар арқылы құрастырдық:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру бойынша келесідей жұмыстар жүргізілді.

- тәрбие сағаттары;
- концерттік (сахналық) іс-шаралар;
- ойындар;
- жаттығулар;
- миға шабуыл әдістері.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру бойынша жасалған іс-шаралар;

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» тақырыбындағы арнайы курс;

- топтық пікір-таластар;
- дөңгелек үстел.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстар:

- практикум;
- тақырыптық жобалар;
- рефлексия тапсырмалары;
- кейс-стадилер.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру бойынша жүргізілген жұмыстарды қарастырайық.

Оқу іс-әрекетінде білім алушылардың тұлғасын кәсіби-педагогикалық бағытта қалыптастыру мақсатында бірнеше маңызды тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл іс-шаралар арасында «Сенің мамандығың – мұғалім», «Оқуға үйренейік!», «Жоғары білім – табыс көзі» атты тақырыптар ерекше орын алды. Әрбір сабақ

білім алушылардың педагогикалық білім беру үдерісінің маңыздылығын терең түсініп, оның ерекшеліктерін эмоционалды түрде сезінуіне, өз білімдеріне құрметпен қарауына және оқу мен кәсіби қызметке деген тұрақты мотивациясының қалыптасуына септігін тигізді.

«Менің мамандығым – мұғалім» атты тәрбие сағаты барысында білім алушылар өз пікірлерімен бөлісіп, мұғалім мамандығының мәні мен маңызын талқылады. Олар өз ойларын білдіре отырып, болашақ педагогтың кәсіби бейнесін бейнелеп, осы мамандыққа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастырды. Мұғалімнің мәртебесі мен жауапкершілігін сөз ете отырып, олар болашақта ұрпаққа білім мен тәрбие берудің қастерлі міндетін өз жүректерінде терең сезінді. Әрбір айтылған сөз, әрбір ойдың ұшқыны білім алушылардың эмоциялық әлеміне әсер етіп, олардың мұғалім мамандығына деген құштарлығын оятып, осы жолда үлкен жауапкершілік жүгін көтеруге деген дайындықтарын арттырды.

«Ұстаздық жол-өмірлік мақсатың» атты тәрбие сағаты барысында білім алушыларға ұстаздық мамандықтың маңыздылығын, оның қоғамдағы рөлін және өз ісіне деген шынайы ынта мен жауапкершілікті дамыту. Бұл тәрбие сағатының негізгі мақсаты - білім алушыларды ұстаздықтың қасиеттерімен таныстыру, олардың өз болашағын осы салада көруі үшін қажетті көзқарас қалыптастыру. Тәрбие сағатының басында ұстаздық мамандық туралы қысқаша мағлұмат беріліп, білім алушыларға ұстаздық жолдың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында баяндама жасалды. Ұстаздың қоғамдағы рөлі, бала тәрбиесі мен білім беру саласындағы жауапкершілік туралы сөз қозғалды. Білім алушыларға ұстаздықтың маңызын әрі терең мәнін түсіндіру мақсатында бейнеролик көрсетілді. Бейнероликте еліміздегі белгілі ұстаздар мен педагогтар туралы пікірлер, олардың білім беру саласындағы еңбектері мен жетістіктері көрсетілді. Ұстаздықтың қасиеттері мен осы мамандықты таңдаған білім алушылардың армандары туралы ашық талқылау жүргізілді. Әрбір білім алушыларға өз пікірін білдіруге мүмкіндік берілді, сондай-ақ, өз ұстаздары туралы естеліктер мен олардан алған әсерлерімен бөлісуге шақырылды. Тәрбие сағаты барысында белгілі бір салада жетістіктерге жеткен ұстаздармен онлайн немесе оффлайн кездесу ұйымдастырылды. Олар өздерінің өмірлік жолы мен ұстаздық мамандыққа деген көзқарастары туралы айтып, білім алушыларға өз кеңестер берді. Тәрбие сағатының соңында білім алушыларға ұстаздық мамандықтың артықшылықтары мен қиындықтары туралы ой бөлісуге мүмкіндік берілді. Білім алушылар өздерінің болашақтағы ұстаздық жолдарын қалай елестететіндерін жазбаша түрде ұсынды. Ұстаздық мамандыққа деген қызығушылықты арттыру, білім алушылардың ұстаз болу жолындағы көзқарастарын қалыптастыру және олардың кәсіби дайындықтарын нығайту мақсатында өткізілген тәрбие сағаты өте нәтижелі өтті. Білім алушылар ұстаздық жолға деген құрметті әрі терең түсінікті сезіне отырып, өздерінің болашақ қызметіне деген жауапкершілігін арттырды.

Білім алушылар өз пікірлерін білдіріп, тақырыпқа байланысты қызықты сұрақтар қойды. Қатысушылар арасында белсенді пікірталас пен талқылау

жүрді. Ұстаз болуды армандайтын білім алушылардың саны артты, ал басқалары өз жолдарын нақтылай түсіп, тәрбие сағатының соңында ойларын түйіндеді.

«Мұғалімнің тұлғалық дамуының маңызы» атты тәрбие сағатының мақсаты - білім алушыларға мұғалімнің тұлғалық дамуының білім беру үрдісіндегі маңызын түсіндіру. Тәрбие сағатының барысында мұғалімнің кәсіби жетілуі, оның тұлғалық қасиеттерінің оқушылардың дамуында қандай рөл атқаратыны, сондай-ақ жеке тұлғаның дамуы мен білім беру жүйесінің арасындағы өзара байланыс туралы айтылды. Тәрбие сағатының басында мұғалім тұлғасының қоғамдағы, білім беру жүйесіндегі маңызы жайында қысқаша теориялық мәліметтер берілді. Білім алушылар топтарға бөлініп, әр топқа мұғалімнің тұлғалық дамуымен байланысты мәселелер мен сұрақтар ұсынылды. Топтар өзара пікір алмасып, мұғалімнің тұлғалық дамуының кәсіби шеберлікпен қалай байланысатыны туралы талқылады. Бұл кезеңде білім алушылар өз ойларын тыңдауға және басқалардың пікірін құрметтеуге үйренді. Тәрбие сағатының осы бөлімінде білім алушыларға мұғалімнің тұлғалық қасиеттері туралы нақты мысалдар келтірілді.

Сонымен қатар, білім алушылар өздерінің кәсіби дағдыларын дамытуға арналған тренингтер мен жаттығулар орындады. Білім алушылар өз ойларымен бөлісіп, тәрбие сағатында алған білімдерін қалай пайдалану керектігін талқылады. Тәрбие сағатының соңында білім алушылар өз тәжірибелері мен болашақ мамандықтарына қатысты ойларымен бөлісті. Мұғалім тұлғасының дамуының оқу үрдісіне әсері мен қоғамдағы маңызы туралы ой толғау жасалды. Тәрбие сағаты барысында білім алушылар мұғалімнің тұлғалық дамуының білім беру жүйесіндегі және қоғамдағы рөлі туралы маңызды түсініктерге ие болды.

Тәрбие сағатында қозғалған маңызды сұрақтар білім алушылардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың болашақ мамандықтары туралы түсініктерін тереңдетті. Талқылау мен пікір алмасу нәтижесінде білім алушылардың ой-өрісі кеңейіп, олар өздерінің білім алу жолындағы жеке күш-жігерлерін дұрыс бағытта жұмсаудың маңыздылығын түсінді. Бұл тәрбие сағаттары білім алушылардың ішкі әлеуетін ашып, олардың тұлғалық және кәсіби дамуына айтарлықтай ықпал етті.

Сондай-ақ, «Мамандығым мақтанышым» атты концерттік іс-шара тұлғаның мақсаттылық-мотивациялық компонентін іске асырудың маңызды кезеңі ретінде ерекше орын алады. Бұл іс-шараның мақсаты – әрбір адамның өз мамандығына деген құрметі мен мақтанышын арттыру, сондай-ақ кәсіби білім мен дағдылардың маңыздылығын көрсету.

Концерттік іс-шара сахнада түрлі жанрлардағы өнер түрлері арқылы жүзеге асырылды. Қатысушылар өз мамандықтарына деген сүйіспеншілігін ән, би, көркем сөздер және басқа да шығармашылық бағыттар арқылы білдірді. Әрбір нөмірде мамандықтардың ерекшеліктері, олардың қоғамдағы рөлі мен маңызы туралы ойлар мен сезімдер көрсетілді. Осылайша, қатысушылар өз кәсіби жолдарын мақтан тұтып, өздерінің қандай мамандықты таңдағанын, оның қоғамдағы маңыздылығын, осы мамандықта жетістікке жетудің жолдарын көрсетті.

Концерттің маңызды аспектісі – жастардың, студенттердің кәсіби дамуға деген ынтасын ояту, оларға шығармашылық іс-шаралар арқылы мотивация беру. Мұндай іс-шаралар тек кәсіби салада ғана емес, тұлғаның жалпы дамуында да маңызды рөл атқарады, себебі ол адамның өзіне деген сенімін арттырып, алға қойған мақсаттарына жетуге ынталандырады.

Бұл концерттік іс-шара өз мамандығына деген мақтаныш пен құрмет сезімдерін арттырып, әр адамның жеке жетістіктеріне, талпыныстары мен болашақ мақсаттарына деген көзқарасын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Ал, оқу жылының басында «Білімге алғашқы қадамдар» атты дөңгелек үстел өткізілді. Бұл маңызды шараның мақсаты - болашақ мұғалімдердің білімге деген құнды көзқарасын қалыптастырып, олардың кәсіби тұлға ретінде қалыптасуына жол ашу болды. Дөңгелек үстел барысында білім алушылар ЖОО кітапханасына қызықты саяхат жасап, жоғары курс білім алушыларының шығармашылық және ғылыми жұмыстарымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай іс-шаралар білім алушылардың білімге деген ынтасын арттырып, олардың болашақта өз қызметтерінде жоғары кәсіби деңгейде жұмыс істеуіне ықпал етеді.

Білім алушылардың кәсіби және құндылық бағдарларын қалыптастыру, олардың тұлғалық өсуінің болашағын айқындау, сондай-ақ қажетті дағдыларды дамыту мақсатында арнайы әзірленген **«Мұғалім тұлғасының кемелдігі»** моделі негізінде ұйымдастырылған іскерлік ойын ерекше мәнге ие. Бұл ойын В. Л. Грайневтің жеке тұлғаға бағытталған ойын концепциясының модификацияланған нұсқасы ретінде ұсынылды. Ойын үш негізгі кезеңнен тұрып, білім алушылардың кәсіби дамуына бағытталған дағдыларды жетілдіруге үлкен мүмкіндік береді.

Ойынның алғашқы кезеңі – ұйымдастырушылық кезең. Бұл кезеңде мұғалім алаңға кіреді, ойынның мақсатын ашып, оның мәнін қатысушыларға түсіндіреді. Мұғалім осы кезеңде ойынның негізгі бағыттарымен таныстырып, білім алушыларды келесі кезеңдерге дайындық жасауға шақырады. Ойынның барысында болашақ маманның бейнесі екі түрлі нобай арқылы беріледі: «Бастауыш сынып мұғалімінің нобайы» және «Маман дайындау нобайы». Бірінші нобайда болашақ жұмыс талаптары, қажетті білімдер мен дағдылар айқындалып, олардың маңыздылығы көрсетіледі, ал екінші нобай кәсіби дайындықтың түрлі тәсілдері мен формаларын қамтиды.

Бұл ойын білім алушылардың тек теориялық білімдерін ғана емес, практикалық дағдыларын да шыңдауға мүмкіндік береді. Кәсіби даму мен тұлғалық өсу жолындағы маңызды кезеңдер мен талаптарды ескеріп, ойынның әрбір кезеңі болашақ мұғалімнің ішкі ресурстарын ашуға, өзін-өзі дамытуға бағытталған. Осылайша, білім алушылар тек кәсіби білім алу ғана емес, өздерінің тұлғалық өсуін де жоспарлап, болашақ маман ретінде дайындықтарын толықтай жетілдіреді.

Аталған ойынның мәні – кәсіби іс-әрекетке толықтай дайындалған бастауыш сынып мұғалімінің толық нобайын жасау. Ойынның барысында мұғалімнің кәсіби қызметіне тән әлеуметтік жағдайлар талданып, оның

қызметінің мақсаты мен қоғамға қажеттілігі негізделеді. Бұл кезеңде мұғалімнің қызметінің негізгі сипаттамалары анықталады: оның міндеттері, мақсаттары, болашақ кәсіби қызметінің ауқымы белгіленеді. Сонымен қатар, мұғалімнің біліктілік сипаттамалары да бағаланып, оған қойылатын талаптар мен әрбір мұғалімнің меңгеруі тиіс жеке қасиеттері айқындалады.

Ойын кезеңінде қатысушылар әртүрлі рөлдерде болады: депутаттар, министрлер, қызметкерлер және журналистер. Әрбір рөлге сәйкес нұсқаулықтар таратылады, ойынға қатысушылар осы рөлдердің шеңберінде әрекет етеді. Ойынның негізгі мақсаты – кәсіби-педагогикалық қызметтің табыстылығын қамтамасыз ететін кәсіби және тұлғалық қасиеттерді талдау және оларды белгіленген рөлдерге сәйкес тәжірибелік іс-әрекетте көрсету.

Рөлдік ойындар барысында кемелді мұғалімнің бейнесі жасалып, қатысушылар маманның кәсіби қызметі мен тұлғалық ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік алады. Бұл үрдіс мұғалімнің қызметіне қажет барлық қасиеттердің маңыздылығын түсінуге жол ашады. Қорытынды кезеңде әзірленген нобайдың тұсаукесері ұйымдастырылады, онда бастауыш сынып мұғалімінің ұжымдық бейнесі жасалады. Бұл бейне педагогикалық қызметке қажетті қасиеттердің толық тізімін қамтиды.

Ойын болашақ мамандыққа деген қызығушылықты арттырып, оқу-танымдық іс-әрекет барысында дамытылуы тиіс тұлғалық қасиеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Қатысушылар өздерінің кәсіби мамандықтары туралы терең ойлауға және осы жолда қандай қасиеттерге ие болуы қажеттігін түсінуге ынталанады.

Келесі кезекте, **«Тұлға дамуы мен әлеуметтік өрлеуіндегі мотивацияның рөлі»** — **«Маршрут»** ойыны жүргізілді. Бұл ойын Чайнворд ұстанымы бойынша жүзеге асырылды және қатысушылардың жеке қасиеттерін көрсетуін талап ететін квест әдістемесімен өтеді. Ойын барысында қатысушылар бірнеше станция арқылы белгілі бір маршрут бойынша қозғалады. Әр станцияда оларды түрлі тапсырмалар күтіп тұрады, мысалы: «Уақытты ұйымдастыру техникасы», «Оқу әдістері», «Ақпаратты іздеу» сияқты қызықты және ойландырушы мәселелер. Бұл тапсырмалар әр қатысушының өзіне тән дағдыларын жетілдіріп, жаңа білім мен машықтарды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Ойынның соңында біз тұлғаның даму түсінігіне терең бойлап, тұлғалық өсу үшін қажетті іс-әрекеттер мен әдістемелерді айқындап шықтық. Осылайша, ойын қатысушылардың өздері үшін жаңа мүмкіндіктер аша отырып, олардың жеке тұлғалық дамуына оң ықпал етті.

«Жоғары педагогикалық білім еліне саяхат» — оқу-іскерлік (рөлдік) ойын. Бұл ойын болашақ педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру және педагогикалық ЖОО-ның білім беру үрдісінде оқытудың негізгі формаларына құндылық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатын көздеді. Ойын тек оқу үдерісінің ерекшеліктерін ұғынуға ғана емес, сонымен қатар сол үдерістерде құндылық қарым-қатынастың қалыптасуына да ықпал етті.

Сабақ барысында болашақ педагог тұлғасының ұйымшылдық, бастамашылық, батылдық, шығармашылық сияқты маңызды қасиеттері ерекше

назарда болды. Білім алушылар өз рөлдерінде әртүрлі жағдайларды шешу арқылы осы қасиеттерін дамытуға мүмкіндік алды. Бұл ойын олардың кәсіби және тұлғалық өсуіне серпін беріп, педагогикалық ортада дұрыс қарым-қатынас құрудың маңыздылығын түсінуге көмектесті.

«Менің бейнелерім» жаттығуы (Рөлдік ойын технологиясы)

Мақсаты: өзі туралы ақпаратты толықтырып, өзіне үйреншікті емес ақпаратты қалыптастыруға икемділікті дамыту.

Құрал-жабдықтар: фломастер немесе қарындаш, әр топтың мүшесіне А4 форматтағы парақ.

Өткізу барысы: Қарындаш немесе фломастер, парақ алып, топ мүшелері аудиторияның кез-келген жеріне орналасады. Мүмкіндігінше бір-бірінің қасына отырмасын. Парақтың бетіне «Мен - осы сәттегі мұғалім» және «Мен – кәсіби мұғалім» ретінде өздері туралы сурет салуы керек. Суретке кәсіби күйді бейнелейтін, салыстыратын картинаны, табиғатты, фантастикалық әлемді, күрделі сюжетті оқыс оқиғаны салуға болады.

Сонымен қатар, **«Бес қадам» жаттығуы** және **«Бізді біріктіреді» жаттығулары** осы ережелер бойынша жүргізіледі. Допты қабылдаған қатысушы келіссе «Рахмет», ал келіспесе «Мен ойланамын» деп жауап береді. Сонымен бір-бірімізге қарап, ортақ қасиеттерді тауып көрейік!

«Қарым-қатынастағы бетперде» жаттығуы

Жаттығу шынайы және ашық қарым-қатынастағы өзінің дербес іс-әрекетін саналы бақылауға арналады. ТЖ келесі жазулары бар карточкаларды ұсынады:

- а) Қарым-қатынасқа түсуден қашамын;
- ә) Салқынқандымын;
- б) Өзімді жоғары бағалаймын;
- в) Агрессивтімін;
- г) Тыңдаймын, айтқанды орындаймын;
- д) Мейірімдімін немесе эмоционалды күйін түсіне аламын;
- е) Қалыпты көңілді күйдемін. Енді топ мүшелері өздерінің бетперделерін ашады.

Жаттығу бірнеше нұсқада жүргізіледі. Бірінші нұсқада әр қатысушы бетпердені бейнелейтін жағдайды ойдан құрастыруына болады немесе еске түсіруі керек. Ал екінші нұсқада қатысушылардың әрқайсысы өзіне жұптасын тауып жұмыс жүргізеді. Жаттығу орындалған соң үйге тапсырма беріледі.

Тура осындай нұсқаларды орындауда ұйымдастырылған **«Өзіндік кәсібилілік деңгейін бағалау» жаттығуы; «Өз мамандығым туралы не білемін?»** жаттығулары болады. Бұл екі жаттығу да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуына үлесін қосады.

Эксперименттік топтағы студенттер өз еріктерімен сүйікті мамандығы жайында жазбаша түрде әңгіме құрастырып жазады. Студенттердің жазбаша түрде орындайтын әңгіме әдісінің құрылымы келесідей сұрақтарды қамтиды, яғни сол сұрақтарға жауап береді. Олар:

- Мен өз кәсіби іс-әрекетіме қойылатын мақсатты, міндеттерді және оның нәтижесі не болатынын толық әрі нақты айта аламын ба?

- Менің бұл мамандықты таңдаудағы негізгі себебім неде?
- Кәсіби іс-әрекет жайында не білемін, ол не үшін ұнайды?
- Маған кәсіби іс-әрекеттің қиындық тудыратын, яғни ұнамайтын тұстары бар ма?

- Мен таңдаған мамандықта жағымсыз жақтары болуы мүмкін бе?
- Осы мамандықты таңдауда өзімнің маңызды маман екенімді түсінуім үшін қандай жағдайлар қажет болады?
- Кәсіби жолда жоғары жетістіктерге жетудің тиімді жақтары неде?
- Мен өз мамандығыма қатысты қандай мақсаттарды негіздеймін?
- Арада 10 жыл өткен соң мен қандай мамандықты қалайтын боламын?
- Менің дәл қазіргі уақытта кәсіби іс-әрекетіме жетекшілік ететін тұлғалар қандай?

Жаттығу соңында қатысушылармен әңгімені құру барысында кездескен қиыншылықтар туралы пікір алысады. Қатысушылардың қалауымен ортада әңгімелері талқыланады.

«Жағымсыз көңіл-күйдегі бейне» жаттығуы

Топ мүшелерінің өздерімен жағымсыз көңіл-күйлерін сырттан бақылауға және талдауға үйретеді. Білікті қалыптастыру арқылы өзге адамның тұлғасын адекватты әлеуметтік қабылдауға көмектеседі.

Нұсқау: Жаттығуды орындау үшін алдымен босаңсып, ыңғайлы жайғасу қажет. Көз алдыңызға жаныңызда отырған қатысушының агрессиялық күйдегі бейнесін елестетіңіз. Ол қандай болуы мүмкін? Қалай көрінеді? Ең бірінші келген бейнені суреттеңіз. Керек деген барлық түстерді қолданыңыз. Сурет дайын болған соң, қатысушылар бір-біріне сыйлайды.

Сыни тұрғысынан ойлау технологисының стратегияларының бірі **«Миға шабуыл»** әдісі арқылы **«Табысты мұғалім»** жаттығуы орындалды. Мұнда болашақ бастауыш сынып мұғалімдері парақтар мен қалам алып, табысты мұғалімнің моделін сипаттайтын қасиеттерін, сапаларын сызба не сурет арқылы көрсетеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру бойынша жасалған іс-шараларды көрейік.

Бүгінгі күні жоғары оқу орнының мақсаты бітірушіге қажетті білім мен дағды беріп қана қоймай, өз бетінше педагогикалық қызметке оның кәсіби дайындығын қамтамасыз ету болып табылады. Зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы эксперименті барысында «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» атты элективті курс бағдарламасы әзірленіп, тәжірибеден өткізілді. Біз ұсынған элективті курс бағдарламасы «5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының 3 курс оқу жоспарының бағдарламасына енгізілді.

Курстың мақсаты: Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекет пен тұлғалық болмысты қалыптастырудың теориясы мен әдістемесін терең меңгерту.

Курстың міндеттері:

- болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық негіздерімен қаруландыру;
- болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың жаңа тұжырымдамалық қағидаларын педагогикалық психологиялық тұрғыдан анықтауға жағдай жасау;
- болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруда білім сапасын арттыруды оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін жолдарды ұғындыру және оны ұйымдастыруға кеңес беру.

Аталған арнаулы курс теориялық, практикалық сабақтарды, тест материалдарын, тұлғаның компоненттерінің қалыптасқандығын анықтайтын тапсырмалар, өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі бағалауға арналған материалдардан тұрады.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспарын 14-кестеде ұсынамыз.

Кесте 14 - «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары

Сабақтың тақырыптары	Сағат саны/формасы			
	дәріс	Практикалық сабақ	БӨӨЖ	БӨЖ
Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс – әрекетінің мазмұны	1	1	3	2
Мұғалім тұлғасының кәсіби іс – әрекетке даярлануы	2	2	2	3
Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау	1	1	2	2
Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық дайындығын қалыптастыру	1	1	3	2
Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби маңызды қасиеттері	1	1	2	2
Тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен кәсіби қызметті басқару негіздері	2	1	2	3
Бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасы	1	1	3	2
Бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыру ерекшеліктері	1	1	2	2
Қарым-қатынас арқылы мұғалімнің тұлғалық болмысын қалыптастыру	1	1	3	3
Әлеуметтік орта мен ұжымның мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудағы рөлі	1	1	3	3
Педагог тұлғасының қалыптасып дамуындағы мұғалімнің шығармашылық, рефлексік іс-әрекетінің маңызы	1	1	2	3
Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда қалыптастыру әдістері	2	2	3	3
Барлығы	15	15	30	30

Аталған элективті курсты оқу жоспарына енгізгеннен кейін, білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі айтарлықтай артты. Сабақтарға қатысу жиілігі жоғарылап, олардың білімге деген ұмтылысы, сондай-ақ адамгершілік құндылықтары мен қарым-қатынас дағдылары біршама дамыды. Оқу барысында шығармашылық қабілеттерінің шыңдалғаны айқын көрініп, білім алушылар дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы тапсырмаларды орындауға белсене араласты. Сонымен қатар, білім алушылар өздерін тәрбиелеу мен дамытуға, іскерлік ойындарға қатысуға, педагогикалық жағдаяттарды шешу жолдарын талқылауға деген қызығушылықтарын арттырды. Сабақтан себепсіз қалулардың саны айтарлықтай азайып, білім алушылардың оқу үрдісіне деген жауапкершілігі мен қызығушылығы өсіп отырды.

Арнаулы курс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дамытуға қажетті теориялық база құрап, педагогикалық тәжірибені меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл теориямен практиканы ұдайы қатар алып жүрген жағдайда мүмкін болады.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» атты элективті курстың бағдарламасына сай, ұсынылып отырған тақырыптардың ұйымдастырылу барысы жайлы толығырақ тоқталамыз.

1-тақырып. *«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс – әрекетінің мазмұны»* деп ұсынылып, оның қысқаша түсініктері мен сипатын келесідей баяндаймыз.

Дәріс сабағы бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби міндеттері мен ерекшеліктерін түсіндіруге бағытталды. Сабақтың мақсаты студенттерді мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің негіздерімен таныстыру, олардың педагогикалық дағдыларын қалыптастыру болып табылды. Сабақтың бірінші бөлімінде бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметі туралы түсінік берілді. Мұғалімнің рөлі, міндеттері, оқыту үрдісіндегі негізгі міндеттер, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жүзеге асырудағы оның жауапкершілігі туралы сөз қозғалды. Студенттерге мұғалімнің психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктері, жеке тұлғаның дамуына бағытталған әдіс-тәсілдер туралы айтылды. Сонымен қатар, студенттер әртүрлі ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің қиыншылықтары мен оларды шешудің жолдары туралы талқылау жүргізді. Сонымен қатар, студенттер топтарға бөлініп, бастауыш сынып мұғалімі мен оқушылар арасындағы диалогтарды немесе сабақ өткізу үрдісін үлгілеу үшін рольдік ойындар ойнады. Бұл ойындар студенттерге мұғалімнің кәсіби шеберлігін, білім беру мен тәрбие беру үрдісінің өзара байланысын және сыныптағы тәртіпті қалай орнату керектігін түсінуге көмектесті. Сабақтың соңында студенттер өздерінің алған білімдерін қорытындылап, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметі туралы пікірлерімен бөлісті. Мұғалімнің мамандығындағы маңызды аспектілер, оның балалармен қарым-қатынасы, сабақты қызықты әрі тиімді жүргізудің жолдары талқыланды. Студенттерге кәсіби іс-әрекеттің үнемі жетілдіріліп отыруы қажеттігі түсіндірілді. Осылайша, дәріс барысында студенттерге бастауыш сынып мұғалімінің қызметі туралы теориялық және практикалық білімдер берілді, олар кәсіби білімдерін нығайтып, болашақ педагог ретінде өздерінің дағдыларын дамытты.

2-тақырып. *«Мұғалім тұлғасының кәсіби іс - әрекетке даярлануы»* деп беріледі. Бұл дәрістің негізгі мақсаты - болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетке бейімделу үрдісін түсіндіру, олардың тұлғалық және кәсіби қасиеттерінің дамуын қарастыру. Сонымен қатар, мұғалімнің тұлғалық дамуы мен кәсіби құзыреттіліктердің өзара байланысын көрсету. Дәріс сабағы студенттерге мұғалім тұлғасының кәсіби іс-әрекетке бейімделу үрдісін түсінуге және өз болашақ кәсіби қызметінде бұл үрдісте тиімді пайдалану жолдарын игеруге көмектесті. Студенттер мұғалімнің кәсіби дағдыларын қалыптастырудағы маңызды кезеңдер мен аспектілер туралы түсінік алды.

Студенттерге мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке бейімделуінің негізгі аспектілері мен кезеңдері жайында теориялық мәліметтер ұсынылды. Осыған орай, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту, педагогикалық әдіс-тәсілдер, эмоционалды интеллект, стресске төзімділік, кәсіби жауапкершілік сынды тақырыптар қарастырылды. Студенттерге мұғалімнің кәсіби бейімделуі тақырыбына қатысты қысқаша сұрақтар қойылып, топтық талқылау ұйымдастырылды. Талқылау барысында студенттер мұғалім тұлғасының кәсіби қызметке қандай қиындықтар мен проблемалармен бетпе-бет келетіндігін, осы мәселелерді қалай шешуге болатынын талқылады. Студенттермен практикалық жұмыстар жүргізілді, оның ішінде рөлдік ойындар мен сценарийлер арқылы мұғалімнің бейімделу дағдылары пысықталды. Мысалы, студенттер «Жаңа мектепке жұмысқа орналаса бастаған мұғалім» рөлін сомдап, тәжірибелі мұғалімдермен кездескенде қандай қиындықтарды бастан өткеруі мүмкін екенін бейнеледі. Студенттер топтарға бөлініп, өздерінің болашақта мұғалім ретінде кездесетін кәсіби қиындықтары мен оларды шешу жолдарын талқылады. Әр топ өз ұсыныстарын бөлісіп, нәтижесінде әрбір студенттің кәсіби бейімделу жолы туралы жеке көзқарасы қалыптасты. Дәріс сабағының соңында әр студент өзінің болашақ кәсіби бейімделуі үшін қандай дағдыларды меңгеру керектігі туралы қорытынды жасады. Бұл сабақта студенттердің кәсіби бейімделу дағдыларын дамытуға және олардың мұғалім ретінде кәсіби шеберліктерін нығайтуға бағытталған маңызды жұмыстар жүргізілді.

3-тақырып. *«Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау»* атты студенттермен өткізілген дәріс сабағының сабағының мақсаты – бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың маңыздылығын түсіндіру және студенттерге осы саладағы негізгі теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұсыну. Сабақ барысында студенттерге бастауыш мектептің оқу бағдарламалары, педагогикалық әдіс-тәсілдер, оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен тәрбие жұмыстарының әдістемесі туралы мәліметтер берілді. Бастауыш сынып мұғалімінің рөлі мен міндеттері, кәсіби құзыреттіліктері, білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңашылдықтар туралы кеңінен айтылды. Студенттерге қазіргі білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары түсіндірілді. Сабақ соңында студенттерге тапсырмалар мен сұрақтар қойылып, теория мен практика арасындағы байланысты түсіну үшін қосымша материалдар ұсынылды. Студенттер бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығын арттырудағы негізгі аспектілерді түсініп, педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыру жолдарын

меңгерді. Сонымен қатар, білім беру саласындағы жаңа үрдістер мен бастауыш сыныптағы оқушылардың психологиялық жағдайына байланысты әдістемелік дағдыларын жетілдірді. Дәріс сабағы студенттердің білімін кеңейтумен қатар, олардың педагогикалық шеберліктерін шыңдауға да ықпал етті.

4-тақырып. *«Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық дайындығын қалыптастыру»* тақырыбындағы дәріс сабағы студенттерге білім беру саласында инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізудің маңыздылығын түсіндіруге арналған. Бұл дәріс студенттерге бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындық деңгейін арттыруда жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістерді қолданудың қажеттілігін көрсетеді. Дәріс сабақ басталмас бұрын, студенттерге инновациялық білім беру әдістемесінің мәні мен маңыздылығы түсіндіріледі. Білім алушыларға жаңа технологияларды қолдану арқылы бастауыш сыныпта тиімді білім беру үрдісін ұйымдастырудың жолдары туралы әңгіме қозғалды. Білім алушыларға қазіргі заманғы инновациялық педагогикалық технологиялар, мысалы: дистанциялық оқыту, құзыреттілікке бағытталған оқыту, жобалау әдісі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, кейс-стади әдістері, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану жолдары көрсетіледі. Білім алушыларға бастауыш сыныпта инновациялық әдістерді қолдану бойынша практикалық тапсырмалар беріліп, өзара талқылаулар жүргізіледі. Сонымен қатар, студенттер жаңа әдістерді өз білімдеріне енгізу мақсатында шағын жобалар дайындайды. Дәріс сабағының соңында студенттерге кәсіби мұғалім ретінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолданудың маңызды аспектілері түсіндіріліп, оларды сабақ беру тәжірибесіне енгізу жолдары көрсетіледі. Білім алушыларға мұғалімнің инновациялық дайындығының болашақтағы білім беру жүйесіндегі рөлі мен маңызы туралы қорытынды жасалады. Бұл дәріс студенттерге бастауыш сынып мұғалімі ретінде кәсіби дағдыларын жетілдіріп, оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолданудың қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді.

5-тақырып. *«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби маңызды қасиеттері»* тақырыбы. Дәріс барысында мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, жауапкершілігі, шығармашылық қабілеттері, коммуникативті дағдылары, сабырлылығы мен эмпатиясы сияқты қасиеттер талқыланды. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімі оқушылармен жұмыс істегенде өз білімін, дағдыларын, мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетуі тиіс екендігі ерекше атап өтілді. Білім алушыларға мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттерінің балаларға әсері туралы теориялық мәліметтер ұсынылды. Дәріс соңында білім алушыларға өз ойлары мен көзқарастарын ортаға салуға мүмкіндік берілді. Олар бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби маңызды қасиеттері туралы өз ойларын білдіріп, түрлі жағдайларға қатысты пікірталас жүргізді.

Бұл дәріс сабағы білім алушыларды мұғалімнің кәсіби міндеттерін жоғары деңгейде орындауға қажетті дағдылар мен қасиеттерді қалыптастыруды көздейді.

6-тақырып. *«Тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен кәсіби қызметті басқару негіздері»* атты дәрісінің мазмұны беріледі. Бұл дәріс сабағы студенттерге

тұлғалық даму мен кәсіби қызметті басқарудың маңыздылығын түсіндіруге бағытталды. Сабақ барысында студенттер өздерінің жеке қасиеттерін дамыту және кәсіби қызметінде тиімді басқару үшін қажетті дағдылар мен стратегияларды меңгереді. Сабақтың басында өзін-өзі дамыту түсінігі мен оның тұлғаның кәсіби өсуіндегі рөлі қарастырылды. Студенттерге өзін-өзі дамыту – бұл жеке тұлғаның өзіндік құндылықтарын, қабілеттерін және дағдыларын шыңдай отырып, оның өмірлік және кәсіби мақсаттарына жетуге бағытталған үдеріс екендігі түсіндірілді. Кәсіби қызметті тиімді басқару үшін стратегиялық жоспарлау, уақытты басқару, мақсат қою және оған жету жолдары туралы әңгіме болды. Студенттерге өздерінің кәсіби жолын жоспарлау мен оны жүзеге асыруда басқару дағдыларының маңыздылығы айқындалды. Сонымен қатар, кәсіби дағдылар мен құзыреттілікті дамытуға арналған практикалық тапсырмалар орындалды. Сабақтың соңында студенттер өзін-өзі дамыту мен кәсіби қызметті басқару бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде және болашақтағы кәсіби қызметтерінде қолдану жолдары туралы ой қозғады. Студенттер өздерінің даму жолында қандай мақсаттар қойып, оларды іске асыру үшін қандай тәсілдер мен құралдарды қолданатындығы туралы ой бөлісті. Бұл дәріс студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуында маңызды орын алып, олардың жеке және кәсіби өмірлерінде тиімді шешімдер қабылдауға көмектеседі.

7-тақырып. *«Бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасы»* дәріс сабағының мақсаты – студенттерге бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық қасиеттері мен кәсіби міндеттерін түсіндіру, мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың маңыздылығын көрсету болды. Сабақ барысында студенттерге мұғалімнің оқушыға деген ықпалы, оқу-тәрбие үрдісінде атқаратын рөлі, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби құзыреттілігі туралы түсінік қалыптастырылды. Сабақ барысында білім алушылар арасында пікірталас ұйымдастырылды. Олар мұғалімнің тұлғасына қандай қасиеттердің тән екенін талқылады. Сондай-ақ, дәріс барысында мұғалімнің оқушыны тәрбиелеудегі рөлі және білім беру үрдісінде оның мінез-құлқының маңызды екенін атап өтті. Сабақтың соңында студенттерге мұғалімнің тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру жолдары туралы практикалық тапсырмалар берілді.

8-тақырып. *«Бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыру ерекшеліктері»* дәрісі өткізілді. Дәріс барысында білім алушылар мұғалімнің тұлғалық болмысын қалыптастыру үшін қарым-қатынастың маңыздылығын, оның әдістемелік негіздері мен психологиялық аспектілерін меңгерді. білім алушылар рөлдік ойындар мен практикалық тапсырмалар арқылы теориялық білімдерін нақты жағдайларда қолдану дағдыларын жетілдірді. Сонымен қатар, қарым-қатынастың тұлғаның кәсіби және жеке дамуына қалай әсер ететіні жайында терең түсінік қалыптасты. Дәріс соңында студенттерге топтық жұмыс нәтижелерін ұсыну тапсырылды. Әр топ өздерінің ойларын қорытындылап, мұғалім тұлғасының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды белгіледі. білім алушылар арасында пікірталас ұйымдастырылып, қарым-қатынас арқылы мұғалімнің тұлғалық болмысын

калыптастыру мәселесі бойынша тұжырымдар жасалды.

9,10 - тақырыптар бойынша *«Қарым-қатынас арқылы мұғалімнің тұлғалық болмысын қалыптастыру»*; *«Әлеуметтік орта мен ұжымның мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудағы рөлі»* атты дәрістерді ұйымдастыруда қарым-қатынас арқылы мұғалімнің тұлғалық болмысын қалыптастыру қарастырылады. Мұндағы негізгі мақсаты – білім алушыларға әлеуметтік орта мен ұжымның мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастырудағы маңызын түсіндіру. Мұғалімнің тұлғасы мен мінез-құлқы білім беру үдерісіне қалай әсер етеді, оның кәсіби дамуында әлеуметтік ортаның рөлі қандай болатыны жөнінде терең білім беру. Сабақ басталмас бұрын, оқытушы білім алушыларға тақырыпты таныстырып, әлеуметтік орта мен ұжымның мұғалімнің тұлғалық болмысын қалыптастырудағы рөлі туралы қысқаша түсінік береді. Осы салада зерттеулер мен жаңашыл әдістер туралы айтылады.

Оқытушы мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттері мен оның әлеуметтік орта мен ұжымға әсерін түсіндіреді. Мұғалімнің этикалық нормалары, моральдық бағдары мен өзіндік қасиеттерінің білім беру үдерісіндегі маңыздылығы талқыланады. Ұжымдағы қарым-қатынастың, мұғалімнің көшбасшылық қабілеттері мен педагогикалық ортаға тигізетін әсері жайлы айтылып, студенттерге нақты мысалдар келтіріледі. Сонымен қатар, студенттер шағын топтарға бөлініп, мұғалімнің тұлғалық болмысы мен ұжымдағы рөлінің өзара байланысы жайлы пікір алмасып, мысалдар мен практикалық жағдайларды талқылайды. Топ мүшелері өзара ынтымақтастық арқылы тиімді нәтижелерге қол жеткізу жолдарын іздейді. Студенттерге мұғалімнің тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар ұсынылады. Мұғалім мен студент арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды жақсартуға арналған тренингтер мен рөлдік ойындар өткізіледі. Студенттер осы жаттығулар арқылы тұлғалық қасиеттерінің ұжыммен және қоғаммен байланысы туралы өз пікірлерін білдіреді. Сабақ соңында студенттермен бірге талқылау жүргізіліп, әлеуметтік орта мен ұжымның мұғалімнің тұлғалық болмысына тигізетін әсері туралы қорытындылар жасалады. Оқытушы студенттердің пікірлерін тындап, жалпы сабақтың нәтижелерін бағалайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың маңызы ерекше. Оны біз жоғарыда талданған әрбір тақырыпшалардағы негізгі идеялардан байқаймыз.

Сонымен қатар, зерттеу барысында жүргізілген пікір-таластар білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, себебі әртүрлі көзқарастарды тыңдай отырып, олар өз ойларын жүйелеп, түйінді тұжырымдар жасауға үйренеді.

11-тақырып. *«Педагог тұлғасының қалыптасып дамуындағы мұғалімнің шығармашылық, рефлексік іс-әрекетінің маңызы»* атты дәріс бойынша ұсынылған диагностикалық практикум оқу мен кәсіптік қызметте жетістікке жету үшін жеке мүмкіндіктерді анықтау мен бағалауға бағытталған ерекше мүмкіндік болып табылады. Бұл практика мұғалімдер мен білім алушылардың кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады, себебі ол тұлғаның шығармашылық

әлеуетін ашуға, өзіне деген сенімін нығайтуға және жеке даму жолын анықтауға ықпал етеді.

12-тақырып. *«Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру әдістері»* атты дәрісте студенттердің зерттеу әдістерін іріктеуі, олардың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардағы сипатын түсінеді. Сондай-ақ, аталмыш дәрісте тұлғалық болмыстың критерийлерін түсініп, сол бойынша БӨЖ-тарында әдістерді ұйымдастыру, жүргізу қарастырылады.

Курсты жүргізу барысында біз, оқытуды ұйымдастырудың ұжымдық, топтық жеке формаларын қарастырдық. Білімді меңгеру үдерісінде оқытудың келесідей әдістері: өзіндік жұмыстар, ғылыми әдебиеттермен жұмыс, ойын әдісі, педагогикалық жағдаяттарды шешу және т.б. қолданылды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруда шығармашылық тапсырмаларды орындау білім алушылардың қызығушылығын арттырады, өзін-өзі жетілдіру, дамытуды жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің қалыптастырушы әсерін күшейту үшін білім алушыларға өз бетінше орындауға арналған оқу тапсырмаларын мақсатты түрде іріктеу өте маңызды.

Мұндай тапсырмалар білім алушылардың білімінің тереңдігі мен кеңдігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар олардың болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруға да ықпал етеді. Оқу тапсырмаларын дұрыс таңдау білім алушының тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады, әсіресе педагогикалық мамандықта оқитын білім алушылар үшін. Бұл үдеріс білім алушының оқу танымдық іс-әрекетіне ерекше әсер етіп, оның болашақ мұғалім ретінде қалыптасуына жол ашады.

Осыған байланысты, аудиториядан тыс өзіндік жұмыстар үшін тапсырмаларды іріктеу кезінде білім алушының өзіндік қызмет деңгейі және болашақ мұғалім тұлғасының қалыптасу ерекшеліктері міндетті түрде ескерілуі қажет. Оқу тапсырмалары тек теориялық білімді меңгеруге бағытталмауы тиіс, олар білім алушының шығармашылық қабілетін, өз бетінше шешім қабылдай білу дағдыларын дамытуға да ықпал етуі керек. Мұндай тапсырмалар білім алушыларға тек білімнің шекараларын кеңейтуге ғана емес, сонымен қатар кәсіби салада алға жылжуға мүмкіндік береді.

15-кестеде көрсетілген тапсырмалар оқу үдерісінде осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін дәл таңдалып, білім алушының пән бойынша терең және жан-жақты түсінік қалыптастыруына мүмкіндік туғызады. Бұл тапсырмалар білім алушылардың білімін жетілдіріп, оларды шығармашылықпен ойлауға, алған білімдерін өмірде қолдануға дағдыландырады. Әрбір тапсырма оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға және оның ой-өрісін кеңейтуге бағытталған.

Оқу үдерісінде тапсырмаларды дұрыс таңдау білім алушылардың белсенді оқу танымдық іс-әрекеттерін ынталандырып, олардың тұлғалық және кәсіби дамуына үлкен әсер етеді. Бұл тәсіл болашақ мұғалімдердің білім беру жүйесінде жоғары нәтижелерге жетуіне, сондай-ақ жеке тұлға ретінде толыққанды

қалыптасуына септігін тигізеді.

Кесте 15 - Аудиториядан тыс өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар түрлері

Өзіндік қызмет деңгейлері	Аудиториядан тыс өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар түрлері	Тұлғалық маңызды қасиеттер
Репродуктивті деңгей	Тірек конспектісін, глоссарийді, жалпылама кестені, сызбалар мен иллюстрацияларды құрастыру, конспектілеу, ақпараттық хабарламаны дайындау, әдеби көздерді таңдау және зерттеу, ғылыми шолуларды дайындау, глоссарийді құру.	Тәртіптілік табандылық ұйымшылдық адамгершілік мақсаттылық коммуникативтілік шығармашылық эмпатия
Реконструктивтік деңгей	Жоспар, сөз сөйлеу тезистерін құрастыру, аннотациялау, көрнекі құралдар дайындау, оқу-әдістемелік конференцияларға дайындалу және қатысу, берілген тақырыпқа рефераттар дайындау және жазу, рецензия жазу.	Адамгершілік, белсенділік
Шығармашылық деңгей	Кроссвордтарды тексеру тест жұмыстарын және жауап эталондарын ресімдеу, оқу-іскерлік ойындарды әзірлеу, курстық және дипломдық жобаларды орындау, оқу бөлімдерінің мультимедиялық тұсау кесерлерін ресімдеу, білім берудің өзекті мәселелері бойынша дәрістер дайындау, эссе жазу.	Дербестік Шығармашылық Білім алушылық икемділік коммуникативтілік

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстарды сипаттайық.

Практикумның негізгі мақсаты – педагогтың шығармашылық және рефлексивтік қызметін дамыту арқылы олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру. Әрбір қатысушыға өз оқу іс-әрекетін, тұлғалық ерекшеліктерін зерделеп, кәсіби тұрғыда өзін бағалауға мүмкіндік беріледі. Бұл ретте «Мен қандай білім алушымын?» деген сұрақ қойылады, ал қатысушылар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын айқындап, тұлғалық және кәсіби тұрғыдан өсу жолдарын белгілеуге ұмтылады.

Практикумның бұл кезеңі ішкі зерттеу мен өзін-өзі тануға негізделген. Қатысушылар өздеріне деген терең рефлексия жасап, кәсіби жетістікке жету үшін қажетті өзгерістерді анықтайды. Бұл үрдісте олар өздерін дамыту үшін маңызды қасиеттерді анықтайды, мысалы, адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, жұмысқа қабілеттілік және тәртіптілік. Мұның бәрі педагог тұлғасының тұрақты дамуына, шығармашылық әлеуетінің ашылуына және тиімді кәсіби қызметке жетуіне септігін тигізеді.

Оқу үдерісінің нәтижесінде әрбір қатысушы өзінің тұлғалық

жетіспеушіліктерін анықтап, оларды түзетуге бағытталған жеке даму бағдарламасын құру мүмкіндігіне ие болады. Бұл мүмкіндік өз кезегінде олардың педагогикалық қызметіндегі кәсіби өсуіне және жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне жол ашады.

Қорыта айтқанда, рефлексивті-бағалау деңгейін өзектендіру -мұғалімнің кәсіби дамуына, оның тұлғалық және шығармашылық қасиеттерінің дамуына оң әсер етеді. Бұл үрдіс педагогтің ішкі әлеуетін ашуға, оны жетілдіруге және шеберлігін арттыруға ықпал етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін арттыру мақсатында жобалар ұйымдастыру өте маңызды тәсіл болып табылады. Бұл тәсіл болашақ мұғалімдердің өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетін сараптау және оны жетілдіруге бағытталған қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жобалық жұмыс болашақ мұғалімдерге өзінің кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерін тереңірек түсінуге көмектеседі. Жоба барысында олар өз іс-әрекеттерінің нәтижесін бағалап, оның тиімділігін талдайды. Осындай жобалардың зерттеу жұмысымызда қолданылған нұсқаларын төменде ұсынамыз.

Жобаның тақырыбы: «Кәсіби даму стратегиясы»

Жобаның мақсаты: Студенттің кәсіби болмысын дамыту үшін тиімді стратегияларды әзірлеу.

Жобаның тапсырмалары:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде өзіңіздің кәсіби даму мақсаттарыңызды анықтаңыз.

2. Осы мақсаттарға жету үшін қандай әдістер мен тәсілдерді қолдана алатыныңызды көрсетіңіз.

3. Кәсіби даму үшін қажетті ресурстар мен қолдауды белгілеңіз (мысалы, семинарлар, тренингтер, кәсіби әдебиеттер, және т.б.).

4. Өз дамуыңызды бағалау және жетістіктеріңізді бақылау үшін арнайы өлшемдер мен индикаторлар орнатыңыз.

Күтілетін нәтижесі: студенттің кәсіби даму жолын нақты жоспарлап, өз даму бағытын анықтай білуі.

Жобаның тақырыбы: «Тұлғалық және кәсіби құндылықтар».

Жобаның мақсаты: Болашақ мұғалімдердің кәсіби құндылықтары мен тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Жобаның тапсырмалары:

1. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құндылықтары мен тұлғалық қасиеттерін анықтаңыз.

2. Осы құндылықтарды өз өміріңізде қалай жүзеге асыруға болатынын және ол үшін қандай әрекеттер қажет екенін көрсетіңіз.

3. Педагогикалық этика мен моральдық құндылықтарды зерттеп, кәсіби болмысты қалыптастырудағы маңыздылығын түсіндіріңіз.

Күтілетін нәтижесі: студенттің кәсіби құндылықтарын анықтауы мен оларды іс-әрекетінде қолдана алуы, педагогикалық этика туралы түсінігінің қалыптасуы.

Бұл жобалар адамдарға өз өмірін жақсарту үшін қажет барлық құралдарды ұсынады, соның ішінде жеке тұлғаның дамуына арналған тренингтер, семинарлар, және психологиялық қолдаулар.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетке даярлығы тек пәндік білімдермен ғана емес, сонымен қатар тұлғалық болмысты қалыптастыру арқылы да жүзеге асырылады. Мұғалімнің тұлғалық қасиеттері, оның рухани, эмоционалды, моральдық-этикалық даму деңгейі, кәсіби құндылықтары болашақта оның педагогикалық қызметін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты кері байланыс тапсырмаларын әзірлеу мұғалімдердің кәсіби тұлғалық қалыптасуына бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Төменде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлау мақсатында бірнеше кері байланыс тапсырмаларын ұсынамыз:

«Өзіңді бағалау» тапсырмасы

Мақсаты: білім алушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту, сондай-ақ олардың педагогикалық шеберліктері мен тұлғалық қасиеттеріне терең талдау жүргізу.

Тапсырма: өзіңізді педагогикалық шеберлік тұрғысынан бағалаңыз. Тұлғалық қасиеттеріңіз бен кәсіби дайындық деңгейіңізді саралап, қай бағытта даму керектігін анықтаңыз. Қандай мұғалім болуды армандайсыз? Сізде қандай күшті жақтар бар? Ал қандай салаларда дамуды қажет етесіз?

Кері байланыс: білім алушылардың жауаптарын тыңдап, өздерінің педагогикалық ұстанымдары мен тұлғалық қасиеттерін жетілдіру жолдары туралы пікір алмасады. Оқытушы бұл арқылы білім алушылардың өзіндік түсініктерін тереңдетіп, олардың педагогикалық дамуына көмектеседі.

«Кәсіби құндылықтар» тапсырмасы

Мақсаты: болашақ мұғалімдердің кәсіби құндылықтарды саналы түрде қабылдауы, оларды күнделікті педагогикалық өмірде қолдануға бағыттау.

Тапсырма: сіз үшін кәсіби тұрғыдан маңызды құндылықтар қандай? Олар сіздің тұлғалық болмысыңызға қандай әсер етеді? Алдағы уақытта қандай құндылықтарды өз бойыңызда дамытуға ұмтылыс жасайсыз?

Кері байланыс: білім алушылар өз жауаптарын талқылап, педагогикалық құндылықтар туралы ойларымен бөліседі. Оқытушы білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін түсініп, кәсіби болмысты қалыптастыру үшін ең маңызды құндылықтармен байланыс орнатады.

«Қателіктермен жұмыс істеу» тапсырмасы

Мақсаты: білім алушыларға қателіктерді дұрыс қабылдауды және олардан сабақ алуды үйрету.

Тапсырма: сіздің педагогикалық тәжірибеңізде кездескен қиындықтар мен қателіктерді сипаттап, олардан қандай сабақ алғаныңызды айтып беріңіз. Болашақта осы қателіктерді болдырмау үшін қандай қадамдар жасауды

жоспарлайсыз?

Кері байланыс: білім алушылардың қателіктерін мойындап, оларды түзету жолдарын талқылауы маңызды. Оқытушы болашақта кездесетін қиындықтар мен қиын жағдайларға дайын болу үшін қажетті білімдер мен дағдыларды игеруге көмектеседі.

«Командалық жұмыс» тапсырмасы

Мақсаты: болашақ мұғалімдердің командалық жұмыс дағдыларын дамыту, әріптестермен тиімді өзара әрекеттесуге дайын болуға жетелеу.

Тапсырма: топпен жұмыс істеу барысында қандай қиындықтарға тап болдыңыз? Бұл қиындықтарды шешу үшін қандай амалдар қолдандыңыз? Командалық жұмыс сіздің кәсіби болмысыңызға қандай әсер етті?

Кері байланыс: бұл тапсырма білім алушылардың бір-бірімен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Оқытушы білім алушылардың топтық жұмыстағы өзара қарым-қатынастарын талдап, командалық жұмыстың педагогикалық қызметте маңызды екенін түсіндіреді.

«Эмоционалды интеллект» тапсырмасы

Мақсаты: білім алушыларды эмоционалды интеллектіні дамытуға бағыттау, өз эмоцияларын басқару және басқалардың эмоцияларына назар аудару.

Тапсырма: сіздің педагогикалық тәжірибеңізде жиі туындайтын эмоциялар қандай? Эмоционалды жағдайларды басқару үшін қандай әдістерді қолданасыз? Өз эмоцияларыңызбен жұмыс істеудің тиімді тәсілдері туралы ой бөлісіңіз.

Кері байланыс: оқытушы білім алушылардың эмоционалды жағдайларына көңіл бөліп, олардың эмоцияларын түсіну мен басқару жолдарын талқылайды. Бұл тапсырма болашақ педагогтардың эмоционалды тұрақтылығын қалыптастыруға көмектеседі.

«Қоғамдық пікір» тапсырмасы

Мақсаты: білім алушылардың қоғамдағы өз орны мен рөлі туралы түсініктерін қалыптастыру, педагогикалық қызметтің әлеуметтік маңыздылығын тереңдету.

Тапсырма: сіз мұғалім ретінде қоғамда қандай рөл атқарасыз? Қоғамға қандай үлес қосуды көздейсіз? Сіздің кәсіби қызметіңіз қоғамға қандай әсер етеді деп ойлайсыз?

Кері байланыс: оқытушы білім алушылардың қоғамдағы мұғалім рөлі туралы пікірлерімен бөлісуіне мүмкіндік береді. Бұл тапсырма болашақ мұғалімдердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

«Кәсіби даму жоспары» тапсырмасы

Мақсаты: білім алушылардың болашақ кәсіби даму жоспарын құру дағдыларын дамыту, олардың өзіндік дамуына бағыттау.

Тапсырма: алдағы 5 жылда өзіңізді кәсіби тұрғыдан қалай көресіз? Сіздің даму жоспарыңыз қандай болуы керек? Қандай дағдыларды жетілдіру қажет деп ойлайсыз?

Кері байланыс: оқытушы білім алушыларға өздерінің кәсіби даму жоспарын нақтылап, болашақтағы мақсаттарға жету жолындағы қадамдарды анықтауға

көмектеседі. Бұл тапсырма білім алушылардың өздерін болашақ педагог ретінде қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Бұл тапсырмалар болашақ мұғалімдердің тұлғалық және кәсіби дамуына оң әсерін тигізіп, олардың білім беру саласында тиімді жұмыс істеуге дайын болуына ықпал етеді.

Жалпы, кейс-стадилер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлығы мен олардың тұлғалық болмысын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Олар студенттерге нақты өмірлік жағдайларға дайын болуға, кәсіби дағдыларды жетілдіруге және өз іс-әрекетін тұрақты түрде бағалап, рефлексия жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру мақсатында біз ұсынған кейс-стадилер, педагогикалық дайындықтың сапасын арттырудағы тиімді құралдардың бірі ретінде қарастырылады. Олай болса, зерттеу барысында жүргізілген кейс-стадилердің бірнеше түрлерін сипаттаймыз.

1-Кейс-стади. «Әріптестермен ынтымақтастық. Бірлескен сабақ

Мәселе: бастауыш сынып мұғалімі Айнұр, жаңа пән бойынша шығармашылық тапсырма жасауды жоспарлап отыр. Ол оқушыларды топтарға бөлу және әртүрлі дағдыларын дамыту мақсатында кросс-дисциплинарлы тапсырмалар құрастырады. Бірақ ол әріптестеріне өз идеяларын ұсынғанда, олар бұл тәсілдің тиімділігіне күмәнмен қарайды.

Мақсат: мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке дайын болуы, бірлескен жұмыс, әріптестермен пікір алмасу, шығармашылық қабілеттерін көрсету және оларды тыңдай отырып, қажетті шешімдер қабылдау қабілетін дамыту.

Сұрақтар:

1. Айнұр өз идеяларын әріптестеріне қалай ұсыну керек?
2. Мұғалімдердің пікірін ескере отырып, қалай жауап беру керек?
3. Оқушылардың топтық жұмысын ұйымдастыруда қандай қиындықтар туындауы мүмкін, және оларды қалай жеңуге болады?

2-Кейс-стади. «Сабақтағы эмоционалды тұрақтылық»

Мәселе: бастауыш сынып мұғалімі Айдана сабақ өткізіп жатқанда, бір оқушы тәртіпсіздік жасап, сыныптың көңіл-күйін бұзады. Айдана өзінің эмоцияларына ие бола алмай, қатал жауап қайтарады. Бірақ кейін ол оқушының да қиын жағдайы болғанын түсінеді және сабағын қалай жақсартуға болатыны туралы ойланады.

Мақсат: тұлғалық болмыс пен эмоционалды интеллектінің дамуы, кәсіби іс-әрекетке даярлықты арттыру, қиын жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдау.

Сұрақтар:

1. Айдана оқушының тәртібімен байланысты эмоциялармен қалай жұмыс істеу керек?
2. Сабақ барысында эмоционалды тұрақтылықты қалай сақтау қажет?
3. Мұғалім оқушыларға қолдау көрсетуді қалай үйлестіре алады?

3-Кейс-стади. «Педагогикалық шығармашылық пен инновация»

Мәселе: бастауыш сынып мұғалімі Гүлмира, оқушыларды қызықтырып, жаңа әдістерді енгізу үшін интерактивті сабақтар өткізуді жоспарлайды. Бірақ кейбір дәстүрлі мұғалімдер оның жаңа әдістеріне күмәнмен қарап, оны сыныпта қолдануға қарсы болады.

Мақсат: кәсіби іс-әрекетке даярлаудың бөлігі ретінде инновациялық әдістерді қабылдауды дамыту, шығармашылық қабілеттілікті көрсету.

Сұрақтар:

1. Гүлмира инновациялық әдістерді басқа мұғалімдерге қалай түсіндіре алады?

2. Мұғалімдер арасында шығармашылықты қолдауға қалай жағдай жасауға болады?

3. Интерактивті және дәстүрлі әдістер арасындағы баланысты қалай сақтау керек?

4-Кейс-стади. «Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу»

Мәселе: бастауыш сынып мұғалімі Мәдина өзінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында қосымша курстар мен тренингтерге қатысуды бастайды. Оның әріптестері оның қызығушылығын қолдайды, бірақ бұл бағытта нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін Мәдинаға не істеу керек?

Мақсат: болашақ мұғалімдер үшін кәсіби өсу мен өзін-өзі дамыту қажеттілігі, тұлғалық болмыстың қалыптасуы.

Сұрақтар:

1. Мәдина кәсіби өсу үшін қандай әдістерді қолдана алады?

2. Өзін-өзі дамыту процесін қалай ұйымдастыруға болады?

3. Тренингтер мен курстардың тиімділігін қалай бағалауға болады?

Қорыта келе, біз ұсынған әдістердің мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өз кәсіби қызметін терең талдауға, өз тәжірибесіне сын көзбен қарап, оның нәтижелерін бағалауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс болашақ бастауыш мұғалімдердің өзін-өзі тануы мен өзіндік дамуына әсер етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейін қатыптастыру жолдары білім алушылардың тұлғалық болмыстың қалыптасуы мен кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейіне жетуде білім алушылардың мотивациялары жоғарлап, білімдері жоғарлайды, өз әрекеттеріне сыни көзбен қарап, тәжірибесі үздіксіз жетіледі. Сонымен бірге, біз ұсынған әдістер барысында шығармашылық және интуитивті ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етіп, білім берудің әртүрлі аспектілерін тиімді меңгеруге бағыттайды. Осылайша, олар болашақ мұғалімнің өз жұмысында әлеуметтік, психологиялық және кәсіби жауапкершілікті сезінуін тереңдетіп, оқыту үдерісін жоғарғы деңгейде жүзеге асыруға септігін тигізеді.

2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру нәтижесі

Бұл бөлімде І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің және Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің болашақ мұғалімінің кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы тұлғалық болмысын қалыптастыру бағытында ұйымдастырылған қалыптастырушы эксперименттен кейінгі білім алушылардың тұлғалық болмысының қалыптасу деңгейлерінің өзгерісі анықтап, бақылау кезеңінің нәтижелерін талдадық.

Тәжірибелік-эксперименталды жұмысқа І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінен бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2-3 курстарынан 78 білім алушы қатысты. Бақылау тобын Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 3-4 курстарынан 75 білім алушы қатысты.

Бақылау эксперименті барысында болашақ бастауыш сынып педагогтарының қалыптастырушы эксперименттен кейінгі тұлғалық болмысының қалыптасу деңгейлерінің өзгерісі анықталды.

Бақылау экспериментінің мақсаты: болашақ мұғалімінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру үшін ұсынған модельдің, әдістемеміздің тиімділігін дәлелдеп, қалыптастырушы эксперименттен кейінгі тұлғалық болмысының қалыптасу деңгейлерінің өзгерісін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін анықтаушы экспериментте қолданылған диагностикалық әдістемелер мен сауалнамалар қайта білім алушыларға берілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың қалыптастырушы эксперименттен кейінгі өзгерісін анықтау төмендегідей диагностикалық әдістер арқылы жүзеге асты және оны 16- кестеде ұсынып отырмыз.

Кесте 16 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлуда тұлғалық болмысын қалыптастырудың деңгейін анықтауға арналған диагностикалық әдістер

Компоненттер	Әдістер
1	2
Мотивациялық-мақсаттылық	1.М.Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» сауалнамасы; 2. К. Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикасы.
Танымдық	3.А.В. Лазукин мен Н.Ф. Калининнің «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесі бойынша бейімделген сауалнама; 4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмыс туралы білімдерін анықтауға арналған авторлық тест тапсырмалары.

1	2
Бағалаушылық-рефлексиялық	5.С.Р. Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасы; 6. Кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмысты білім алушылардың бағалауы мен рефлексия жасауға арналған тапсырмалар.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың қалыптастырушы эксперименттен кейінгі мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейлеріндегі өзгерісін М.Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» атты сауалнамасы арқылы анықтадық.


М.Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» атты сауалнаманың нәтижесі 17- кестеде бейнеледік.

Кесте 17 - М. Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі білім алушылардың тұлғалық болмысының қалыптасуының мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейлері

Таңдалған құндылықтар	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Рухани адамгершілік қасиеті	2 5	32, 05	4 2	53,8 5	11	14,1 0	5	6,67	13	17,3 3	57	76,0
Кәсіби әрекетке бейімделуі	2 9	37, 18	3 9	50,0 0	10	12,8 2	7	9,33	7	9,33	61	81,3
Өзін-өзі дамыту мен жетілдіру	1 9	24, 36	5 0	64,1 0	9	11,5 4	11	14,6 7	0	0,00	64	85,3
Өзіне сенімділігі	2 1	26, 92	4 3	55,1 3	14	17,9 5	6	8,00	11	14,6 7	58	77,3
Кәсіби шеберлікке ұмтылысы	2 3	29, 49	3 5	44,8 7	20	25,6 4	0	0,00	12	16,0 0	63	84,0
Жаңашылдыққа қызығушылығы	2 4	30, 77	3 6	46,1 5	18	23,0 8	8	10,6 7	12	16,0 0	55	73,3
Көзқарасын сенімді және мазмұнды жеткізе білу	2 8	35, 90	3 5	44,8 7	15	19,2 3	2	2,67	14	18,6 7	59	78,7
Орта көрсеткіші:	2 4, 1	31, 0	4 0, 0	51,3	13, 9	17,8	5,6	7,4	9,9	13,1	59, 6	79,4

М. Рокичтің әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненті бойынша жоғары, орташа, төмен деңгейлері негізінде өлшемдеріне сүйене отырып, бақылау тобы мен

эксперименттік топтарының пайыздық салыстырмалы көрсеткіштерін диаграммада келтірілді (сурет 14).



Сурет 14 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі білім алушылардың тұлғалық болмысының қалыптасуының мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейлері

Қорыта келе, бақылау және эксперименттік топ білім алушылардың көрсеткіштерін салыстырайық, бақылау тобының білім алушыларының мотивациялық-мақсаттылық компонентінің төменгі деңгейді 31%, орта деңгейді 51,3%, жоғары деңгейді 17,8,% көрсеткен. Ал эксперименттік топтың мотивациялық-мақсаттылық компонентінің жоғары деңгейін 79,4% пайызды көрсетіп отыр. Төмен деңгейдегі тек 7,4% пайызды көрсетті. Яғни, бақылау және эксперимент топтары арасындағы айталдықтай айырмашылықтар байқалады. Зерттеу барысында алынған нәтижеге сәйкес, бақылау тобына қарағанда эксперименттік топ білім алушылардың тұлғалық болмысының қалыптасуының мотивациясы 79,4 % дейін көтерілгенің көрсетті.

М. Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» әдістемесі бойынша эксперимент тобының экспериментке дейінгі және кейінгі тұлғалық болмысының қалыптасуының мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейлерінің нәтижелері 18- кестеде берілген.

Кесте 18 - М. Рокичтің «ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы» әдістемесі бойынша эксперимент тобының экспериментке дейінгі және кейінгі тұлғалық болмысының қалыптасуының мотивациялық-мақсаттылық компонентінің даму деңгейлері

Таңдалған құндылықтар	Экспериментке дейін (75 білім алушы)						Эксперименттен кейін (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Рухани адамгершілік қасиеті	42	56	29	38,67	4	5,33	5	6,67	13	17,33	57	76,0

18 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Кәсіби әрекетке бейімделуі	42	56	25	33,3 3	8	10,6 7	7	9,33	7	9,33	61	81,3
Өзін-өзі дамыту мен жетілдіру	48	64	21	28	6	8	11	14,6 7	0	0,00	64	85,3
Өзіне сенімділігі	52	69,3 3	18	24	5	6,67	6	8,00	11	14,6 7	58	77,3
Кәсіби шеберлікке ұмтылысы	51	68	17	22,6 7	7	9,33	0	0,00	12	16,0 0	63	84,0
Жаңашылдыққа қызығушылығы	46	61,3 3	20	26,6 7	9	12	8	10,6 7	12	16,0 0	55	73,3
Көзқарасын сенімді және мазмұнды жеткізе білу	54	72	10	13,3 3	11	14,6 7	2	2,67	14	18,6 7	59	78,7
Орта көрсеткіші:	48	63,8 1	20	26,6 7	7	9,52	5,6	7,4	9,9	13,1	59,6	79,4

Кестеден көріп отырғанымыздай, эксперименттік топ білім алушылардың экспериментке дейінгі мотивациялық-мақсаттылық компонентінің төменгі деңгейі 63,81%, орта деңгейі 26,67%, жоғары деңгейі 9,52% ғана көрсетсе, ал эксперименттен кейінгі мотивациялық-мақсаттылық компонентінің жоғары деңгейі 79,4% жоғарлап, төмен деңгейі 7,4%-ға төмендеген. Яғни, бақылау және эксперимент топтары арасындағы айталдықтай айырмашылықтар байқалады. Зерттеу барысында алынған нәтижеге сәйкес, бақылау тобына қарағанда эксперименттік топ білім алушылардың тұлғалық болмысының қалыптасуының мотивациясы 79,4 % дейін көтерілгенің көрсетті.


Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі даму деңгейіндегі өзгерісін анықтау мақсатында келесі К.Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикалық әдістемесін қолдандық.

К.Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикалық әдістемесін нәтижесі келесі 19- кестеде берілген.

Кесте 19 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі даму деңгейі

Шкалалар атауы	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Қарым-қатынас	35	44,87	28	35,90	15	19,23	5	6,67	16	21,33	54	72,00
Мамандыққа деген қызығушылықты ояту	28	35,90	31	39,74	19	24,36	3	4,00	15	20,00	57	76,00
Кәсіби құндылық	30	38,46	28	35,90	20	25,64	0	0,00	14	18,67	61	81,33
Шығармашылық белсенділік	29	37,18	20	25,64	29	37,18	14	18,67	3	4,00	58	77,33
Оқу-танымдық іс-әрекет	21	26,92	33	42,31	24	30,77	9	12,00	2	2,67	64	85,33
Әлеуметтік және тұлғалық бедел	36	46,15	12	15,38	30	38,46	7	9,33	8	10,67	60	80,00
Орта көрсеткіші:	30	38,25	25	32,48	23	29,27	6	8,45	10	12,89	59	78,67

Бақылау және эксперименттік топ білім алушыларының К.Замфирдің тұлғалық мотивациялық-құрылымының диагностикалық әдістемесі бойынша оладың кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысының қалыптасуының эксперименттен кейінгі даму деңгейін 15-суретте диаграмма түрінде бейнелейік.



Сурет 15 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық болмысының қалыптасуының эксперименттен кейінгі даму деңгейі


Қорыта келе, М.Рокичтың критерилері бойынша бақылау топтарының мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің орташа көрсеткіші бойынша даму деңгейінің төмен деңгейін 38,25%, орта деңгейін 32,48 %, жоғары деңгейін 29,27% көрсетсе, эксперименттік топтың білім алушылардың тұлғалық мотивациясының жоғары деңгейі 78,67 % көтеріліп, төменгі деңгейі 8,45 % төмендеген.

Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің салыстырмалы көрсеткішін келесі 20-кестеде бейнеледік.

Кесте 20 - Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдері

Шкалалар атауы	Экспериментке дейін (75 білім алушы)						Эксперименттен кейін (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Қарым-қатынас	51	68,00	15	20,00	9	12,00	5	6,67	16	21,33	54	72,00
Мамандыққа деген қызығушылықты ояту	48	64,00	22	29,33	5	6,67	3	4,00	15	20,00	57	76,00
Кәсіби құндылық	53	70,67	18	24,00	4	5,33	0	0,00	14	18,67	61	81,33
Шығармашылық белсенділік	45	60,00	19	25,33	11	14,67	14	18,67	3	4,00	58	77,33
Оқу-танымдық іс-әрекет	43	57,33	22	29,33	10	13,33	9	12,00	2	2,67	64	85,33
Әлеуметтік және тұлғалық бедел	46	61,33	17	22,67	12	16,00	7	9,33	8	10,67	60	80,00
Орта көрсеткіші:	48	63,56	19	25,11	8	11,33	6	8,45	10	12,89	59	78,67

Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейлерін келесі 16 суретте диаграмма ретінде бейнеледік.



Сурет 16 - Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың мотивациялық-мақсаттылық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдері

Қорыта келе, эксперименттік топ білім алушылардың экспериментке дейінгі мотивациялық-мақсаттылық компонентінің төменгі деңгейі 63,56%, орта деңгейі 25,11%, жоғары деңгейі 11,33% ғана көрсетсе, ал эксперименттен кейінгі мотивациялық-мақсаттылық компонентінің жоғары деңгейі 78,67% артып, орта деңгейі 12,89%, төмен деңгейі 8,45%-ға тазайған.


Келесі кезеңде қолданылған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі даму деңгейіндегі өзгерісін айқындау үшін білім алушыларға А.В. Лазукиннің мен Н.Ф. Калининнің бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесі қайта берілді. А.В. Лазукиннің мен Н.Ф. Калининнің бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің мазмұны Ә қосымшасында берілген.

Қалыптастыру экспериментінен соң жүргізілген А.В. Лазукиннің мен Н.Ф. Калининнің бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің критерилері бойынша танымдық компонентінің даму деңгейлері бойынша өзгерістерін төмендегі 21- кестеден көруге болады.

Кесте 21 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі даму деңгейі

Шкалалар атауы	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Уақытқа бағдарлану шкаласы	32	41,03	20	25,64	26	33,33	0	0	17	22,67	58	77,33
Құндылықтар шкаласы	25	32,05	25	32,05	28	35,90	5	6,67	10	13,33	60	80,00
Қоршаған орта сына жағымды және жағымсыз көзқарас шкаласы	15	19,23	33	42,31	30	38,46	10	13,33	16	21,33	49	65,33
Танымдық шкаласы	29	37,18	16	20,51	33	42,31	2	2,67	20	26,67	53	70,67
Шығармашылыққа ұмтылыс шкаласы	30	38,46	19	24,36	29	37,18	0	0	21	28,00	54	72,00
Өзін-өзі белсендіре алу шкаласы	14	17,95	38	48,72	26	33,33	4	5,33	9	12,00	62	82,67
Өзін-өзі түсіну шкаласы	33	42,31	28	35,90	17	21,79	0	0	29	38,67	46	61,33
Орта көрсеткіші:	25	32,6	26	32,78	27	34,61	3	4	17	23,24	55	72,76

Бақылау және эксперимент топтарының тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейлерінің орташа көрсеткішін келесі 17 -суретте диаграммада көрсеттік.



Сурет 17 - Бақылау және эксперимент топтарының тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейлерінің орташа көрсеткіші

Жоғарыда берілген кесте мен диаграмма бойынша бақылау тобында эксперименттен кейін жоғары деңгейді 34,61% көрсетсе, эксперименттік топта эксперименттен кейін 72,76% пайызға өсу деңгейі байқалды. Орташа деңгейді бақылау тобы 32,78% пайызды көрсетсе, эксперименттік топ 23,24 % көрсетті. Сонымен қатар, бақылау тобында төмен деңгей тәжірибеден кейін 32,60% болса, эксперимент топта 4% төмендеген.

Бақылау кезеңінің нәтижесі бойынша жоғары деңгейі басым білім алушылар белсенді, кәсіби шеберлікке ұмтылысымен, жаңашылдыққа қызығушылығымен, көзқарасын сенімді және мазмұнды жеткізе білуімен, іздеумен, білім, білік, дағды сапаларын игеруімен ерекшеленді. Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі эксперимент топта айтарлықтай өзгешеліктер байқалып, оң динамиканы көрсетті.


Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің салыстырмалы көрсеткішін келесі 22- кестеде бейнеледік.

Кесте 22 - Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдері

Шкалалар атауы	Экспериментке дейін (75 білім алушы)						Эксперименттен кейін (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Уақытқа бағдарлану шкаласы	43	57,33	27	36,00	5	6,67	0	0	17	22,67	58	77,33
Құндылықтар шкаласы	47	62,67	21	28,00	7	9,33	5	6,67	10	13,33	60	80,00
Қоршаған орта сына жағымды және жағымсыз көзқарас шкаласы	51	68,00	16	21,33	8	10,67	10	13,33	16	21,33	49	65,33
Танымдық шкаласы	42	56,00	27	36,00	6	8,00	2	2,67	20	26,67	53	70,67
Шығармашылыққа ұмтылыс шкаласы	44	58,67	22	29,33	9	12,00	0	0	21	28,00	54	72,00
Өзін-өзі белсендіре алу шкаласы	50	66,67	17	22,67	8	10,67	4	5,33	9	12,00	62	82,67
Өзін-өзі түсіну шкаласы	53	70,67	12	16,00	10	13,33	0	0	29	38,67	46	61,33
Орта көрсеткіші:	48	62,86	19	27,05	8	10,10	3	4	17	23,24	55	72,76

Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық

компонентінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің салыстырмалы көрсеткішін келесі 18-суреттегі диаграмма арқылы бейнеледік.



Сурет 18 - Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Қорыта келе, эксперимент тобының эксперименттен кейінгі көрсеткіштері экспериментке дейінгіге қарағанда әлде қайда жоғары болды. Мәселен, экспериментке дейін танымдық компонентінің жоғары деңгейі 10,10 % болса, эксперименттен кейін ол 72,76 % -ға жоғарлады. Ал төменгі деңгейі экспериментке дейін 10,10 % болса, эксперименттен кейін ол 4 % -ға төмендеген. Осыдан эксперимент топта таным қажеттілігі шкаласының өсу динамикасын байқауға болады. Яғни тұлғаның белсенділік деңгейінің жоғарылауы. Осы шкаланың жоғарғы көрсеткіші тұлғаның болмысын тануды көрсетеді. Ол дегеніміз жаңашылдыққа ұмтылу мен белгілі бір нысанға деген қызығушылық таныту. Осындай өсу динамикасы эксперимент топтарының уақытқа бағдарлану шкаласы, танымдық шкаласы, шығармашылыққа ұмтылыс шкаласы, өзін-өзі белсендіре алу шкаласы, өзін-өзі түсіну шкалаларынан байқалады. Бұл шкала бойынша жоғары деңгейде ұпай жинаған тұлғалар тұлғааралық қарым-қатынасқа икемді, өзін басқару мен өтірік айтуға жол бермеуімен, өзін көрсете алу қабілетімен ерекшеленді. Сонымен қоса, өсу өзін-өзі түсіну шкаласынан да байқалады. Шкалалардың жоғары деңгейдегі көрсеткіші тұлғаның құштарлығы мен қажеттілігіне деген сезімталдығын сензитивтілігін көрсетті.

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейіндегі өзгерісін және білім алушылардың кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмыс туралы білімдерін анықтау мақсатында тест тапсырмалары берілді.

Білім алушыларға берілген тест тапсырмалары:

Жеке тұлға:

- A) Индивид
- B) Қоғамдық мәндегі адам
- C) Еңбексүйгіш адам
- D) Әділ адам
- E) Азаматтық позициясы жоғары адам

Жеке тұлғаның объективті қоғамдық қатынасқа икемделуі:

- A) Әдет
- B) Дағды
- C) Даму
- D) Әлеуметтену
- E) Іскерлік

Жеке тұлғаның дамуындағы негізгі қозғаушы күшіне жататындар:

- A) Тұқымқуалаушылық
- B) Тәрбиенің принциптері
- C) Тәрбие әдісі
- D) Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі
- E) Қарама-қайшылық

Мұғалімнің профессиограммасына жатпайды:

- A) Болашақ маман жұмысының түрі мен жағдайларына қысқаша сипаттама
- B) Кәсіби қажеттіліктің нормативтері мен көрсеткіштері
- C) Жас маман таңдауға құралған бағалау шкалалары
- D) Болашақ кәсіби мұғалімдерді даярлауға қойылатын талаптар
- E) Мұғалімдерді даярлау мақсатындағы приоритеттердің алмасуы

Жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесі неге байланысты емес:

- A) Тұқымқуалаушылыққа
- B) Оқу әректінің сипатына
- C) Оқулықтың сапасына
- D) Оқытушының талантына
- E) Табиғат жағдайына

Тәрбие принциптеріне жататындар:

- A) Тұқым қуалаушылық әсері
- B) Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі саналылық қажеттіліктің сәйкестілігі
- C) Ортаның әсері
- D) Ойын іс-әрекетіне қатысу
- E) Жеке тұлғаның қалыптасу процесі

Тәрбиенің мақсты:

- A) Тәрбиені гуманизациялау
- B) Тәрбиені гуманистторландыру
- C) Еңбек және политехникалық білім беру
- D) Эстетикалық тәрбие
- E) Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы

Кәсіптік әрекет, ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсететін педагогтың тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы

- A) Педагогикалық жоспарлау
- B) Педагогикалық басқару
- C) Педагогикалық шеберлік
- D) Кәсіптік әрекет
- E) Тұлғаның гуманистік бағыттылығы

Мұғалімге оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды қасиетті кәсіби білім, білік, дағдылардың жиынтығы

- A) Педагогикалық шеберлік
 - B) Педагогикалық қабілет
 - C) Практика
 - D) Педагогикалық теория
 - E) Педагогикалық қызмет
- Педагогтың кәсіби шеберлігін дамытудың негізі

- A) Педагогтың сыртқы келбеті
- B) Қоршаған орта
- C) Кәсіптік білім
- D) Өмірлік тәжірибе
- E) Азаматтық позиция

Тест тапсырмаларының нәтижесін төмендегі 23- кестеден көруге болады.

Кесте 23 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің даму деңгейіндегі өзгерістер


Атауы	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Тест	17	21,79	37	47,44	24	30,77	0	0	11	14,67	64	85,33

Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің салыстырмалы көрсеткішін келесі 24 кестеде бейнеледік (тест нәтижесі).

Кесте 24 - Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің салыстырмалы көрсеткіші

Атауы	Экспериментке дейін (75 білім алушы)						Эксперименттен кейін (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Тест	17	21,79	37	47,44	24	30,77	0	0	11	14,67	64	85,33

Эксперимент нәтижесінде білім алушылардың танымдық белсенділігінің айтарлықтай жақсарғанын көруге болады. Экспериментке дейін орта деңгейде болған білім алушылардың көпшілігі жоғары деңгейге көтерілген, ал төмен деңгейдегі білім алушылар мүлдем жоқ. Бұл эксперименттің тиімділігін және оның тұлғалық болмысын қалыптасудағы ықпалының жоғары екендігін 19-суретте көрсетеміз.



Сурет 19 - Эксперимент тобының тұлғалық болмысын қалыптастырудың танымдық компонентінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің (тест нәтижесі) салыстырмалы диаграммасы

Қорыта келе, тест тапсырмаларының нәтижесі эксперимент тобының эксперименттен кейінгі көрсеткіштері экспериментке дейінгіге қарағанда жоғарылағандығын көрсетті. Яғни, экспериментке дейін танымдық компонентінің жоғары деңгейі 30,77 % болса, эксперименттен кейін ол 85,33 % жоғарылады. Ал төменгі деңгейі экспериментке дейін 21,79 % болса, эксперименттен кейін төмен деңгейді көрсеткендер болмады. Бұдан біз эксперимент тобының кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмыс туралы білімдерінің жақсарғанын көрсетеді.

Келесі кезеңде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейіндегі өзгерісін айқындау мақсатында Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасы бақылау және эксперимент топтарына қайта берілді. Тест-сауалнаманың мазмұны А-қосымшасында берілген.

Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасы» бақылау және эксперимент топтарының нәтижесі келесі 25-кестеде берілді.

Кесте 25 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейлері

Шкалалар атауы	Бақылау тобы (78 білім алушы)						Эксперименттік топ (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Өзін-өзі сыйлауы	25	32,0	19	24,3	34	43,59	6	8,00	11	14,67	58	77,33
Аутосимпатия	31	39,7	21	26,9	26	33,33	12	16,00	3	4,00	60	80,00
Өзіне басқалардан күтетін қатынасы	20	25,6	35	44,8	23	29,49	17	22,67	6	8,00	52	69,33
Өзіне қызығушылығы	34	43,5	12	15,3	32	41,03	5	6,67	15	20,00	55	73,33
Өзіне сенуі	29	37,1	28	35,9	21	26,92	9	12,00	5	6,67	61	81,33
Өзін-өзі қабылдауы	30	38,4	20	25,6	28	35,90	4	5,33	18	24,00	53	70,67
Өзін-өзі басқаруы	35	44,8	9	11,5	34	43,59	11	14,67	7	9,33	57	76,00
Өзіне қызығушылығы	22	28,2	28	35,9	28	35,90	5	6,67	16	21,33	54	72,00
Өзін-өзі түсінуі	29	37,1	17	21,7	32	41,03	11	14,67	5	6,67	59	78,67
Өзіне басқалардан күтетін қатынасы	26	33,3	23	29,4	29	37,18	9	12,00	3	4,00	63	84,00
Орта көрсеткіші:	28	36,0	21	27,1	29	36,80	9	11,87	9	11,87	57	76,27

Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасы» әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру барысында қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобында төмен деңгейдегі көрсеткіштерге ие болғандар 36,03%, орта деңгейдегі көрсеткіштерге 27,18%, жоғары деңгейдегі көрсеткіштерге 36,80% пайызды көрсетті. Ал эксперименттік топта жоғары деңгейді 76,27% көрсетсе, төмен деңгейді тек 11,87% көрсетті.

Бұл дегеніміз эксперименттік топтың қатысушыларында бақылау тобына қарағанда өздеріне интегралдық қатынастың көрсеткіштерінің жоғары екенін байқатады. Яғни эксперименттік топтағы қатысушылар бақылау тобына қарағанда өз-өзіне деген сенімділігі, қызығушылықтары, өзіне деген қатынастарының әлде қайда жоғары екендігін көрсетті.


Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің салыстырмалы көрсеткішін келесі 26- кестеде бейнеледік

Кесте 26 - Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдері

Шкалалар атауы	Экспериментке дейін (75 білім алушы)						Эксперименттен кейін (75 білім алушы)					
	Төмен		Орта		Жоғары		Төмен		Орта		Жоғары	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
өзін-өзі сыйлауы	54	72,00	11	14,67	10	13,33	6	8,00	11	14,67	58	77,33
аутосимпатия	56	74,67	10	13,33	9	12,00	12	16,00	3	4,00	60	80,00
өзіне басқалардан күтетін қатынасы	50	66,67	18	24,00	7	9,33	17	22,67	6	8,00	52	69,33
өзіне қызығушылығы	52	69,33	11	14,67	12	16,00	5	6,67	15	20,00	55	73,33
өзіне сенуі	49	65,33	18	24,00	8	10,67	9	12,00	5	6,67	61	81,33
өзін-өзі қабылдауы	45	60,00	24	32,00	6	8,00	4	5,33	18	24,00	53	70,67
өзін-өзі басқаруы	53	70,67	14	18,67	8	10,67	11	14,67	7	9,33	57	76,00
өзіне қызығушылығы	48	64,00	19	25,33	8	10,67	5	6,67	16	21,33	54	72,00
өзін-өзі түсінуі	43	57,33	22	29,33	10	13,33	11	14,67	5	6,67	59	78,67
өзіне басқалардан күтетін қатынасы	50	66,67	19	25,33	6	8,00	9	12,00	3	4,00	63	84,00
Орта көрсеткіші:	50	66,67	17	22,13	8	11,2	9	11,87	9	11,87	57	76,27

Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейлерінің (Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын

анықтау тест-сауалнамасы») салыстырмалы диаграммасын 20- суретте бейнеледік.



Сурет 20 - Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Қорыта келе, Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасының нәтижесі эксперимент тобының эксперименттен кейінгі көрсеткіштері экспериментке дейінгіге қарағанда жоғарлағандығын көрсетті. Яғни, экспериментке дейін бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің жоғары деңгейі 11,2 % болса, эксперименттен кейін ол 76,27 % - ға жоғарлады. Ал төменгі деңгейі экспериментке дейін 66,667 % болса, эксперименттен кейін 11,87% төмендеген. Бұдан біз эксперимент тобының өзін-өзі сыйлаулары, аутосимпатиялары, өзіне басқалардан күтетін қатынасы, өзіне қызығушылығы, өзіне сенуі, өзін-өзі қабылдауы, өзін-өзі басқаруы, өзіне қызығушылығы, өзін-өзі түсінуі, өзіне басқалардан күтетін қатынасы оң динамиканы көрсетті.

Жалпы алғанда, эксперименттің нәтижесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлық деңгейі айтарлықтай жақсарып, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттері оң өзгерістерге ұшырады. Эксперименттің тиімділігі білім алушылардың тұлғалық дамуына жағымды ықпал еткенін және олар өздеріне деген сенімділікті, өзін-өзі сыйлауды арттырғанын көрсетеді

Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейіннің өзгерісін анықтау мақсатында кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмысты білім алушылардың бағалауы мен рефлексия жасауға арналған тапсырмалар берілді.

1-жобалық тапсырма. «Менің кәсіби болмысым»

Мақсаты: Студенттің өз тұлғалық және кәсіби болмысын түсініп, оны дамыту жолдарын анықтау.

Жобаның тапсырмасы:

1. Өзінің қазіргі кәсіби болмысын сипаттап жазыңыз (Мысалы: өзіңіздің педагогикалық философияңызды, мұғалім ретіндегі күшті және әлсіз жақтарыңызды, кәсіби құндылықтарыңызды).

2. Болашақ мұғалім ретінде өзіңіздің тұлғалық қасиеттеріңізді қалай дамытуға болатыны туралы жазбаша жоспар құрыңыз.

3. Өз рефлексияңызды қосып, қазіргі кездегі өз даму деңгейіңізді бағалаңыз.

Күтетін нәтиже: Студент өз тұлғасын кәсіби бағытта дамытуды түсініп, нақты даму жолдарын жоспарлайды.

2-жобалық тапсырма. «Рефлексиялық портфолио»

Мақсаты: Студенттердің рефлексия жасау және кәсіби іс-әрекетке қатысты өзін бағалау қабілетін дамыту.

Жобаның тапсырмасы:

1. Курс барысында алынған білімдер мен дағдылардың кәсіби даму үшін маңыздылығын талқылаңыз.

2. Күнделікті сабақ барысында немесе практикалық тәжірибелер кезінде орын алған маңызды оқиғалар мен жағдайларды сипаттап, өз іс-әрекетіңізге қатысты рефлексия жасаңыз.

3. Өз іс-әрекетіңізді бағалау үшін белгілі бір критерийлерді (мысалы, педагогикалық әдіс-тәсілдер, оқу процесін басқару, коммуникативтік дағдылар) пайдаланып, өзін-өзі бағалау жүйесін енгізіңіз.

Күтетін нәтиже: Студенттің өз іс-әрекетін бағалауға қабілеттілігі дамып, рефлексия жасау дағдысы қалыптасады.

3-рефлексиялық тапсырма. «Цифрлық платформалар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыру»

Тапсырманың мақсаты: Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби тұлғалық болмысын дамыту мақсатында цифрлық платформалар арқылы рефлексия жасау және педагогикалық құзыреттіліктерін нығайту.

Тапсырма құрылымы:

1. Рефлексиялық бейнемазмұн

- Студенттерге цифрлық платформаларды (мысалы, Padlet, Kahoot, Google Classroom) пайдалану арқылы бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысы туралы бейнемазмұн ұсыну.

- Бұл бейнемазмұнда педагогикалық құзыреттіліктің, тұлғалық қасиеттердің, қарым-қатынас дағдыларының маңыздылығы туралы түсінік беріледі.

2. Цифрлық құралдармен жұмыс

- Студенттерге әртүрлі цифрлық платформаларда педагогикалық жағдайлар мен сценарийлерді қолдана отырып, өздерінің тұлғалық болмыстары туралы жазбаша немесе бейнемазмұн түрінде пікір білдіру тапсырмасы беріледі.

- Мысалы, Google Docs немесе Jamboard арқылы өздерінің бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеудегі тұлғалық қасиеттерін дамыту жолдарын жазу.

3. Педагогикалық жағдайды талдау

- Студенттерге берілген нақты педагогикалық жағдайды талдап, өздерінің тұлғалық болмысын дамыту үшін цифрлық платформалар арқылы қолданылатын шешімдерді ұсыну ұсынылады.

- Бұл тапсырмада жеке рефлексия жасау, әртүрлі платформаларда өз шешімдерін ұсынып, әрқайсысына түсініктеме беру керек.

4. Қорытынды рефлексия

- Студенттер өз жұмыстарының нәтижесін цифрлық құралдарда қорытындылап, өткен материалдар мен тапсырмаларға қатысты алған білімдерін, жетістіктерін және келешекте өздерінің тұлғалық болмысын қалай дамытуды жоспарлайтындығын баяндау қажет.

- Мұнда студенттер жеке тұлға ретінде дамудың, цифрлық құралдарды пайдалану барысында алған білімдерін қалай пайдаланатынын көрсетуі тиіс.

Рефлексия сұрақтары:

- Өз кәсіби тұлғалық болмысыңызды дамыту үшін қандай цифрлық платформаларды қолдануға болады?

- Бастауыш сынып мұғалімі ретінде тұлғалық қасиеттерді дамытуда цифрлық платформалардың тиімділігі қандай?

- Сізге ұсынылған педагогикалық жағдайларды талдау барысында қандай цифрлық құралдармен жұмыс істегенде тұлғалық дағдыларды дамытуға ерекше көңіл бөлдіңіз?

- Цифрлық технологияларды қолдану арқылы тұлғалық болмысты дамыту жолдары қандай нәтижелерге әкелуі мүмкін?

Бағалау критерийлері:

1. Цифрлық платформаларды тиімді пайдалану.

2. Рефлексиялық тапсырмаларға толық жауап беру.

3. Өз пікірін жүйелі және нақты түрде баяндау.

4. Кәсіби тұлғалық болмысты қалыптастыруға бағытталған ой-пікірлердің тереңдігі мен үйлесімділігі.

4-тапсырма. «Менің мұғалім ретіндегі тұлғалық болмысым»

Мақсаты: Студенттер өздерінің педагогикалық тұлғалық бейнесін саналы түрде бағалауы және болашақ мұғалім ретінде өзін-өзі дамыту жолдарын анықтауы қажет.

Нұсқау:

1. Цифрлық платформа: Google Forms, Padlet, Mentimeter, немесе Edmodo арқылы тапсырма беріледі.

2. Тапсырманың мәтіні:

- Сіз қандай мұғалім болғыңыз келеді? Өзімнің кәсіби дамуым үшін қандай қасиеттерді дамытуым қажет деп ойлайсыз?

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде тұлғалық болмысымды дамыту үшін мен қандай іс-шаралар мен тәжірибелерге көбірек көңіл бөлуім керек?

- Педагогикалық әдістемелерді таңдау барысында сіздің жеке қасиеттеріңіз қалай әсер етеді? Мысалы, шыдамдылық, креативтілік, коммуникативтілік.

3. Жауаптарыңызды жазғаннан кейін, сіздің жауаптарыңыз негізінде өзіңіз үшін даму жоспарын құрыңыз. Бұл жоспарды да цифрлық платформаға жүктеңіз.

4. Тапсырманы орындағаннан кейін, студенттер өз ойларын рефлексиялық блог немесе онлайн пікірталас арқылы бөліседі.

Кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмысты білім алушылардың бағалауы мен рефлексия жасауға арналған тапсырмалардың нәтижесі келесі 27-кестеде берілген.

Кесте 27 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің даму деңгейі

Деңгейлері	Бақылау тобы (78 білімгер)		Тәжірибелік топ (75 білімгер)	
	Саны	%	Саны	%
Жоғары	23	29,49	0	0
Орта	29	37,18	11	14,67
Төмен	26	33,33	64	85,33


Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің салыстырмалы көрсеткішін келесі 28- кестеде бейнеледік.

Кесте 28 - Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдері

Деңгейлері	Экспериментке дейін (75 білім алушы)		Эксперименттен кейін (75 білім алушы)	
	Саны	%	Саны	%
Жоғары	9	12	64	85,33
Орта	30	40	11	14,67
Төмен	36	48	0	0

Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-

рефлексиялық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейдерінің салыстырмалы диаграммасын 21 суретте бейнеледік.



Сурет 21 - Эксперимент тобының болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі даму деңгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Қорыта келе, кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмысты білім алушылардың бағалауы мен рефлексия жасауға арналған тапсырмалардың нәтижесі эксперимент тобының эксперименттен кейінгі көрсеткіштері экспериментке дейінгіге қарағанда жоғарлағандығын көрсетті. Яғни, экспериментке дейін бағалаушылық-рефлексиялық компонентінің жоғары деңгейі 12 % болса, эксперименттен кейін ол 85,33 % -ға жоғарлады. Ал төменгі деңгейі экспериментке дейін 48 % болса, эксперименттен кейін төмен деңгейді ешкім көрсетпеді. Бұдан біз эксперимент тобының кәсіби болмыстарын түсінетіндерін, рефлексиялық портфолио жасау арқылы өздерінің іс-әрекеттерін бағалай алу біліктерінің артқандығын, сонымен қатар цифрлық платформалар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысына рефлексия жасай алатындарын көрсетті.

Эксперимент топ қатысушыларына ұсынылған әдістемелік жүйені қолданғаннан кейінгі пайыздық көрсеткішінің жоғарылауы және әдістемелік тиімділігі жөніндегі тұжырымымыздың дұрыстығын тексеру үшін және алынған нәтижелердің статистикалық тұрғыдан мәнділігін анықтау үшін Пирсонның χ^2 (хи - квадрат) критерийін пайдаландық.

Ол үшін біз жоғарыда берілген эксперимент тобының экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерін бір кестеге жинақтадық (кесте 29).

Кесте 29 – Эксперимент тобының экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелері

Әдістер	Компоне нттер	Деңгей	Экспериментке дейін (75)		Эксперименттен кейін (75)	
			саны	%	саны	%
1. Рокичтің "ЖОО білім беру үрдісінің құндылықтары мен маңызы" сауалнамасы	Мотивациялық-мақсаттылық	Жоғары	7	9,52	58	77,33
		Орта	20	26,67	17	22,67
		Төмен	48	63,81	0	0
2. К. Замфирдің тұлғалық мотивациялық құрылымының диагностикасы		Жоғары	8	11,33	59	78,67
		Орта	19	25,11	10	12,89
		Төмен	48	63,56	6	8,45
Орта көрсеткіші		Жоғары	8	10,43	59	78,00
		Орта	19	25,89	13	17,78
		Төмен	48	63,68	3	4,22
1. Лазукин мен Н.Ф. Калиннің «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесі бойынша бейімделген сауалнама	Танымдық	Жоғары	8	10,10	55	72,76
		Орта	19	27,05	17	23,24
		Төмен	48	62,86	3	4
2. Тест тапсырмалары		Жоғары	24	30,77	64	85,33
		Орта	37	47,44	11	14,67
		Төмен	17	21,79		
Орта көрсеткіші		Жоғары	16	20,44	58	79,05
		Орта	28	37,25	14	18,96
		Төмен	31	42,33	3	4,00
1. Р.Пантелеевпен В.В. Столиннің «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасы	Бағалаушылық-рефлексиялық	Жоғары	8	11,2	57	76,27
		Орта	17	22,133	9	11,87
		Төмен	50	66,667	9	11,87
2. Кәсіби іс-әрекет, тұлғалық болмысты білім алушылардың бағалауы мен рефлексия жасауға арналған тапсырмалар.		Жоғары	9	12	64	85,33
		Орта	30	40	11	14,67
		Төмен	36	48	0	0
Орта көрсеткіші		Жоғары	8,5	11,60	60	80,80
		Орта	23,5	31,07	10	13,27
		Төмен	43	57,33	5	5,94

Пирсонның χ^2 есептеу үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлау арқылы тұлғалық болмысы артады деген болжамды тексереміз.

Бастапқы болжам H_0 - болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлау арқылы тұлғалық болмысы артпайды. Ал балама болжам H_1 - болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындау арқылы тұлғалық болмысы артады.

χ^2 - критериймен $\chi^2 = \sum_{i=1}^k \frac{(f_i^1 - f_i^{\text{II}})^2}{(f_i^1 + f_i^{\text{II}})}$ формуласы бойынша есептейміз (30,31 кестелер).

Мұндағы f_i^1 және f_i^{II} - салыстырылып отырған таңдамалардың жиіліктері.

Кесте 30 - Пирсонның χ^2 есептеу нәтижелері

Компоне нттер	Деңгей	Экс. дейін	Экс. кейін	$(f_i^1 - f_i^{\text{II}})^2$	$(f_i^1 + f_i^{\text{II}})$	$\frac{(f_i^1 - f_i^{\text{II}})^2}{(f_i^1 + f_i^{\text{II}})}$	χ^2
		%	%				
Мотивац иялық- мақсатт ылық	Жоғары	10,43	78,00	4565,7	88,43	51,6307	10,25
	Орта	25,89	17,78	65,7721	43,67	1,50612	
	Төмен	63,68	4,22	3535,49	67,9	52,0691	
Танымдық	Жоғары	20,44	79,05	3435,13	99,49	34,5274	10,02
	Орта	37,25	18,96	334,524	56,21	5,95133	
	Төмен	42,33	4,00	1469,19	46,33	31,7114	
Бағалаушылық- рефлексиялық	Жоғары	11,60	80,80	4788,64	92,4	51,8251	10,03
	Орта	31,07	13,27	316,84	44,34	7,14569	
	Төмен	57,33	5,94	2640,93	63,27	41,7407	

Кесте 31 – Эксперимент тобының χ^2 критерийінің нәтижесі

Критерийлер	χ^2	q = 0,05	$\chi^2 > \chi_{0.05}^2$
Мотивациялық-мақсаттылық	10,25	$\chi_{0.05}^2(2) = 5,99$	10,25 > 5,99
Танымдық	10,02	$\chi_{0.05}^2(2) = 5,99$	10,02 > 5,99
Бағалаушылық-рефлексиялық	10,03	$\chi_{0.05}^2(2) = 5,99$	10,03 > 5,99

Критерийлер бойынша $\chi^2 > \chi_{0.05}^2$ болғандықтан мотивациялық-мақсаттылық 10,25 > 5,99 тең болды, танымдық 71,74293 > 95,99, бағалаушылық-рефлексиялық

10,02 > 5,99 тең болды, сондықтан H_0 болжамы қабылданбайды. Яғни, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысы қалыптасады деген ғылыми болжам дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың ғылыми-практикалық ой-пікірлерді жүйелі, жан-жақты талдау негізінде зерттеу нысанамыздың проблемалық тұстары сараланып, теориялық-әдіснамалық бағыттары анықталған. «Кәсіби іс-әрекетке даярлау», «Тұлға болмыс» ұғымдарының даму генезисі тарихи-дерекнамалық тұрғыдан (философ, педагог, әлеуметтанушы, психолог, т.б.) ғалымдардың ой-пікірлері жүйеленіп, педагогикалық тұрғыдан нақтыланды.

Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың мүмкіндіктері нақтыланып, соның негізінде оқу-тәрбие үрдісіндегі элективті пәннің бағдарламасы мен курсы ғылыми тұрғыдан талданып, ондағы болашақ мұғалімнің тұлғалық болмысын қалыптастырудың оқу-тәрбие үрдісіндегі негізгі бағдарламасындағы маңызды тұстары анықталды.

Зерттеу жұмысымыздың мақсат, міндеттерін орындаудағы теориялық-әдіснамалық талдаулар мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізінде келесі тұжырымдар жасалады:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында оның тұлғалық болмысын қалыптастыруға байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары мен ғылыми зерттеулеріне талдау жасау негізінде диссертациялық жұмысымыздың теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде жүйелілік, іс-әрекеттік, тұлғалық және құзыреттілік тұғырлар айқындалды.

2. Теориялық-әдіснамалық негіздерге бағдарлану арқылы кәсіби іс-әрекетке даярлауда мұғалім тұлғасын дамытуға, анықтауға және зерттеуге мүмкіндік беретін болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Аталған құрылымдық-мазмұндық моделді құрауда болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудағы оның компоненттері (мотивациялық-мақсаттылық, танымдық, бағалаушылық-рефлексиялық) өлшемдері, көрсеткіштері анықталып, олардың жоғары, орта, төмен деңгейлері мазмұндалып, эксперимент нәтижесінде сынақтан өтті.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесі: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» атты элективті курсының бағдарламасы жасалынып, оқу үдерісіне енгізілді.

4. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында алынған нәтижелер ұсынылған болжамды және моделдің болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға деген оң әсерін тигізгенін растап және оны жоғары оқу орнында пайдаланудың нәтижелілігін дәлелдеді.

Сонымен қатар, ұсынылған модельді іске асыру тиімділігі біздің зерттеуде анықталған және экспериментальді негізделген ұйымдастыру педагогикалық жағдайлар кешенін құрумен байланысты екендігі дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері тұжырымдалып, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру мақсатында келесі ғылыми негізделген *ұсыныстарды* береміз:

- «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» атты элективті курсын болашақ бастауыш мектеп мұғалімін дайындау үдерісіне енгізу және пайдалану;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруда білім алушылардың үздіксіз педагогикалық тәжірибеден өту кезінде мұғалімдері үшін авторлық мектептер ашу, ғылыми жобалар әзірлеу, авторлық бағдарламалар жасау, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендер даярлау;

- педагогтердің біліктілігін арттыру және кәсіби даму орталықтары мен институттарында, зерттелген тәжірибе негіздеріне сүйене отырып, бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыру мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік семинарлар мен педагогикалық оқулар т.б. өткізу ұсынылады.

